Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

**Б.К.Капасова**
**Б.Т.Шукоева**
**М.М.Кабасова**
**А.М.Омарова**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## 1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

(оқыту қазақ тілінде емес)

# 3

basp asy
arman-pv

АРМАН-ПВ баспасы

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ17

Капасова Б.К. ж.б.
Қ17 **Қазақ тілі**. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық (оқыту қазақ тілінде емес) 1-бөлім. / Б.К.Капасова, Б.Т.Шукоева, М.М.Кабасова, А.М.Омарова – Астана: «Arman-PV baspasy», 2026. – 144 бет.

ISBN 978-601-201-481-5
ISBN 978-601-201-480-8

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

© Капасова Б.К.,
Шукоева Б.Т.,
Кабасова М.М.,
Омарова А.М., 2026
© «Arman-PV baspasy», 2026

ISBN 978-601-201-481-5 (жалпы)
ISBN 978-601-201-480-8 (1-бөлім)

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АРМАН-ПВ баспасы

## Шартты белгілер

 – тыңдалым

 – айтылым

 – оқылым

 – жазылым

 – топтық жұмыс

 – жұптық жұмыс

 – жасап көр!

 – қосымша тапсырмалар

 Тыңдалым мәтіндерінің толық нұсқаларын 140-беттегі QR-код арқылы оқуға болады.

АРМАН-ПВ баспасы

## Алғы сөз

Қымбатты дос!

Қолыңдағы оқулық – сенің қазақ тілін үйренудегі көмекшің. Оқыған сайын сен айналаңды, табиғатты танып, жақсы мен жаманды ажыратуды үйренесің.

Уақытыңды тиімді жоспарлап, сәулет өнерінің сырларын білесің.

Сен тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінесің. Кейіпкерлерді сипаттайсың. Сұрақтар қойып, оларға жауап беруді үйренесің.

Түрлі жанрлармен танысып, өз ойыңды дұрыс жеткізуді игересің.

Жаңа сөздерді орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құруға дағдыланасың.

Қазақ тілін меңгеру – өз еліңнің мәдениетін танудың алғашқы қадамы.

Ізденуден жалықпа! Бұл жолда мұғалімің мен оқулығың – сенің сенімді серіктерің.

Саған сәттілік тілейміз!

*Ізгі тілекпен, авторлар*

АРМАН-ПВ баспасы

## 1-БӨЛІМ

# ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



**Бұл бөлімде:**

- *-ім, -ің, -іңіз, -і* қосымшаларын жалғауды;
- іс-әрекеттің болмағанын білдіретін сөздерді;
- сөздерге сұрақ қоюды;
- *ненің? несі? қандай?* сұрақтарына жауап беруді;
- *п, к, қ* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жалғауды;
- *құс+тың балапан+ы* тіркесін қолдануды;
- берілген сөздермен сөйлем құрауды;
- ойды өрбітіп, сөйлем құрауды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 131, 132-беттердегі 3, 4, 5-кестелерге сүйен.*



# 1. Күз келді, мектепке барайық!

**Бүгін үйренетініміз**

- тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеміз;
- *-ім, -ің, -іңіз, -і* қосымшаларын жалғауды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

қоңырау, сүйкімді, жыл мезгілі, күз айлары

**Назар аудар!**

менің мектеб+**ім**
сенің мектеб+**ің**
сіздің мектеб+**іңіз**
оның мектеб+**і**

**1.** Өлеңді тыңда. Ілесіп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

**Бірінші қыргүйек күнімен,**
**Аңқыған жұпар гүліммен.**
**Келіп ем, қарсы алды мектебім,**
**Сүйкімді қоңырау үнімен.**

*М.Әлімбаев*



- 1 қыргүйекте балалар қайда келді?
- Оқушыларды кім қарсы алды?
- *-ім, -і* қосымшалары жалғанған сөздерді тап.
- «Гүл» сөзін түрлендір:
  менің гүл...
  сенің гүл...
  сіздің гүл...
  оның гүл...

**2.** Тыңдалым мәтініне сай суретті тап. Суретке ат қой. Сурет бойынша әңгімеле.





**3.** Қосымшасы бар сөздерді теріп, дәптеріңе жаз.

Қоңырауы, көктем, жаз, күз, мұғалім, қыргүйек, дәптерім, оқушылары, гүлің.

**4.** Сәйкестендір. Көшіріп жаз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сенің | Сіздің | Айзеренің | Менің |
| дәптерің | мұғалімі | оқушым | тақтаңыз |

**Есте сақта**

Конституция – еліміздің ең басты заңы. Ол адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайды.

Конституция әр азаматтың білім алуына кепілдік береді.

**5.** Мектебің туралы жұбыңмен сөйлес.

– Сенің мектебің қай көшеде орналасқан?
– ...
– Сені мектепте кім қарсы алды?
– ...

Арман-ПВ баспасы

– Мектебіңде не бар?
– ...
– Сенің мектебің қандай?
– ...
– Білім күні қашан?
– ...
– Сенің сыныбыңда қанша оқушы бар?
– ...

**6.** Мәтінді түсініп оқы. Сұраққа жауап бер.

Күз келді. Күз – әдемі жыл мезгілі. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.

Қыркүйек айында оқу басталады. 1 қыркүйек – білім күні. Балалар гүл алып, мектепке барады. Алғашқы қоңырау соғылады. Айзере үшінші сыныпқа барады. Ол күзді жақсы көреді.

*Б.Шукоева*

- Сенің мектебің қандай?

**7.** Мәтін мазмұны бойынша тексеріп, дұрыс/ бұрысын айт.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Қараша – күз айы. | | |
| Қараша айында оқу аяқталады. | | |
| 1 қыркүйекте алғашқы қоңырау соғылады. | | |
| Айзере төртінші сыныпқа барады. | | |
| Айзере күзді жақсы көреді. | | |

**8.** «Сүйікті мектебім» тақырыбында постер дайындап, сынып алдында қорғаңдар.

***Керекті сөздер:*** *мектеп, мұғалім, достарым, сағындым, алғашқы қоңырау, сыныптастар, жақсы көремін.*

АРМАН-ПВ баспасы

# 2. Жанды табиғат

**Бүгін үйренетініміз**

- табиғаттың түрлерін ажырата аламыз;
- іс-әрекеттің болмағанын білдіретін сөздерді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

табиғат, жанды табиғат, жансыз табиғат, жануар, құс, жәндік, балық, өсімдік, өсу, тыныс алу

**Назар аудар!**

жансыз табиғат өзгер**ме**йді
жансыз табиғат өс**пе**йді
жансыз табиғат тыныс ал**ма**йды

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.





- Табиғат қандай түрлерге бөлінеді?
- Жансыз табиғатқа нелер жатады?
- Жанды табиғатқа нелер жатады?

**2.** Үлгіге қарап, мәтіндегі іс-әрекеттердің болғанын немесе болмағанын білдіретін сөздерді тауып, жұптап жаз.

*Үлгі: ұшады / ұшпайды*

**3.** Диалогті жұбыңмен оқып, жалғастыр.

– Құстар қандай табиғатқа жатады?
– Құстар жанды табиғатқа жатады.
– Неге құстар жанды табиғатқа жатады?
– Себебі құстар ... ... .
– Күн ...

**4.** QR-код арқылы интерактивті тапсырманы орында.

**5.** Қосымшалардың тиістісін жалғап жаз.

-ма -ба -па -пе

Ағашты сындыр(...). Құсты ат(...). Құстың ұясын бұз(...). Суды босқа төк(...).

**6.** Сөйлемді толықтыр. Ойыңды дәлелде.

Адам жанды табиғатқа жатады, себебі ... .

**7.** Сөзжұмбақты шеш.


4


3


1

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | т | | | | | |
| 2. | | | а | | | | | |
| 3. | | | б | | | | | |
| 4. | | | и | | | | | |
| 5. | | | ғ | | | | | |
| 6. | | | а | | | | | |
| 7. | | | т | | | | | |


7


2


5


6

# 3. Төрт түліктің пайдасы

**Бүгін үйренетініміз**

- үй жануарларының пайдасы туралы білеміз;
- сөздерге сұрақ қоюды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

түйе, қой, сиыр, жылқы, төрт түлік, жүн, шұбат, сүт, қымыз

**Назар аудар!**

Төрт түлік адамға қызмет етеді.
***Не*** адамға қызмет етеді?
***Кімге*** қызмет етеді?
Төрт түлік ***не істейді?***

**1.** Мәтінді тыңда.



**2.** Мәтін мазмұны бойынша төрт түліктің пайдасын белгіле.

| | көлік | ет | сүт | жүн | тері |
|---|---|---|---|---|---|
| жылқы | | | | | |
| түйе | | | | | |
| сиыр | | | | | |
| қой | | | | | |
| ешкі | | | | | |

**3.** Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

1. Төрт түлік малға ... жатады?
2. ... жануарларды көлік ретінде пайдаланады?
3. ... шұбат жасайды?
4. Үй жануарлары ... қызмет етеді?
5. ... пайдасы зор?

кімге? ненің? қандай? неден? нелер?

**4.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

**Қазақстанда** түйелер көп. Ертеде **түйені** көлік ретінде пайдаланған. Түйе сүті **пайдалы.** Жалғыз өркешті түйені «нар» деп атайды. Қос өркештісі «айыр» түйе деп аталады. Түйе 10 тәулік су ішпей жүре алады. **Түйе** бұдан 4–5 мың жыл бұрын қолға үйретілген.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**5.** Түйелерді салыстыр. Қандай өзгешеліктерді байқадың?





**6.** Бос орындарға керекті сөздерді қойып жаз.

Түйе – ... жануар. Түйені ... ретінде пайдаланған. Түйе шөлге ... . Түйенің сүті ... . Жалғыз өркешті түйені «...» деп атайды. Қос өркештісі «...» түйе деп аталады.

***Керекті сөздер:*** *үлкен, нар, көлік, шыдамды, айыр, пайдалы.*

# 4. Төлдер сондай сүйкімді!

**Бүгін үйренетініміз**

- үй жануарларының төлдері туралы айта аламыз;
- *ненің*? сұрағына жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

төл, құлын, бота, қозы, бұзау, лақ, төлдеу, секіру, ойнау

**Назар аудар!**

сиыр+**дың** бұзауы
ешкі+**нің** лағы
қой+**дың** қозысы
жылқы+**ның** құлыны
түйе+**нің** ботасы

**1.** Мәтінді тыңда. Мәтінге ат қой.



**2.** Тыңдаған мәтіннен *ненің?* сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жаз.

**3.** Сөздерге қосымша жалғап, дәптеріңе жаз.

-нің -ның -дің -дың -тің -тың

Төрт түлік... пайдасы зор. Сиыр... бұзауы бар. Қозы... түсі ақ. Түйе... аяқтары ұзын. Ешкі... сүті пайдалы. Төрт түлік... төлдері сүйкімді.

**4.** Диалогті жұбыңмен оқып, жалғастыр.

– Саған үй жануарларының төлдері ұнай ма?
– Иә, ұнайды.
– Маған құлын ұнайды.
– Құлын ненің төлі? Білесің бе?
– ...

**5.** Төмендегі сөздерді пайдаланып, мәтінді толықтырып жаз.

Лақ – ... төлі. Лақ ... ішеді, ... жейді. Лақ ..., ойнайды.

***Керекті сөздер:*** *сүт, секіреді, ешкінің, шөп.*

**6.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

**Төлді қалай шақырады?**

Қой баласы қоңырым,
Қойдан жуас момыным.
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт-пұшайт!

Жауын жауса, бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Лақтарым, қайдасың?
Шөре-шөре!

АРМАН-ПВ баспасы

# 5. Ит – адамның досы

**Бүгін үйренетініміз**

- кез келген жануарды сипаттай аламыз;
- *несі?* сұрағына жауап беретін сөздерді қолдануды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

күшік, құйрық, бұйрық, тұқым, адал

**Назар аудар!**

ит+тің түс+і, құйрығ+ы, аяқтар+ы, құлақтар+ы, күшіг+і

**1.** Мәтінді тыңда. Мазмұнын қысқаша айт.



**2.** Сұрақтарға жауап бер.

- Бекжан қандай бала?
- Ит жанды табиғатқа жата ма? Неге?

**3.** Мәтіннен итті сипаттайтын сөйлемді тыңдап жаз.

**4.** Сөздерге тиісті қосымшаларды жалға. Үлгіге қарап, сөйлем құра.

***Үлгі:*** *Күшіктің түсі ақ.*

| | -ның | -дың | -тің |
|---|---|---|---|
| ит | | | |
| күшік | | | |
| бұзау | | | |
| құлын | | | |

**5.** Мәтінді түсініп оқы.

Ит – адамның досы. Иттер күзетші, аңшы, қызметтік, үй иті болып бөлінеді. Иттердің есту қабілеті жоғары. Әр иттің өз міндеті бар. Аңшы иттің бір түрі «тазы» деп аталады. Тазы – ерекше тұқымды ит.

Әлемде иттің 600-ден астам тұқымы бар. Мысалы, тазы, қазақы төбет, неміс овчаркасы, алабай.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**6.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын айт.

| | **дұрыс** | **бұрыс** |
|---|---|---|
| Ит үйді, төрт түлікті күзетеді. | | |
| Аңшы иттің бір түрі «төбет» деп аталады. | | |
| Әлемде иттің 600-ден астам тұқымы бар. | | |
| Иттердің есту қабілеті нашар. | | |

**7.** Жұмбақты шеш. Жаттап ал.

Табанынан тыз етіп,
Жүрсе дағы сыз өтіп,
Күні-түні ерінбей,
Үйді жүрер күзетіп.

АРМАН-ПВ баспасы

# 6. Үй құстары төмен ұшады

**Бүгін үйренетініміз**

- үй құстарының пайдасы туралы айта аламыз;
- іс-әрекеттің болмағанын білдіретін сөздерді үйренеміз;
- *ненің? қандай?* сұрақтарына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

тауық, күркетауық, үйрек, қаз, әтеш, балапан, төмен, жоғары, ұшу, мамық

**Назар аудар!**

жоғары ұш**па**йды
құстар+**дың** пайдасы
**сүйкімді** балапан

**1.** Диалогті тыңдаңдар. Рөлге бөліп оқыңдар.



– Сәлем, Бекжан, сен үй құстарын көрдің бе?

– Иә, атамның қорасында тауық, әтеш, қаз, үйрек, күркетауық бар.

– Үй құстары ұша ма?
– Иә, бірақ төмен ұшады.
– Үй құстарының адамға пайдасы бар ма?
– Иә, олар жұмыртқа, ет, мамық береді.
– Олардың балапандары бар ма?
– Иә, бар. Олар сондай сүйкімді!
– Сау бол, Бекжан!
– Сау бол, Айзере!

*Б.Шукоева*

**2.** Бос орынға тиісті әріптерді қойып жаз.

Үй қ...стары жұм...ртқа, ...т, м...мық береді.

**3.** Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырып айт.

Бекжан үй құстарын ... . Атасының қорасында тауық, әтеш, қаз, үйрек, күркетауық ... . Үй құстарының адамға пайдасы ... . Үй құстары жоғары ... . Төмен ... . Олардың балапандары сондай ... !

**4.** Сөздерді сәйкестендір. Жұбыңмен үлгі бойынша сөйлес. *Қандай?* сұрағына жауап беретін сөзді тап.

***Үлгі:*** *Мен мамық жұмсақ деп ойлаймын.*

| | |
|---|---|
| жұмыртқа | кішкентай |
| мамық | үлкен |
| ет | сары |
| балапан | жұмсақ |
| күркетауық | дәмді |

АРМАН-ПВ баспасы

**5.** Құстардың атауына қосымшалардың тиістісін жалғап жаз.

-дың -тың -тің

*Үлгі: тауық+тың балапаны*



**6.** Әр қатардағы артық сөзді тап.

1. Үйрек, қаз, жұмыртқа, тауық.
2. Жұмыртқа, ет, мамық, қора.
3. Жоғары, төмен, өзен.
4. Ұшады, жүреді, күркетауық, жейді.

**7.** Керекті қосымшаларды жалға.

-ма -ме -бе -па

Мен үй құстарын көр(...)дім. Үй құстары жоғары ұш(...)йды. Үй құстары зиян келтір(...)йді. Әтеш ұя сал(...)йды. Тауық суда жүз(...)йді.

**8.** Сөзжұмбақты шеш.

1. Үй құсы.
2. Құстың баспанасы.
3. Балапанның түсі.
4. Таңертең шақыратын үй құсы.
5. Үй құсы.
6. Ірі үй құсы.




АРМАН-ПВ баспасы

# 7. Құстардың түрлері көп

**Бүгін үйренетініміз**

- үй құстары мен жабайы құстарды ажыратып, сипаттаймыз;
- *құс+тың балапан+ы* тіркесін қолданып үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

ұя, мекендеу, жабайы құстар, жыл құстары, қыстап қалатын құстар, көгершін

**Назар аудар!**

тоқылдақ+**тың** балапан+**ы**
көгершін+**нің** балапан+**ы**
аққу+**дың** балапан+**ы**

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде қандай құстар туралы айтылады?
- Үй құстары қайда тұрады?
- Сен қандай үй құсын білесің?
- Қандай құстар орманды, суды мекендейді?
- Үй құстары мен жабайы құстарды ата.





**2.** Үй құстары жылы жаққа ұша ма?

**3.** Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

**Құстар ... табиғатқа жатады?**
**Үй құстары ... тұрады?**
**... ұя салады, ұшады?**
**Жабайы құстар ... ұшып кетеді?**
**Құстар ... досы?**

қайда? нелер? қандай? қашан? кімнің?

### Қызықты мәлімет

**Әлемдегі ең үлкен құс – түйеқұс. Оның бойы екі жарым метрге, салмағы 175 кг-ға дейін жетеді. Ал балапанының салмағы шамамен 1 кг, биіктігі 25–30 см болады. Туғаннан кейін бірден жүгіре алады.**

**Әлемдегі ең кішкентай құс – колибри. Жұмыртқасы кофе дәніндей болады. Туғанда балапанының денесінде қауырсын болмайды. Салмағы бірнеше грамм. Қозғала алмайды.**

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**4.** Құстардың атауына қосымшалардың тиістісін жалғап жаз.

-нің -дың -тің -тың

*Үлгі: торғай+дың ұясы*


қарлығаш


көгершін


тоқылдақ


аққу

**5.** Кестедегі сөздерден сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| құстар | құстар | ұшып кетеді |
| адам | жылы жаққа | досымыз |
| кейбір | біздің | салады |
| күзде | су, жем | қыстап қалады |
| құстар | ұя | береді |

**6.** Үлгі бойынша құстарды сипатта.

*Үлгі: Бұл – қаз. Қаз – үй құсы. Оның тұмсығы сары, қауырсындары мен қанаттары ақ. Адам оған жем, су береді.*



**Есте сақта**

Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қоршаған ортаны таза ұстауға, жануарлар мен құстарды қорғауға шақырады.

**7.** Жаңылтпашты алдымен баяу және содан кейін жылдам оқы. Жаттап ал.

Шошыттың үш құсты,
Шошып, үш құс ұшты.

# 8. Жәндіктер пайдалы ма?

**Бүгін үйренетініміз**

- жәндіктер туралы мәлімет аламыз;
- *п, к, қ* дыбыстарына аяқталған сөздерді өзгертіп қолдануды меңгереміз.

**Жаңа сөздер:**

жәндік, ара, құмырсқа, шыбын, шегіртке, қоңыз, бал, жапырақ, жидек

**Назар аудар!**

менің жәнді**гім**
сенің кіта**бың**
оның тауы**ғы**

**Есте сақта**

**Жәндіктер**



ара құмырсқа шыбын шегіртке қоңыз

**1.** Диалогті тыңда. Оқы.

– Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?
– Жанды табиғатқа жатады.
– Жәндіктердің қанша түрі бар?
– Бір миллиондай түрі бар.
– Жәндіктер не жейді?
– Түрлі өсімдіктерді жейді.
– Жәндіктер ұша ма?
– Кейбіреулері ұшады.
– Жәндіктер пайдалы ма?

– Кейбіреулері пайдалы. Мысалы, аралар күн сайын үш мың тонна бал жинайды екен.

– Қандай көп! Мен балды жақсы көремін.

*М.Кабасова*

**2.** Кестені толтыр.

| | ұшады | ұшпайды |
|---|---|---|
| ара | + | |
| құмырсқа | | |
| шегіртке | | |
| шыбын | | |

**3.** Сөздерге жақша ішіндегі қосымшаларды жалға. Өзгерісті түсіндір.

Орманның жәндік(і), менің жидек(ім), ағаштың жапырақ(ы), біздің үйдің шөп(і).

**4.** Жұбыңмен дұрыс нұсқасын тауып айт.

Жәндіктер жанды/жансыз табиғатқа жатады.
Жәндіктердің көп/аз түрі бар.
Жәндіктер жапырақ/бал жейді.
Аралар ұшады/ұшпайды.

**5.** Сөздерге қажетті қосымшаны дұрыс жалға.

Менің жәндік...
Сенің өсімдік...
Оның шөп...

**6.** Әріптерден сөз құра.

мқырұсақ | решікгте | кіднәжерт

Арман-ПВ баспасы

## Қызықты мәлімет

Әлемдегі ең күшті жәндік – құмырсқа. Ол өзінен ондаған есе ауыр жүкті көтере алады. Құмырсқалар терең ұйқыға кетпейді.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*



**7.** «Жәндіктер» тақырыбына байланысты 5 сөзді табыңдар.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| б | м | р | а | а | р | а | м |
| ш | ы | б | ы | н | қ | е | а |
| қ | ұ | м | ы | р | с | қ | а |
| ш | е | г | і | р | т | к | е |
| а | т | қ | о | ң | ы | з | к |

**8.** Мәтінді оқы. Шегіртке туралы ойыңды айт.

### Шегіртке мен құмырсқа

*(А.Құнанбайұлының өлеңі бойынша)*



Шегіртке жаз бойы тек ән салады. Жапырақтар оған үй болады. Шөптерді жейді. Бірақ азық жинамайды.

Құмырсқа еңбек етеді. Қысқа азықтарын жинайды.

Қыс келіп, күн суытады. Қар жауады. Шегіртке тоңады. Қарны ашады. Ол құмырсқадан көмек сұрайды.

# 9. Балықтар жанды табиғатқа жата ма?

**Бүгін үйренетініміз**

- балықтар туралы мәлімет аламыз;
- ойды өрбітіп, сөйлем құрауды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

майшабақ, алабұға, шортан, бекіре, қармақ, аулау

**Назар аудар!**

Мен балық ауладым.
Мен қармақпен балық ауладым.
Мен жазда қармақпен балық ауладым.

**1.** Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы.

Балықтар да **жанды** табиғатқа жатады. **Балықтың** түрлері өте көп. Олар: майшабақ, алабұға, шортан, бекіре, тағы басқалар. **Балықтар** өзен, **көлдерде** жүзеді.

Біз жазда **қармақпен** балық ауладық. **Менің** қармағыма үлкен шортан түсті. Әжем **шортаннан** дәмді балық сорпасын дайындады.

*А.Омарова*

**2.** Мәтіннің мазмұнына сәйкес суреттерді ретімен орналастырып, әңгімеле.





**3.** Адасқан әріптерден сөз құра.

қаймашаб, ұғабала, ронашт, еребік, рақамқ.

**4.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Қандай? Ненің? Нелер?

Немен? Кімнің? Неден? Қайда?

**5.** Сөз тізбегі арқылы ойды өрбітіп, сөйлем құра.

| | |
|---|---|
| Дайындады. | Ауладым. |
| Әжем дайындады. | ... ауладым. |
| Әжем сорпа дайындады. | ... ... ауладым. |
| Әжем балықтан сорпа дайындады. | ... ... ... ауладым. |
| Әжем балықтан дәмді сорпа дайындады. | ... ... ... ... ауладым. |

**6.** Ертегіні түсініп оқы.

## Мысық қандай балық аулады?

Мысық өзенге балық аулауға барады.



Қармағын суға салады.



Қармаққа майшабақ түседі. Мысық: «Бұл – кішкентай балық», – деп ойлайды.



АРМАН-ПВ баспасы

**7.** Ертегіні сурет бойынша жалғастырып айт.

Қармағын тағы суға салады. Қармаққа алабұға түсті...



**8.** Ертегінің мазмұнына қатысы бар мақал-мәтелді анықта. Жұбыңмен талқыла.

- Қанағат қылсаң, қарның тоқ.
- Не ексең, соны орасың.

**Қызықты мәлімет**

Ең үлкен балық – кит акуласы. Оның ұзындығы 20 метрге жетеді. Ол кішкентай майшабақтармен қоректенеді.

*«Негеш» балалар энциклопедиясынан*

**9.** Жұмбақты шеш.

Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ,
Сусыз оның күні жоқ.
Жүріп кетсе соңында,
Қалып жатқан ізі жоқ.

# 10. Өсімдіктер гүлдейді

**Бүгін үйренетініміз**

- өсімдік түрлерімен танысамыз;
- *ненің?* сұрағына жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

өсімдік, суару, гүлдеу, жеміс беру, қызғалдақ

**Назар аудар!**

ағаш+**тың** жапырағы
қызғалдақ+**тың** отаны
гүл+**дің** түрлері
шырша+**ның** түсі

**Есте сақта**

**Өсімдіктер**


қызғалдақ


раушан


түймедақ


бәйшешек


терек


қайың


шырша


емен

**1.** Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы.

Өсімдіктер жанды табиғатқа жатады. Біз өсімдіктерді суарамыз. Олар өседі, гүлдейді.

Көктемде ағаштар гүлдейді, күзде жеміс береді. Ағаштардың жапырақтары жасыл, сары, қызыл болады. Ал шырша қысы-жазы жасыл.

Жазда әдемі гүлдер өседі. Гүлдердің түрлері өте көп. Маған қызғалдақ ұнайды. Қызғалдақтың 32 түрі бар. Қызғалдақтың отаны – Қазақстан.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**2.** Мәтін мазмұны бойынша тексеріп, дұрыс/ бұрысын айт.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Өсімдіктер жанды табиғатқа жатады. | | |
| Өсімдіктер өспейді, гүлдемейді. | | |
| Көктемде ағаштар гүлдейді. | | |
| Қыста ағаштар жеміс береді. | | |
| Ағаштардың жапырақтары ақ, көк болады. | | |
| Жазда гүлдер өседі. | | |

**3.** Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

**Үлгі:** *Жазда гүлдер өседі.*

жанды | жасыл | көктемде | күзде | жазда

жеміс береді | гүлдейді | өседі | жапырақ | табиғат

**4.** *Иә / жоқ* сөздерін пайдаланып, жұбыңмен үлгі бойынша сөйлес. Жұбыңның жауабын бағала.

– Өсімдіктер жанды табиғатқа жата ма?
– Иә, өсімдіктер жанды табиғатқа жатады.

АРМАН-ПВ баспасы

– Шыршаның түсі үнемі жасыл ма?

– …, … … … .

– Ағаштардың жапырақтары көк пе?

– …, … … …, …, … … .

– Гүлдердің түрлері көп пе?

– …, … … … … .

– Қызғалдақтың отаны Қазақстан ба?

– …, … … – … .

**5.** Сөздердің қай сұраққа жауап беретінін анықтап, кестенің тиісті бағанына жаз.

Өсімдіктер, шыршаның, суарады, өседі, гүлдейді, еменнің, сары, ағаштар, гүлдер, табиғаттың, жасыл, қызыл.

| Нелер? | Қандай? | Ненің? | Не істейді? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**6.** Тыныс белгілерді қойып, дұрыс интонациямен оқы.

Қандай әдемі гүл
Саған раушан ұнай ма
Күзде ағаштардың жапырақтары сары болады



**7.** «Қызғалдақ» сөзіндегі әріптерден сөздер құраңдар.



АРМАН-ПВ баспасы

# 11–12. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Мәтінді түсініп оқы.

Табиғат **жанды** және **жансыз** болады.

Күн, жел, су, тас, жұлдыздар – жансыз табиғатқа жатады. Жансыз табиғат **өспейді, өзгермейді, тыныс алмайды**.

**Адамдар, жануарлар, құстар, жәндіктер, балықтар, өсімдіктер** – бәрі жанды табиғатқа жатады. Жанды табиғат **өседі, өзгереді, тыныс алады.**

Үй жануарлары адамға киім, тамақ береді.

Балықтар өзен, көлдерде жүзеді.

Құстар ұя салады, зиянды жәндіктерді жейді.

Өсімдіктер өседі, гүлдейді. Өсімдіктердің де адамға, жануарларға пайдасы зор.

Біз табиғатты қорғауымыз керек!

*М.Кабасова*

**2.** Дұрыс жауабын тап.

1. Мәтін не туралы?
   - А) төрт түлік мал туралы
   - В) жанды және жансыз табиғат туралы
   - С) зиянды жәндіктер туралы
2. Жансыз табиғатқа не жатады?
   - А) жануарлар, құстар, жәндіктер
   - В) Күн, жел, су
   - С) төрт түлік мал
3. Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?
   - А) үй құстары
   - В) қыстап қалатын құстар
   - С) жыл құстары

АРМАН-ПВ баспасы

**3.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер қай сұраққа жауап беретінін анықтап, кестенің тиісті бағанына жаз.

| Кімдер? | Нелер? | Қандай? | Не істейді? | Не істемейді? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**4.** Сұрақтарға сүйеніп, оқиғаны ретімен баянда.



- Ит қайда қалып қойды?
- Итке кімдер кездесті?
- Қыздар не істеді?
- Қыздарды сипатта.

**5.** Бос орындарға қажетті сөздерді қойып жаз.

Түйенің төлі – ... . Құлын – ... төлі. Құлынның аяғы ... . Ешкінің сүті ... . Қойдың төлін ... деп атайды.

***Керекті сөздер:*** *жылқының, ұзын, пайдалы, қозы, бота.*

АРМАН-ПВ баспасы

**6.** Сәйкестендіріп, сөйлем құра.

ойлайды

жүзеді

ұшады

сүт береді

гүлдейді

ұя салады



**7.** Сен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қандай үлес қоса аласың?

**8.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ә | балы...шы | ...арма... | бұйры... | ...анат |
| ө | ж...лдыз | қ...стар | қ...мырсқа | б...зау |
| і | ж...ндіктер | б...йшешек | ...теш | ...лем |
| ү | таби...ат | қыз...алдақ | жо...ары | алабұ...а |
| ұ | келт...ред... | бек...ре | шег...ртке | әдем... |
| ғ | т...мен | ...сімдік | т...лдер | к...ктем |
| қ | К...н | г...лдейді | ...йрек | т...йе |

**9.** Жұмбақты шеш.

Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.

АРМАН-ПВ баспасы

**2-БӨЛІМ**

# ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

**Бұл бөлімде:**

- іс-әрекеттің болғанын немесе болмағанын білдіретін сөздерді ажырата білуді;
- сөздерді *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшалары арқылы түрлендіруді;
- *мен тентек емес+пін* тіркесін қолдануды;
- *қандай?* сұрағына жауап беруді;
- керекті сөздерді қолданып сөйлем құрауды;
- іс-әрекетті білдіретін сөздердің сөйлемдегі орнын;
- сөздерге сұрақ қоюды;
- тыныс белгілерін дұрыс қоюды үйренеміз.



**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 130, 131, 132, 133-беттердегі 1, 3, 4, 8-кестелерге сүйен.*



# 13. Мектеп ережелерін сақтайық!

**Бүгін үйренетініміз**

- мектеп ережесін сақтау туралы ой бөлісеміз;
- іс-әрекеттің болғанын немесе болмағанын білдіретін сөздерді ажырата аламыз.

**Жаңа сөздер:**

ереже, тәртіпті, сыпайы, шулау, шуламау, қоқыс, кешігу, кешікпеу, тастау, тастамау

**Назар аудар!**

*Не істейді?* қоқыс тастайды шулайды, кешігеді, тыңдайды
*Не істемейді?* қоқыс таста**ма**йды, шула**ма**йды, кешік**пе**йді, тыңда**ма**йды

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



Айбек **үшінші** сыныпта оқиды. Оның сыныптастары – **тәртіпті, сыпайы** балалар. Олар **сыныпты** таза ұстайды. Үзілісте тақтаны сүртеді, гүлдерге су құяды. Қоқысты жерге **тастамайды, қоқыс жәшігіне** тастайды. Сабақта **шуламайды**, мұғалімді **тыңдайды.** Сабаққа кешікпейді. **Мектеп ережесін** сақтайды.

*Б.Шукоева*

**2.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

| Қандай? | Не істейді? | Не істемейді? |
|---|---|---|
| Нешінші? | Нені? | Қайда? |

**3.** Дұрыс жауабын белгіле.

| | таза ұстайды | кешік-пейді | су құяды | таста-майды | сүр-теді | сақ-тайды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ережені | | | | | | |
| тақтаны | | | | | | |
| гүлге | | | | | | |
| қоқыс | | | | | | |
| сабаққа | | | | | | |
| сыныпты | | | | | | |

**4.** Екі бағанға бөліп жаз.

Сабақта шулайды. Үзілісте тақтаны сүртеді. Қоқысты жерге тастамайды. Қоқысты қоқыс жәшігіне тастайды. Сабақта шуламайды. Мұғалімді тыңдайды. Сабаққа кешігеді. Мектеп ережесін сақтамайды.

| Тәртіпті оқушы | Тәртіпсіз оқушы |
|---|---|
| | |

**Есте сақта**

Конституция адамдарды бірін-бірі құрметтеуге, өз құқықтары мен міндеттерін сақтауға үйретеді. Барлық адамдар бекітілген ережелерді сақтауы тиіс.

**5.** Тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

-ма -па -пе

Мен сүртемін, сүрт+пе+й+мін
Сен тастайсың, ...
Сіз тыңдайсыз, ...
Ол шулайды, ...

АРМАН-ПВ баспасы

Біз кешігеміз, ...
Сендер сақтайсыңдар, ...
Сіздер айтасыздар, ...
Олар оқиды, ...

**6.** Диалогті оқы, жалғастыр.



– Сыныпта кім кезекші?
– Мен кезекшімін.
– Карима, үзілісте тақтаны сүрт.
– Әрине, сүртемін.
– ...

***Керекті сөздер:*** *су құй, қоқысты таста, таза ұста.*

**7.** Суреттер бойынша жұбыңмен әңгіме құра.





**8.** Өлеңді оқып, жаттап ал.

Жақсылықтан үйреніп,
Боламыз біз жақсы адам.
Жамандықтан жиреніп,
Үлгі аламыз жақсыдан.

Арман баспасы

# 14. Айзере – ұқыпты қыз

**Бүгін үйренетініміз**

- ұқыптылық туралы айта аламыз;
- *мен ұқыпты+мын, сен ұқыпты+сың, сіз ұқыпты+сыз* тіркестерін қолданып үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

ұқыпты, өзі, әрқашан, таза, әдемі, оқу құралдары, жинау, тыстау

**Назар аудар!**

мен ұқыпты+**мын**
сен ұқыпты+**сың**
сіз ұқыпты+**сыз**
ол **ұқыпты**
біз ұқыпты+**мыз**
сендер ұқыпты+**сыңдар**
сіздер ұқыпты+**сыздар**
олар **ұқыпты**

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Саған Айзеренің қандай қасиеті ұнайды?
- Айзереден нені үйренгің келеді?
- Сенің Айзере сияқты ұқыпты досың бар ма?



**2.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құра.

1. Айзере, қыз, ұқыпты.
2. Бөлмесі, оның, таза, әдемі.
3. Шашпайды, ол, киімдерін, оқу құралдарын.
4. Өзі, тыстайды, оқулық, дәптерлерін.
5. Сабаққа, кешікпейді, Айзере.
6. Жақсы оқиды, Айзере, сабақты.

**3.** Суретке қарап, «Ұқыпсыз оқушы» тақырыбында мәтін құраңдар.



**4.** Жұбыңмен диалог құр.

– ...?

– Иә, мен бөлмемді өзім жинаймын.

– ...?

– Менің бөлмем таза, әдемі.

– ...?

– Жоқ, заттарымды шашпаймын.

– ...?

– Жоқ, сабаққа кешікпеймін.

– ...?

– Иә, мен ұқыптымын.

**5.** Суреттерді пайдаланып, сөйлем құрап жаз.

*Үлгі: Сен еден жуасың. Сен ұқыптысың.*

Мен ... . Сен ... . Сіз ... . Ол ... . Біз ... . Сендер ... . Сіздер ... . Олар ... .









АРМАН-ПВ баспасы

# 15. Білімді балалар

**Бүгін үйренетініміз**

- қандай оқушыдан үлгі алу керектігін айта аламыз;
- сөздерді *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшалары арқылы өзгертіп үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

білімді, ақылды, олимпиада, жүлде, үйірме, сахна, үлгі алу, ән айту, қиын

**Назар аудар!**

мен ақылды+**мын**
сен ақылды+**сың**
сіз ақылды+**сыз**
ол **ақылды**
біз ақылды+**мыз**
сендер ақылды+**сыңдар**
сіздер ақылды+**сыздар**
олар **ақылды**

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.

Айзере сабақты **жақсы** оқиды. Ол – **ақылды** қыз. **Олимпиадаларға** қатысып, жүлделі орын алады. **Қиын** есептерді **тез** шығарады. Биыл математика пәнінің олимпиадасында **1-орын** алды.



Айзере ән, би **үйірмелеріне** де қатысады. Домбырамен ән айтады. **Сахнада** «Қара жорға» биін билейді.

Осындай оқушыдан **үлгі алуымыз** керек.

*М.Кабасова*

**2.** Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

***Үлгі:*** *Айзере сабақты қалай оқиды?*

**3.** Кестедегі сөздерден сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| Айзере | тез | қатысады |
| Олимпиадада | ән | оқиды |
| Домбырамен | үйірмесіне | алады |
| Би | жақсы | шығарады |
| Есепті | орын | айтады |

**4.** Диалогті толықтырып оқы.

– Сәлем, Бекжан!
– Сәлем, Айзере!
– Айзере, сен биыл ... олимпиадаға қатысасың?
– Мен ... пәнінің олимпиадасына қатысамын. Өйткені ... шығаруды ұнатамын.
– Бекжан, сен ше, олимпиадаға қатысасың ба?
– Мен ... пәнінің олимпиадасына қатысамын.

*Керекті сөздер:* *математика, қазақ тілі, қандай, есеп.*

**5.** Сызба бойынша сөйлем құраңдар.

Дүйсенбіде → би → үйірмесіне → барамын.
... → ... → үйірмесіне → барамын.
... → ... → үйірмесіне → барамын.

**6.** Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

-мын -мін -сың -сің -сыз -сіз



Мен әнші... Сен биші... Сіз суретші... Ол – домбырашы...

# 16. Менің досым тентек емес

**Бүгін үйренетініміз**

- теріс мінездерден аулақ болу туралы айта аламыз;
- *мен тентек емес+пін* тіркесін қолданып үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

жаман емес, тентек, кешірім сұрау, өкіну

**Назар аудар!**

мен тентек емес+**пін**
сен тентек емес+**сің**
сіз тентек емес+**сіз**
ол тентек **емес**
біз тентек емес+**піз**
сендер тентек емес+**сіңдер**
сіздер тентек емес+**сіздер**
олар тентек **емес**

**1.** Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы.

Ержан – тентек бала. Әрнәрсеге ұрынып жүреді. Бүгін аулада доп теуіп ойнап жүр. Бір кезде бар күшімен тепкен доп көршінің терезесін сындырды. Әкесі баласына ренжіп, терезені жөндеп берді. Ісіне өкінген Ержан көршісінен кешірім сұрады.



**2.** Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтіннен не түсіндің?
- Ержан қандай бала деп ойлайсың?

**3.** Екі бағанға бөліп жаз.

Үй тапсырмасын орындайды. Тентек болады. Киімдерін жинайды. Киімдерін жинамайды. Басқаларды ренжітпейді. Үй тапсырмасын орындамайды. Тентек болмайды. Басқаларды ренжітеді.

| Әдепті бала | Тентек бала |
|---|---|
| | |

**4.** Мәтінді түсініп оқы.

**Оқу құралдарының хикаясы**

*(Ертегіден үзінді)*

Анасы Жанатбекке оқу құралдарын: жаңа сөмке, қызыл әдемі қалам, өшіргіш, қарындаштар сатып алды.

Жанатбек дәптерді әкелген күні-ақ шимайлап, сурет салып тастады.

Анасы оған ұрысты.

Түн болды. Бәрі ұйқыға кетті. Оқу құралдары үстел үстінде қалды. Шимайланған дәптерді мазақ етіп күлді. Дәптер жылап қоя берді.

Кітап:

– Дәптерге жазу-сызу үшін қалам, қарындаш керек. Керек емес сызықты өшіруге өшіргіш керек. Біз барлығымыз оқу құралдарымыз. Жанатбекке көмек берейік, – деді.

*А.Хамзаұлы*

**5.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Анасы Жанатбекке неге ұрысты?
2. Жанатбек қандай бала?
3. Кітаптың айтқаны дұрыс па? Неге?

АРМАН-ПВ баспасы

**6.** Тірек сөздерді қолданып, Жанатбекке кеңес беріңдер.

ұқыпты ұста | шимайлама | таза ұста | сурет салып тастама | сыртын тыста

**7.** Тиісті қосымшаны жалғап, көшіріп жаз.

Мен тентек емес...
Сен тентек емес...
Сіз тентек емес...
Ол тентек емес...

Біз тентек емес...
Сендер тентек емес...
Сіздер тентек емес...
Олар тентек емес...

**8.** Жұбыңмен үлгі бойынша сөйлес. Оның жауабын бағала.

– Сен оқу құралдарыңды ұқыпты ұстайсың ба?
– Иә, мен оқу құралдарымды ұқыпты ұстаймын.
– Сен ...?
– Жоқ, ... .

**9.** Төмендегі сөздерді пайдаланып, кестені толтыр.

Биші, еңбекқор, үлгілі, мейірімді, тәртіпті, сыпайы, ұқыпты.

| Мен | Менің досым |
|---|---|
| | |

**10.** Кім жылдам? Мағынасы қарама-қарсы сөздерді табыңдар.

Тентек –
Ұқыпты –
Сыпайы –
Тәртіпті –



АРМАН-ПВ баспасы

# 17. Айбек – мейірімді бала

**Бүгін үйренетініміз**

- мейірімділік туралы айта аламыз;
- *қандай?* сұрағына жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

мейірімді, бөлісу, ренжу, адал, ешкім, тілалғыш, қамқор

**Назар аудар!**

**мейірімді** *(қандай?)* бала
**адал** *(қандай?)* дос
**қамқор** *(қандай?)* бала
**тілалғыш** *(қандай?)* бала

**1.** Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы.



Айбек – мейірімді бала. Оның достары көп. Айбек достарына адал. Ешқашан жамандық жасамайды. Қолында бар нәрсемен бөліседі. Ешкімді ренжітпейді.

Қарындасы мен інісіне қамқор болып жүреді. Оларға үнемі көмектеседі.

Айбек – тілалғыш бала. Ата-әжесі, әке-шешесінің айтқанын тыңдайды, тапсырмасын орындайды.

*Б.Шукеева*

**2.** Берілген сұрақтарды қолданып, сұраулы сөйлем құра.

1. Айбек – мейірімді бала.
2. Айбектің достары көп.
3. Қолында бар нәрсемен бөліседі.
4. Әке-шешесінің айтқанын тыңдайды.
5. Қарындасы мен інісіне қамқор болып жүреді.




**3.** Кестедегі сөздерден сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| Айбек | айтқанын | бала |
| Оның | мейірімді | жасамайды |
| Ешқашан | жамандық | жүреді |
| Ата-әжесінің | қамқор болып | көп |
| Інісіне | достары | тыңдайды |

**4.** *Иә / жоқ* сөздерін қолданып, жұбыңмен диалог құр.

– Сен қолыңда бар нәрсемен бөлісесің бе?

– ... .

– Сен ешкімді ренжітпейсің бе?

– ....

– Сен қарындас (сіңлі),ініңе қамқор боласың ба?

– ....

– Сенің достарың көп пе?

– ... .

АРМАН-ПВ баспасы

**5.** Тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

-ма | -ме | -ба | -бе | -па | -пе

Ешқашан жамандық жаса(...)йды. Кішкентайларды ренжіт(...)йді. Қарындасының қолындағы заттарын тартып ал(...)йды. Бөлмесін шаш(...)йды. Кітаптары мен дәптерлерін сыз(...)йды.

**6.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді бөліп жаз.

Айбек мейірімді бала оның достары көп ол ешкімді ренжітпейді қарындасы мен інісіне қамқор болып жүреді оларға үнемі көмектеседі.

**7.** Әріптерден сөз құра.

йімерідім | мібесөлін | жерінімейім

**8.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Бәрін де өзім жуғанмын:
Аяқ-табақ, кесені.
Әп-әдемі жиналды
Өзім жатқан төсегім.

Дем алсын деп анамның,
Сөйтіп, қолын босаттым.

*М.Жаманбалинов*



- Сен анаңа көмектесесің бе?

АРМАН-ПВ баспасы

# 18. Қайырымды қыз

**Бүгін үйренетініміз**

- қайырымдылықтың жақсы қасиет екенін білеміз;
- керекті сөздерді қолданып, сөйлем құрап үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

қайырымды, құс, жағу, байлау, қуану, емдеу

**Назар аудар!**

Мен көмектестім.
Мен құсқа көмектестім.
Мен жаралы құсқа көмектестім.

**1.** Мәтінді тыңда. Қысқаша мазмұнын айтып бер.

Ажар жаралы құсты көріп, үйге алып келді. Жарасына йод жағып, байлап қойды. Құсты қорапқа салды. Алдына жем, су қойды. Бірнеше күннен кейін құс үйдің ішінде ұша бастады. Ажар құсты далаға алып шықты. Құс ұшып кетті. Ажар оған ұзақ қарап тұрды. Ол қуанды.

**2.** Дұрысын таңдап, жаз.

Ажар (жаралы/ үлкен) құсты үйге әкелді.
Жарасына (дәрі/ йод) жағып, байлап қойды.
Алдына (жем/ сүт/ су) қойды.
Құс үйдің ішінде (ұша бастады/ жүре бастады).
Ажар (мысықты/ құсты) далаға алып шықты.
Құс (ұшып кетті/ қашып кетті).
Ажар (ренжіді/ қуанды).

**3.** Мәтін мазмұны бойынша суреттердің ретін көрсет.



**4.** Төмендегі сөздерді бос орынға қойып, мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.

Ажар ... құсты үйге алып келді. Ол құсты ... .
Құсқа ..., ... берді. Құс ... жазылып кетті.
Ажар құсты ... алып шықты. ... ұшып кетті.
Ажар қандай қыз?

**Керекті сөздер:** *жаралы, құс, тез, емдеді, жем, далаға.*

**5.** Тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Мен күт... .
Сен жақ... .
Сіз байла... .
Ол қой... .

Біз әкел... .
Сендер көр... .
Сіздер қара... .
Олар қуан... .

**6.** Керекті қосымшаларды жалға.

-ма -ме -ба -бе -па -пе

Ажар жаралы құсты таста(...)йды. Айзере құсты үркіт(...)йді. Бекжан құсты ат(...)йды. Айбек құстың ұясын бұзб(...)йды. Олар – қайырымды балалар.

**7.** Сұрақтарға «Мен ... деп ойлаймын, себебі ...» сөйлемін қолданып жауап беріңдер.

Ажар қайырымды ма? Айбек мейірімді ме? Айзере қандай қыз? Бекжан қандай бала?

Арман-ПВ баспасы

# 19. Еңбек етуге әдеттен!

**Бүгін үйренетініміз**

- еңбек ету туралы әңгімелесеміз;
- іс-әрекетті білдіретін сөздерді қолданамыз;
- сұрақтарға жауап бере аламыз.

**Жаңа сөздер:**

еңбек, өрмекші, өрмек, нанның уағы, шөп, тұзақ, үлгі-өнеге, апару

**Назар аудар!**

*не істеп жүр?*
өрмек тоқып жүр
ұшып жүр
шөп жинап жүр

**1.** Мәтінді тыңдаңдар, рөлге бөліп оқыңдар.



Атасы баласымен далада келе жатып, одан сұрады:

– Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

– Көремін. Өрмек тоқып жүр.

– Анау құмырсқаны көремісің?

– Көремін, аузында бір нанның уағы бар, кетіп барады.

– Жоғары қара, аспаннан не көрдің?

– Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

Сонда атасы былай депті:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі-өнеге. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, өзіне азық етуге. Құмырсқа нанның уағын үйіне апара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға шөп жинап жүр. Сен де еңбек етуге әдеттен.

*Ы.Алтынсарин*

**2.** Сұрақтарға жауап бер.

- Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш не істеп жүр?
- Атасы баласына не деді?

**Есте сақта**

Қазақстанның жарқын болашағы еңбекқор, білімпаз, жаңашыл жастардың қолында.

*Қасым-Жомарт Тоқаев*
*Қазақстан Республикасының Президенті*

**3.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын белгіле.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Баланың жасы тоғызда. | | |
| Құмырсқа нанның уағын үйіне алып бара жатыр. | | |
| Қарлығаш балапандарына нан жинап жүр. | | |
| Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр. | | |

**4.** Суреттерді сәйкестендіріп, сөйлемдерді толықтыр.



... нанның уағын әкетіп барады.



... шөп жинап жүр.



... тұзақ құрып жүр.

**5.** Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Кішкентай жәндіктерден үлгі-өнеге алу керек. Өрмекші маса, шыбынға  құрып жүр. Құмырсқа  үйіне апара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға  жинап жүр. Сен де еңбек етуге әдеттен.

**6.** Берілген сөздер қай сұраққа жауап беретінін анықтап, кестенің тиісті бағанына жаз.

Құмырсқа, кішкентай, тоқып жүр, бес, нан, өрмек, ұшып жүр, ата, маса, балапан, бала, он, жинап жүр.

| Не? | Кім? | Неше? | Қандай? | Не істеп жүр? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Арман-ПВ баспасы

# 20. Еңбектің наны тәтті

**Бүгін үйренетініміз**

- нанның дастарқанға қалай келетінін білеміз;
- сөздерге сұрақ қоюды үйренеміз;
- тыныс белгілерін дұрыс қоя аламыз.

**Жаңа сөздер:**

егін, егінші, егу, бидай, ұн, қамыр, ауыр, ору, себу, жырту

**Назар аудар!**

Егінші егін егеді.
*Кім* егін егеді?
Қандай тәтті нан!

**1.** Ертегіні тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**Есте сақта**

**Нан дастарқанға қалай келеді?**



**2.** Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Не істейді? Нені? Қандай? Кім? Неге?

**Адам** нан жеп отырды. Егінші қасқырға нан **береді.** Нан **қасқырға** ұнады. Егінші қасқырға **нан табудың жолын** үйретті. Нан табу – **өте ауыр** жұмыс.

**3.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз.

Қандай дәмді нан Нан қасқырға ұнады ма Адам қасқырға нан табудың жолын үйретті

**4.** Сызба бойынша әңгімелесіңдер.

**Еңбектің наны тәтті!** → Адал еңбек ету → Еріңбеу → Жақсы өмір сүру

**5.** «Кім көп сөз біледі?» ойынын ойнаңдар.

Диірмен, нан, ...

АРМАН-ПВ

# 21. Үлкенді сыйла, кішіге қамқор бол!

**Бүгін үйренетініміз**

- «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсетейік!
- *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшаларын пайдаланып, сөйлем құрауды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

сыйлау, қамқор болу, ардақтау, құрметтеу, мінез, кішілік, кісілік, үлгілі

**Назар аудар!**

мен құрметтей**мін**
сен ардақтай**сың**
сіз сыйлай**сыз**
ол жақсы көре**ді**

**1.** Өлеңді тыңда. Ілесіп оқы.

Құрметтеп ата-анамды,
Ардақтап әпке, ағамды,
Қамқор боп сіңлі, ініме,
Сыйлымын үлкен-кішіге.
Бәрін де жақсы көремін,
Үнемі көмек беремін.
Үлкенді сыйлау – кішілік,
Үлгілі мінез – кісілік.



bilimdiler.kz

**2.** Өлеңнің мазмұны бойынша ағаштың бұтақтарын толтыр.



**3.** Дұрыс жауабын белгіле.

| | ата-анамды | әпке, ағамды | сіңлі,ініме | үлкен-кішіге | бәрін |
|---|---|---|---|---|---|
| қамқор боламын | | | + | | |
| сыйлымын | | | | | |
| ардақтаймын | | | | | |
| құрметтеймін | | | | | |
| жақсы көремін | | | | | |

**4.** Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

| | |
|---|---|
| үлкендерді | ренжітпеймін |
| інімді | құрметтеймін |
| мұғалімді | сыйлаймын |
| анама | көмектесемін |
| өз бөлмемді | жинаймын |

**5.** Өлеңді түсініп оқы.

– Сәлеметсіз бе, ағай! – деп,
– Сәлеметсіз бе, апай! – деп.
– Есенсіз бе, әжей! – деп,
– Амансыз ба, атай? – деп,
Ұл-қыз сәлем береміз,
Өнегелі өренбіз.

*Е. Өтетілеуұлы*

**6.** Сұрақтарға жауап бер.

- Балаларға кімдер кездесті?
- Балалар қалай амандасты?
- Сен кімдерге сәлем бересің?

АРМАН-ПВ баспасы

**7.** Сұрақтар арқылы қажетті сөздерді тауып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

1. Ағайға ... (не істедік?).
2. (Кімге?) ... сәлем бердік.
3. Біз ... (қандай?) баламыз.

**8.** Жақсы істерді дәптерлеріңе жазып алыңдар.

*Үлгі: Мен ешкімді ренжітпеймін.*

1. Ешкімді ренжітпе.
2. Кішіге қамқор бол.
3. Үлкендерді құрметте.
4. Құстарға ұя жаса.
5. Қоқысты жерге тастама.

**9.** Өлеңді түсініп оқы.

### Әдептілік әліппесі

Атам маған әманда
Әдепті жан бол деген.
Ата сөзі санамда –
Жасы үлкенге жол берем.

Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпей көлденең.
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп, қол берем.

*Ә.Асылбеков*



АРМАН-ПВ баспасы

# 22. Тазалық – саулық негізі

**Бүгін үйренетініміз**

- тазалық туралы айта аламыз;
- іс-әрекетті білдіретін сөздердің сөйлемдегі орнын білеміз.

**Жаңа сөздер:**

тазалық, бетті жуу, қолды жуу, шашты тарау, тырнақты алу, шынығу, ұят

**Назар аудар!**

Мен **тарадым.**
Мен шашымды **тарадым.**
Мен тарақпен шашымды **тарадым.**

**1.** Мәтінді тыңда. Кейіпкер бала туралы айт.



**2.** Сөз тізбегі арқылы сөйлем құрастыр.

1. Жуамын.
2. ... жуамын.

3. … … жуамын.
4. … … … жуамын.
5. … … … …жуамын.

**3.** Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Мен  тара… .

Сен  ал… .

Сіз  үтікте… .

Ол  жу… .

Біз  шынықтыр… .

Сендер  же… .

Сіздер  жина… .

Олар  сурт… .

**4.** «Т» сөзжұмбағын шеш.


1.


5.


3.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Т | | | | | | | |
| Т | | | | | | | |
| Т | | | | | | | |
| Т | | | | | | | |
| Т | | | | | | | |
| Т | | | | | | | |


6.


2.

4.


# 23–24. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Мәтінді оқы.

Біз үшінші сыныпта оқимыз. Сыныптастарым – тәртіпті, сыпайы балалар. Олар сыныпты таза ұстайды. Үзілісте тақтаны сүртеді, гүлдерге су құяды. Қоқысты жәшікке тастайды. Сабақта шуламайды, мұғалімді тыңдайды. Сабаққа кешікпейді.

Айзере сабақты жақсы оқиды. Ол – ақылды қыз. Олимпиадаларға қатысып, жүлделі орын алады.

Айбек – мейірімді ұл. Оның достары көп. Айбек достарына жамандық жасамайды. Ешкімді ренжітпейді. Қарындас, інілеріне қамқор болады.

Ажар – қайырымды қыз. Ол жаралы құсты көріп, үйге алып келді. Жем, су беріп, күтті.

Сыныптастарым ән, би үйірмелеріне де қатысады. Қобыз, домбыра тартады. Сахнада билейді.

*Б.Шукоева*

**2.** Дұрыс жауабын тап.

1. Балалар нешінші сыныпта оқиды?
   A) үшінші
   B) екінші
   C) төртінші
2. Кім олимпиадаларға қатысады?
   A) Айбек
   B) Айзере
   C) Ажар
3. Балалар қандай үйірмеге қатысады?
   A) ән үйірмесіне
   B) қолөнер үйірмесіне
   C) сурет үйірмесіне

АРМАН-ПВ баспасы

**3.** Мәтіннен сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, кестені толтыр.

| Кімдер? | Нелер? | Қандай? | Қашан? | Не істейді? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**4.** Суреттердің бірін таңдап, әңгіме құра.





**5.** «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен!» деген мақалды қалай түсінесің? Кластер жаса.

Жақсы қасиеттер

Жаман қасиеттер

**6.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ә | ...зіліс | ...лгі | к...ту | д...йсенбі |
| ө | т...ртіп | ж...шік | н...рсе | ...ңгіме |
| і | қо...ыс | жал...ау | ...иын | ма...тау |
| ү | б...ліс | ...зі | ...рмекші | к...тер |
| ұ | сыз...ыш | шыны...у | қарлы...аш | мұ...алім |
| ғ | ...қыпты | ...рысу | қ...с | д...рыс |
| қ | мей...рімді | үй...рме | ренж...ту | кеш...гу |

3-БӨЛІМ

# УАҚЫТ



**Бұл бөлімде:**

- *қашан? қандай?* сұрақтарына жауап беруді;
- *не істеді? не істеп жатыр? не істейді?* сұрақтарына жауап беруді;
- мағынасы жақын сөздерді;
- *нешінші? нешеде?* сұрақтарына жауап беруді;
- *не істедік?* сұрағына жауап беруді;
- берілген сөздерден сөйлем құрап, сөйлемнің соңына тыныс белгілерін дұрыс қоюды;
- *дейін, шейін, кейін* сөздерін дұрыс қолдануды;
- сөздерді байланыстыратын қосымшаларды дұрыс жалғауды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 130, 133-беттердегі және 138,139-беттердегі 1, 8, 14,15-кестелерге сүйен.*



# 25. Жыл мезгілдері

**Бүгін үйренетініміз**

- жыл мезгілдерін білеміз;
- *қашан?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

жыл, мезгіл, диқан, қамба, ауа райы, бақша, пісу, қар күреу

**Назар аудар!**

**көктем+де** күн жылынады
**жаз+да** балалар суға шомылады
**күз+де** жеміс-жидек піседі
**қыс+та** қар жауады

**Есте сақта**

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша

Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бір жылда төрт мезгіл бар. Жыл мезгілдері: көктем, жаз, күз, қыс. Әр жыл мезгілінде ауа райы өзгеріп тұрады. Көктемде қар ериді, күн жылына бастайды. Диқандар жер жыртады. Егін егеді.

Жазда күн ыстық болады. Адамдар бақшада жұмыс істейді.

Күзде жеміс-жидектер піседі. Диқандар қамбаға астық жинайды.

Қыста қар жауады. Ауа райы суытады. Адамдар ауласын қардан тазалайды.

*Б. Шукоева*

- Мәтінге қандай ат қоясың?
- Бір жылда неше мезгіл бар?
- Қай мезгілде күн жылына бастайды?
- Әр жыл мезгілінде неше ай бар?

**2.** Суреттер мен сөйлемдерді сәйкестендір.

| | | |
|---|---|---|
| Қар ериді. | Бақшада жұмыс істейді. | Жер жыртады. |
| Қар күрейді. | Жеміс-жидектер піседі. | Астық жинайды. |








**3.** Мәтін мазмұны бойынша бос орындарға тиісті сұрақтарды қойып, жұбыңмен диалогті толықтыр.

Неше? | Не? | Кімдер? | Не істейді? | Қашан?

Бір жылда ... мезгіл бар?
... күн жылына бастайды?
Күзде ... піседі?

... қамбаға астық жинайды?
Адамдар қарды ... ... ?

**4.** Суреттерде көрсетілген жыл мезгілдерін ретімен ата.



**5.** Қосымшалардың тиістісін қойып жаз.

-да -де -та -те

Жаз..., желтоқсан..., қаңтар..., сәуір..., маусым..., қыркүйек...

**6.** Жұмбақтарды шеш.

**Қай мезгіл?**

Жеміс-жидек пісетін,
Ауызға кеп түсетін.
Бұл қай мезгіл?

Ұйқысынан оянған,
Жасыл түске боянған.
Бұл қай мезгіл?

Ұқсас аппақ мақтаға
Жасайтын кез аққала.
Бұл қай мезгіл?

Асыр салып ойнайтын,
Қызығына тоймайтын.
Бұл қай мезгіл?

*А.Дүйсенбі*

АРМАН-ПВ БАСПАСЫ

# 26. Көктем

**Бүгін үйренетініміз**

- көктем мезгілі туралы әңгімелесеміз;
- *қандай?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

жаңбыр, қауыз, бәйшешек, жиі, әсем, көрікті, тамшы, кемпірқосақ, серуендеу

**Назар аудар!**

**алғашқы** *(қандай?)* гүл
**жылы** *(қандай?)* күн
**көктемгі** *(қандай?)* табиғат
**жұқа** *(қандай?)* киім
**жасыл** *(қандай?)* шөп

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Қандай гүл көктемде алғашқы болып гүлдейді?
- Көктемде жаңбыр жиі жауа ма, әлде қар ма?

**2.** Суретке қарап, *«Көктемде не істейсің?»* сұрағына жауап бер. Өз ойыңды жаз.



Алматыкітап

**3.** Төмендегі сөздерді бос орынға қойып, мәтінді оқы. *Қандай?* сұрағына жауап бер.

Көктемде ... гүл – бәйшешек шығады. Бәйшешектің басы ... . Айналаға ... шөп өсті. Адамдар ... киім кие бастады. Құстардың ... даусы естілді. ... табиғат бізге ұнайды. Себебі көктем – ... жыл мезгілі.

**Керекті сөздер:** *жасыл, әсем, көктемгі, алғашқы, жұқа, көрікті, аппақ.*

**4.** «Көктем» тақырыбы бойынша 8 сөзді тап.

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| К | Н | А | У | Р | Ы | З | Е | П |
| Ө | Б | С | Ә | У | І | Р | И | Ғ |
| К | Е | М | П | І | Р | Қ | О | С |
| Т | Г | Ү | Л | Д | Е | Р | Е | А |
| Е | Қ | Ү | С | Т | А | Р | У | Қ |
| М | А | М | Ы | Р | Д | Г | Ү | Т |
| Б | Ә | Й | Ш | Е | Ш | Е | К | М |

**5.** Көктем мезгілін сызба бойынша сипаттаңдар.






**6.** Кел, жұмбақ шешейік!

Қар астында қыстады,
Ақпен бөркін тыстады.

АРМАН-ПВ баспасы

# 27. Көктем жаршысы

**Бүгін үйренетініміз**

- көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелесеміз;
- *не істеді? не істеп жатыр? не істейді?* сұрақтарына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

алғашқы, қараторғай, шуақты

**Назар аудар!**

Құстар **ұшып келді.**
Құстар **ұшып келе жатыр.**
Құстар **ұшып келеді.**

**1.** Диалогті тыңда. Жұбыңмен рөлге бөліп оқы.



– Көктем айларын білесің бе?
– Иә, білемін. Олар: наурыз, сәуір, мамыр.

– Көктемде қандай өзгерістер болады?

– Күн жылынады. Қар ериді, құстар ұшып келеді, үй жануарлары төлдейді.

– Көктемде шығатын алғашқы гүлдерді ата.

– Көктемде шығатын алғашқы гүлдер – бәйшешек, қызғалдақ.

– Көктемде қандай құстар ұшып келеді?

– Көктем мезгілінде ең бірінші қараторғай ұшып келеді.

*А.Омарова*

**2.** Диалог бойынша сөйлемдерді толықтыр.

Көктем айлары: ...
Көктемгі өзгерістер: ...
Көктемде шығатын гүлдер: ...
Көктемде алғаш ұшып келетін құс: ...

**3.** Суреттер мен сөйлемдерді сәйкестендір.

Үй жануарлары төлдеді.

Құстар ұшып келді.





**4.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

Ұшып келген ең алғаш
Қараторғай қырағы.
«Ұяларға қонақтап, –
Дейді, – менің тұрағым».

Ұя жасап тақтайдан,
Талға апарып байладым.
Жыл құсының шаттанған,
Күттім қашан сайрауын.

*Қ.Баянбай*

**5.** Өлең мазмұны бойынша бос орындарға тиісті сұрақтарды қойып, жұбыңмен сөйлес.

Қандай? | Не? | Қайда? | Қашан? | Қай?

Қараторғай ... құс?
Қараторғай ... ұшып келеді?
Қараторғай ... қонақтайды?
Мен тақтайдан ... жасадым?
Саған ... құс ұнайды?

**6.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, дәптеріңе жаз.

Мен кеше құстарға ұя жасады...
Мен қазір құстарға ұя жасап жатыр...
Мен ертең құстарға ұя жасай...

**7.** Сызбаны оқы, жауабын жаз.




АРМАН-ПВ баспасы

# 28. Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!

**Бүгін үйренетініміз**

- наурыз мерекесі туралы білеміз;
- мағынасы жақын сөздерді білеміз.

**Жаңа сөздер:**

Ұлыс, ұлы, теңесу, асық, наурызкөже, дәмді

**Назар аудар!**

**мереке/ мейрам** тойлау
**нұр/ жарық** түсіру
**айналаға/ төңірекке** қарау
**тағам/ ас/ тамақ** пісіру

**1.** Өлеңді тыңдап, ілесіп оқы.



Алақай-ау, балалар!
Айналаға қараңдар:
Бұлттар төгіп көктен нұр,
Гүл тағынып көктем жүр.

Шаттанамыз, ойнаймыз,
Наурыз тойын тойлаймыз.

*Е.Ашықбаев*

**Қызықты мәлімет**

Аңыз бойынша, 22 наурызға қараған түні даланы Қыдыр ата аралайды.

Қыдыр ата – бүкіл халықтың қамқоры, жақсылық жасаушы, бақыт, береке сыйлаушы, мейірімді қарт.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**2.** Өлеңнен кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап.

| Кімдер? | Қайдан? | Не? Нелер? | Не істейміз? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**3.** Өлеңдегі *не істейміз?* сұрағына жауап беретін сөздерді *не істейді?* сұрағына жауап беретіндей өзгертіп, дәптеріңе жаз.

**4.** Мәтінді мұқият оқы.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеседі.

Наурыз – жыл басы. Көктемнің алғашқы айы.

«Наурыз» сөзі парсы тілінде «жаңа күн» дегенді білдіреді.

Осы күні наурызкөже пісіріледі. Ол жеті түрлі тағамнан тұрады.

Адамдар бір-бірін құттықтайды. «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!» деп, жақсы тілектер айтады.

Ұлттық ойындар ойнайды.

*Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары*

**5.** Мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып жаз.

Бірінші – ... .
Осы – ... .
Ас – ... .
Халық – ... .

**6.** Диалогті жұбыңмен жалғастыр.

– Әли, қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің?
– ...
– Саған қазақтың ұлттық ойындары ұнай ма?
– ...
– Асық ойнай аласың ба?
– ...

**7.** Суреттегі ұлттық ойындардың бірін таңдаңдар. Осы ойын туралы ғаламтордан ақпарат тауып, әңгімелесіңдер.



# 29. Күз мезгілі тамаша

**Бүгін үйренетініміз**

- күзгі еңбек туралы әңгімелесеміз;
- *нешінші?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

картоп, қызанақ, қияр, сәбіз, орамжапырақ, қатар, егін, саяжай

**Назар аудар!**

тоғыз+**ыншы** *(нешінші?)* үй
алты+**ншы** *(нешінші?)* қатар
үш+**інші** *(нешінші?)* сынып
екі+**нші** *(нешінші?)* пәтер

**1.** Мәтінді оқы. Қысқаша мазмұнын айт.

Біз күзде отбасымызбен саяжайға бардық. Саяжайда картоп, қияр, қызанақ, сәбіз, орамжапырақ көп өсті.

Атам екеуміз бірінші қатардан қияр жинадық. Ағам екінші қатардан қызанақ жинады.

Әкем үшінші қатардан картоп қазды.

Әпкем төртінші қатардан сәбіз жинады.

Анам бесінші қатардағы орамжапырақты жинады.

Көгөністерді үйге әкелдік. Әжемнің шайын іштік.

*Б.Шукоева*



**2.** Тиісті қосымшаны жалғап, дәптеріңе жаз.

-ыншы | -інші | -ншы | -нші

Бір... қатарда 5  бар.

Екі... қатарда 7  бар.

Үш... қатарда 12  бар.

Төрт... қатарда 20  бар.

Бес... қатарда 3  бар.

**3.** Бос орындарға тиісті сұрақты қойып, жұбыңмен сөйлес.

Қашан? | Нелер? | Не істеді? | Нені?

Біз отбасымызбен саяжайға ... бардық?
Саяжайда ... көп өскен?
Әкем мен ағам ... ...?
Анам мен әпкем ... жинады?

**Есте сақта**

Әділдік алдымен отбасынан басталады. Отбасында бір-біріне қамқор болып, жауапкершілікті бөлісе білу маңызды.

**4.** Суретке қарап «Пайдалы салат» рецебін жаз.

*Үлгі: Мен бірінші қиярды тураймын.*

Екінші ... кесемін.
Үшінші ... ... .

АРМАН-ПВ баспасы

Төртінші ... ... .
Бесінші ... ... .
Соңынан май қосып, араластырамын.



**5.** Сурет бойынша әңгімелесіңдер.

***Керекті сөздер:*** *орман, сұр бұлт, салқын, жапырақ.*



**6.** Кел, жұмбақ шешейік!

Жапырақты бояды,
Атырапты бояды.
Бояп-бояп барлығын
Сап-сары ғып қояды.
Бұл қай мезгіл?

АРМАН-ПВ баспасы

# 30. Күзгі орман

**Бүгін үйренетініміз**

- күз мезгілі туралы әңгімелесеміз;
- *не істедік?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

сары алтын, орман, жаңбыр, тығылу, жылы жақ, бұлт, тиін, жаңғақ

**Назар аудар!**

Біз орманға **бардық.**
Орманда жапырақ **жинадық.**
Сүйкімді тиінді **көрдік.**

**1.** Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Балалар қайда барды?
- Орманда құстар көп болды ма?
- Жаңбыр жауғанда балалар қайда тығылды?
- Балалар орманда не істеді?



**2.** Мәтін мазмұны бойынша суреттердің ретін тауып, әңгімеле.



**3.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

Жапырақтар сарғай... .
Жаңбыр жау... .
Құстар жылы жаққа ұшып кет... .
Балалар жылы киін... .

**4.** *Не істедік?* сұрағына жауаптар құрастыр.

| | |
|---|---|
| орманға бар | -дық<br>-дік |
| жылы киін | |
| жапырақ жина | |
| тиінді көр | |

**5.** Дұрысын таңдап, дәптеріңе жаз.

Күзде жаңбыр (жауады/ жаумайды).
Орманда (серуендедік/ серуендемедік).
Жапырақтар (сарғайды/ сарғаймады).

Тиінді (көрдік/ көрмедік).
Тиінге жаңғақ (бердік/ бермедік).

**6.** Күз мезгілі туралы жұбыңмен диалог құр.

– Қазір қай жыл мезгілі?
– Күзде ауа райы қандай болады?
– Күзде не жиі жауады?
– Құстар қайда ұшып кетеді?
– Ағаш жапырақтары қандай түске боялады?
– Саған күз мезгілі ұнай ма?

**7.** Сөзжұмбақты шешіңдер.




**8.** «Күз – керемет мезгіл» тақырыбында өз ойыңды дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем. «Себебі күзде ...»
Соңғы сөйлем. «Сондықтан мен ... деп ойлаймын»

АРМАН-ПВ баспасы

# 31. Қыс мезгілі қызықты

**Бүгін үйренетініміз**

- қыс мезгілі туралы әңгімелесеміз;
- берілген сөздерден сөйлем құраймыз;
- сөйлемнің соңына тыныс белгілерін дұрыс қоямыз.

**Жаңа сөздер:**

айнала, аяз, боран,
ұзару, қысқару,
жылы, суық, кейін

**Назар аудар!**

Мен аққала жасаймын.
Сен аққала жасайсың ба?
Қандай әдемі аққала!

**1.** Мәтінді тыңда. Қысқаша мазмұнын айт.



**2.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын белгіле.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Қыста аязды, боранды күндер көп болады. | | |
| Балалар сабаққа дейін далада қармен ойнайды. | | |
| Қардан ойыншықтар жасайды. | | |
| Бәрі жылы киім киеді. | | |

**3.** Сөйлемдерді толықтырып, жұбыңмен сөйлес.

– Қыста күн суық бола ма?
– Иә, қыста ... ... .
– Қар қашан жауады?
– Қар ... ... .
– Қыста қандай күндер көп болады?
– Қыста ... ... .
– Аулада кімдер қармен ойнайды?
– Аулада ... ... ... .

**4.** Айбекті қысқы ауа райына сәйкес киіндіріңдер.



**5.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құра. *Не істейді?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Қар, айнала, аппақ.
Түн, қысқарады, ұзарып, күн.
Мұз, суы, өзен-көлдердің, қатады, болып.
Балалар, кейін, ойнайды, қармен, аулада, сабақтан.

**6.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып, дәптеріңе жаз.

Алақай, қар жауып тұр
Саған қыс мезгілі ұнай ма
Қыста күн салқын болады



**Қызықты мәлімет**

**Халық болжамы**

- Орманда саңырауқұлақ аз өссе, қыс суық, аязды болады.
- Шілдеде күн өте ыстық болса, қыста қатты аяз болады.
- Бұлт желге қарсы көшсе, қар жауады.

**7.** Кел, жұмбақ шешейік!



Қолы мен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады көп.

☐☐☐



Қыста ғана болады,
Ұстасаң, қолың тоңады.

☐☐☐



Көрінбейтін өзі,
Айтатын жоқ сөзі.
Ысқырып тұрады,
Серуен құрады.

☐☐☐☐☐

АРМАН-ПВ

# 32. Сырғанақта

**Бүгін үйренетініміз**

- демалыс күнді қалай өткізгенімізді айтамыз;
- *дейін, шейін, кейін* сөздерін дұрыс қолдануды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

сырғанақ, шана, аққала, коньки, шаңғы, сырғанау, тебу, дейін

**Назар аудар!**

**түске дейін** тазалау
**сабаққа шейін** жаттау
**түстен кейін** жиналу
**сабақтан кейін** бару

**1.** Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.





- Әли түске дейін не істеді?
- Ералы сырғанаққа қашан барды?
- Балалар сырғанақтан кейін қайда кетті?

**2.** Көп нүктенің орнына *дейін, шейін, кейін* сөздерін қойып, дәптеріңе жаз.

Әсем түске ... коньки тепті, түстен ... сабағына дайындалды. Алмат кешке ... ауланы тазалап қойды. Сабақтан ... бәріміз сырғанаққа кеттік. Кешкі асқа ... үй тапсырмасын орындадым.

**3.** Суреттер мен сөйлемдерді сәйкестендір. *Қашан?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Айсұлтан мен Жадыра шанамен сырғанап жүр.
Аруна мен ағасы түске шейін аққала жасады.
Алмат түскі астан кейін шаңғы тепті.
Карима мен Әйгерім кешке дейін коньки тепті.



**4.** Демалыс күні туралы жұбыңмен сөйлес.

– Демалыс күні ерте тұрдың ба?
– ...
– Түске дейін не істедің?
– ...
– Түстен кейін не істедің?
– ...
– Ата-анаңа көмектестің бе?
– ...

**5.** «Қыс» тақырыбында постер дайындап, сынып алдында қорғаңдар.
**Керекті сөздер:** *аққала, сырғанақ, аяз, боран.*

**6.** Жұмбақтарды шеш.





Аяғыма байладым,
Қос таяқпен айдадым.

Табанға қанжар байладым,
Бетінде айна ойнадым.

АРМАН-ПВ баспасы

# 33. Уақыт

**Бүгін үйренетініміз**

- уақыт бірліктері: сағат, минут, секунд туралы білеміз;
- *нешеде?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

уақыт, секунд, минут, сағат, тәулік, тура, жарым, таңертең

**Назар аудар!**

бір+**де** аяқталады
үш+**те** басталады
алты+**да** барамын

**Есте сақта**

Бір минутта 60 секунд бар.
Бір сағатта 60 минут бар.
Бір тәулікте 24 сағат бар.



**1.** Мәтінді оқы.




Мен үшінші сыныпта оқимын. Мен таңертең сағат 7:00-де оянамын. Мектепке сағат 8:00-де келемін.

Сабақ 8:15-те басталады, 13:30-да аяқталады.

14:00-де үйге барамын. 16:00-де құрбым екеуміз кітапханаға барамыз. Кітапханада ертегілерді оқимыз.

**2.** Мәтіннің мазмұнына сай әңгімеле. *Нешеде?* сұрағына жауап бер.

*Үлгі: Мен мектепке сағат сегізде келемін.*




**3.** Сағатқа қарап уақыттың дұрыс нұсқасын сөзбен жаз.

*Үлгі: Сабақ сегізден он бес минут кеткенде басталады.*

Мен мектепке 7:00 / 8:00 келемін.

Сабақ 7:30 / 8:15 басталады.

Сабақ 13:15 / 13:30 аяқталады.

Біз 15:30 / 16:00 кітапханаға барамыз.

**4.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Сағат тілі

Бар уақыт дәлдікте,
Алпыс минут – бір сағат.
Қанша сағат тәулікте,
Береді екен кім санап?

Сағатты дәл көрсетер
Қысқа тілі байланған.
Ұзын тілі көрсетер
Минуттарды айналған.

*С.Әкірамұлы*

Арман-ПВ баспасы

**5.** Сәйкестендіріп, сөйлем құра.

| | |
|---|---|
| бір сағатта | 24 сағат бар |
| бір тәулікте | сағатты көрсетеді |
| қысқа тілі | 60 минут бар |
| ұзын тілі | минутты көрсетеді |

**6.** Сөйлемдердегі бос орындарды тиісті сандармен толықтырыңдар.

1 минутта ... секунд бар.
1 сағатта ... минут бар.
1 тәулікте ... сағат бар.
1 айда ... апта, ... күн бар.
1 жылда ... апта, ... күн, ... ай, ... жыл мезгілі бар.

**7.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Са...аттың ішіне жазыл...ан сандар «циферблат» деп аталады.

Сағаттың ек... тілі немесе үш т...лі болады. Олар: сағатты көрсететін қыс...а тілі, минутты көрсететін ұз...ндау тілі, ж...ріп бара жатқан секундтық т...лі.

**8.** Жұмбақты шеш.

Уақытты өлшеп, санап,
Таппайды бір тағат.
Бұл – ...

АРМАН-ПВ баспасы

# 34. Сағат түрлері

**Бүгін үйренетініміз**

- сағат түрлерімен танысамыз;
- сөздерді байланыстыратын қосымшаларды қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

әтеш, электронды сағат, қолсағаты, қалта сағаты, үстел сағаты, қабырға, сағаты, кету, қалу

**Назар аудар!**

екі+**ден** кетті
бес+**тен** кейін
тоғыз+**дан** соң
он+**нан** асты

**1.** Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.



Ертеде адамдар уақытты күнге, әтештің шақырғанына қарап ажыратқан.

Қазіргі кезде сағаттың түрлері көп. Мысалы, үстел сағаты, қабырға сағаты, қолсағат, электронды сағат, қалта сағаттары. Біздің үйде қоңыр қабырға сағаты қонақ бөлмесінде ілулі тұр. Менің бөлмемде қызыл үстел сағаты тұр. Ас үйде электронды сағат бар. Атам қалта сағатын қалтасына салып жүреді. Әкем қолсағатын сол қолына тағады.

*М.Кабасова*

- Сен уақытты қандай сағатпен білесің?

**2.** Сәйкестендіріп, сағат түрлерін ата.

| электронды сағат | қабырға сағаты | қолсағат | үстел сағаты |
|---|---|---|---|



**3.** Сөйлемдерді толықтырып, жұбыңмен әңгімелес.

– Бір минутта неше секунд бар?
– Бір сағатта неше минут бар?
– Бір тәулікте ... ... ...?
– Бір айда ... ... ...?
– Бір айда ... ... ...?

**4.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, дәптеріңе жаз.

| -дан | -ден | -тан | -тен | -нан | -нен |
|---|---|---|---|---|---|

Бір... бес минут кетті. Үш... он минут кетті. Алты... он бес минут кетті. Он... жиырма минут кетті. Он бір... жиырма бес минут кетті.

**5.** Сағаттардың қай уақытты көрсетіп тұрғанын айт.



**6.** Үлгіге қарап, өз күн тәртібіңді айтып бер.

***Үлгі:*** *Мен сағат сегізде мектепке барамын, үйге бір жарымда келемін.*

АРМАН-ПВ баспасы

# 35–36. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Ертегіні түсініп оқы.

**Жыл мезгілдері**

Ертеде бір ананың төрт қызы болыпты. Олар сұлу, тәртіпті болып өсіпті.

Үлкен қызының аты – «Көктем». Ол әдемі, нәзік екен.

Екінші қызы – «Жаз» ақжарқын, әрқашан күлімдеп, нұрын шашып жүреді.

Үшінші қызы – «Күз» ренжігіш, бірақ қолы ашық екен.

Ал төртінші қызы – «Қыс» аппақ. Ол басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау екен.

*Халық ертегісінен үзінді*

**2.** Мәтін мазмұны бойынша сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| үшінші қыз | қыс |
| екінші қыз | күз |
| төртінші қыз | көктем |
| үлкен қыз | жаз |

**3.** Дұрысын таңдап, сөйлемдерді дәптеріңе жаз.

Ертеде бір ананың үш/ төрт қызы болыпты.
Олар сұлу/ көріксіз болып өсіпті.
Үлкен қызы әдемі/ жылауық екен.
Екінші қыз әр уақытта ренжіп/ күлімдеп жүреді.
Үшінші қыздың қолы ашық/ мінезі тік екен.
Төртінші қыз жұмсақ мінезді/ қатал екен.

АРМАН-ПВ баспасы

**4.** Суреттер мен ай аттарын сәйкестендір.

наурыз
сәуір
мамыр



қыркүйек
қазан
қараша



маусым
шілде
тамыз



желтоқсан
қаңтар
ақпан



**5.** Дұрыс жауабын тап.

1. Қыс айын көрсет.
   A) маусым
   B) желтоқсан
   C) қараша
2. Қыстың екінші айын ата.
   A) қаңтар
   B) желтоқсан
   C) ақпан
3. Қыста киетін киімді ата.
   A) қолғап
   B) көйлек
   C) туфли
4. Қашан түн ұзақ болады?
   A) қыста
   B) жазда
   C) көктемде
5. Қыста қандай мерекеге дайындалады?
   A) Халықаралық әйелдер күні
   B) Жаңа жыл
   C) Жеңіс күні

**6.** Жұбыңа сұрақ қой.

– Бір аптада неше күн бар?
– Бір айда неше апта бар?
– Бір айда неше күн бар?
– Бір жылда неше ай бар?
– Бір жылда неше апта бар?
– Бір жылда неше күн бар?

Атамұра баспасы

**7.** Венн диаграммасы арқылы көктем мен күз мезгілін салыстырыңдар.




**8.** Қазір сағат неше?




**9.** Жұмбақтарды шеш.

Жеті бауыр туыспыз,
Атымыз өзге демесең,
Жұмған жұдырық уыспыз.

Үш тілі тақылдап,
Жаңылмайтын ақылды-ақ.

АРМАН-ПВ баспасы

# 4-БӨЛІМ

# СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



**Бұл бөлімде:**

- қосымшаларды дұрыс қолдануды;
- *алды, арты, асты, үсті, іші, сырты* сөздерін қолдануды;
- *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшалаларын пайдалануды;
- *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар* сөздерін өзгертіп қолдануды;
- болып кеткен/ болып жатқан/ болатын іс-әрекет туралы айтуды;
- өз қалауымыз туралы айтуды;
- сандарды қолданып сөйлем құрауды;
- сұрақтарға жауап беруді;
- *дейін, кейін, шейін* сөздерін қолдануды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 132, 133, 134-беттердегі және 138, 140-беттердегі 6, 7, 8, 10, 14, 16-кестелерге сүйен.*



# 37. Сәулет өнері

**Бүгін үйренетініміз**

- сәулет өнері туралы әңгімелесеміз;
- қосымшаларды дұрыс қолдануды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

сәулет, жоба, сұлба, құрылыс, ғимарат, ескерткіш, сарай

**Назар аудар!**

құрылыс+**ты** жобалау
үйірме+**ге** қатысу
ғимарат+**қа** бару

**1.** Мәтінді тыңда. Қысқаша мазмұнын айт.



Сәулет өнері «архитектура» деп аталады. Ол латын және грек тілдерінде «бас құрылысшы» деген мағынаны береді.

Сәулет – құрылысты жобалау өнері. Сәулет өнеріне ескерткіштер, мектеп, балабақша, сарайлар, театр ғимараттары жатады.

Біздің елде сәулет өнері жақсы дамыған.

Сәулет ғимараттары ұлттық үлгіде салынады. Мысалы, Түркістандағы «Керуен-сарай» туристік кешені шығыстық үлгіде салынған.

*bilimdiler.kz*

**2.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын тап.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Архитектура – сәулет өнері. | | |
| Ол латын және грек тілдерінде «бас құрылысшы» деген мағынаны бермейді. | | |
| Сәулет – сурет салу өнері. | | |
| Сәулет өнеріне ескерткіштер, сарай, театр ғимараттары жатады. | | |
| Қазақстанда сәулет өнері жақсы дамыған. | | |
| Түркістандағы «Керуен-сарай» туристік кешені батыстық үлгіде салынған. | | |

**3.** Сөздерден сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

| | | |
|---|---|---|
| сәулет өнері | ұлттық үлгіде | өнері |
| сәулет – | архитектура | деп аталады |
| біздің елде | құрылысты жобалау | жақсы дамыған |
| ғимараттар | сәулет өнері | салынады |

**4.** Жұбыңмен үлгі бойынша әңгімелес.

– Біздің елде сәулет өнері қалай дамыған?

– ...

– Қандай сәулет ескерткіштерін білесің?

– ...

– Саған қандай сәулет өнері ұнайды?

– ...

АРМАН-ПВ баспасы

**5.** Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап, айт.

-ты -ті -қа -ке -ға -ге -ды -ді

| | | | |
|---|---|---|---|
| мектеп... | бардым | сарай... | көрдім |
| сәулет... | жобаладым | театр... | бардым |
| ғимарат... | салдым | ескерткіш... | көрдім |
| құрылыс... | бардым | үйірме... | қатыстым |

**6.** Бос орындарды толтыр.

дейін кейін

Мен мектепке ... сурет үйірмесіне бардым. Маған сурет үйірмесі ұнады.

Ағам сабақтан ... сәулет үйірмесіне барып жүр. Онда қағаздан заттың сұлбасын жасайды. Содан ... бояумен бояйды.

**7.** Сөз тізбегі арқылы сөйлем құра.

Сәулет ...
Сәулет ... ...
Сәулет ... ... ...
Сәулет ... ... ... ...

**8.** Сөздерді тап.

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| ү | ғ | л | и | т | ә | ы | е | қ | с | р | у | м | а |

9, 5, 11, 2, 7, 4
8, 0, 10, 6, 2, 6, 9
1, 3, 12, 13, 10, 13, 4
9, 11, 10, 7, 4

АРМАН-ПВ баспасы

# 38. Арманым – сәулетші болу

**Бүгін үйренетініміз**

- сәулет өнері туралы әңгімелесеміз;
- *алды, арты, асты, үсті, іші, сырты* сөздерін қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

сәулетші, сәнді, субұрқақ, көркейту, алаң, ұлттық ойын, қабат

**Назар аудар!**

үйдің **алдында**
ғимараттың **ішінде**
қаланың **сыртында**
ауылдың **шетінде**
жолдың **бойында**

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Өз пікіріңді білдір.

1. Мәтінге қандай ат қояр едің?
2. Бала нені армандайды?
3. Сен сәулетші мамандығы туралы не білесің?
4. Сен сәулетші болсаң, аулалар мен ойын алаңдарын қалай өзгертер едің?

**2.** Сәйкестендіріп, сөйлем құра.

| | |
|---|---|
| сәулетші | салғым келеді |
| қағазға | жан-жағында |
| көркейтуді | болғым келеді |
| субұрқақтың | сызуды ұнатамын |
| ойын алаңдарын | армандаймын |

**3.** Мәтіннен *қайда?* сұрағына жауап беретін тіркестерді тауып, сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

**4.** Тиісті қосымшаларды жалғап, дәптеріңе жаз.

***Үлгі:*** *Үйдің алдында.*

| | | | |
|---|---|---|---|
| Үй... | -ның | алды... | |
| Аула... | -нің | іші... | -нда |
| Субұрқақ... | -дың | арты... | |
| Сәулетші... | -дің | қасы... | -нде |
| Жол... | -тың | бойы... | |
| Алаң... | -тің | шеті... | |

**5.** Мәтінге сай суретті тап. Сурет бойынша әңгімеле.





**6.** Өз қалаңда, ауылыңда қандай ғимараттар болғанын қалай-сыңдар? Ойларыңды ортаға салыңдар.

**7.** Жасырынған 8 сөзді тап.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| О | С | Ә | У | Л | Е | Т | Ш | І | А |
| Й | С | У | Б | Ү | Р | Қ | А | Қ | У |
| Ы | А | Ғ | А | Ш | Г | Ү | Л | Д | Л |
| Н | Ү | Й | Қ | А | Ғ | А | З | А | А |
| Қ | Ү | Р | Ы | Л | Ы | С | Ш | Ы | Ж |
| Н | А | Ы | Ғ | И | М | А | Р | А | Т |

**8.** Өлеңді оқы. Жаттап ал.

Елден алғыс алатын
Өскен кезде ер болам.

Сәнді үйлер салатын
Құрылысшы мен болам.

*Ә.Асылбек*

# 39. Құрылысшы

**Бүгін үйренетініміз**

- құрылысшы туралы әңгімелесеміз;
- *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшаларын пайдаланамыз.

**Жаңа сөздер:**

құрылысшы, тас қалаушы, сылақшы, краншы, балға, балта, өлшеуіш, кірпіш, шеге, жаңа

**Назар аудар!**

мен құрылысшы+**мын**
сен құрылысшы+**сың**
сіз құрылысшы+**сыз**
ол **құрылысшы**
біз құрылысшы+**мыз**
сендер құрылысшы+**сыңдар**
сіздер құрылысшы+**сыздар**
олар **құрылысшылар**

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Қосымшаларды дұрыс жалғап, дәптеріңе жаз.

Мен құрылысшы... . Сен тас қалаушы... . Сіз құрылыста жұмыс істей... . Ол таңертеңнен кешке дейін жұмыс істей... . Біз сапалы кірпіштерден үй сала... .

Сендер үйдің іргетасын қалай... . Сіздер үйдің төбесін ағашпен, шатырын қаңылтырмен жаба... . Олар есік, терезелерін сала... .

**3.** Құрылысшыға қажет құралды тауып, сөз тіркестерін жаз.

*Үлгі:* *шегені қағу*



**4.** 1, 2-тапсырмаларды пайдаланып, сөзжұмбақты шеш.

1. Үйді ... салады.
2. Құрылысшылар таңертеңнен кешке дейін ... істейді.
3. Құрылысшы ... қалайды.
4. ... жаңа үйлер салынып жатыр.
5. Үйдің шатырын ... жабады.
6. Үйді салу кезінде бірінші ... қалайды.
7. Үйдің жобасын ... жасайды.

| | |
|---|---|
| 1. | қ |
| 2. | ұ |
| 3. | р |
| 4. | ы |
| 5. | л |
| 6. | ы |
| 7. | с |

АРМАН-ПВ баспасы

# 40. Құрылысшылар отбасы

**Бүгін үйренетініміз**

- құрылысшылар отбасы туралы айтамыз;
- *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар* сөздерін өзгертіп қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

астана, зейнеткер, зәулім, биік, әсем, цемент, құм

**Назар аудар!**

**менің** атам, **сенің** әжең,
**маған** айтты, **саған** берді,
**мені** тыңдады, **сені** көрді,
**менде** бар, **сенен** алды

**1.** Тыңда. Мәтін мазмұнына сәйкес қосымшаларды дұрыс жалға.

Отбасы... екі құрылысшы бар.

Атам мен әжем Алматы... жаңа астанамызға көшіп келді.

Мен атам... үйді қалай салатынын сұрадым.

Ең бастысы, жұмысың... адал атқару керек.

**2.** Дұрысын таңдап, сөйлемдерді оқы.

Мен/ менің/ маған отбасымда құрылысшылар бар.

Сен/ сенің/ саған ағаң сәулетші.

Құрылысшылар сіз/ сіздің/ сізге үй салып берді.

Ол/ оның/ оған үйдің іргетасын қалайды.

Біз/ біздің/ бізге атамыз үй туралы айтты.

Сендер/ сендердің/ сендерге тас қаладыңдар.

Сіздер/ сіздердің/ сіздерге үйлеріңіз әдемі.

Олар/ олардың/ оларға Астана қаласындағы жаңа ғимараттар ұнайды.

**3.** Дұрысын тауып оқы.

Құрылысқа | құм/ цемент/ үй жануарлары/ құстар/ кірпіш/ гүл/ ағаш | қажет.

Құрылысқа | бірлік/ жалқаулық/ еңбекқорлық/ еріншектік/ адалдық | қажет.

**4.** Керекті сөздерді дұрыс орналастырып, дәптеріңе жаз.

... Астана қаласында тұрамын. ... атам мен әжем – құрылысшылар.

Олар ... жақсы көріп, еркелетеді.

Атам мен әжем ... ойыншықтар сатып әпереді. ... лего ойыншықтар көп.

Атам ... өскенде кім болатынымды сұрады.

***Керекті сөздер:*** *мен, маған, менде, мені, менің, менен.*

**5.** Жұбыңа астанамыздың көрікті жерлерін таныстыр.





**6.** Болашақта астанамыздың қандай болғанын қалайсыңдар? Ойларыңды ортаға салыңдар.

***Керекті сөздер:*** *жоба, зәулім, әсем, кірпіш, құм, көпқабатты, құрылысшы.*

**7.** Өлеңді оқы. Жаттап ал.

Астана – ғажап қала,
Отанның бас қаласы.
Бәріміз қызығатын
Қазақтың астанасы.

*М.Сембайқызы*

Арман-ПВ баспасы

# 41. Менің үйім

**Бүгін үйренетініміз**

- өз үйіміз туралы айтамыз;
- болып кеткен/ болып жатқан/ болатын іс-әрекет туралы айтып үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

арналған, жөндеу жұмыстары, оң жағында, сол жағында, орналасу

**Назар аудар!**

Мен **бардым.**
Мен **бара жатырмын.**
Мен **барамын.**

**1.** Тыңда. Мәтінді оқы.



Менің отбасым қаланың ортасында бес бөлмелі пәтерде тұрады.

Пәтеріміз он алты қабатты үйдің оныншы қабатында орналасқан. Үйіміздің бөлмелері бөлек-бөлек орналасқан.

Ата-анам үйдің ішіне жөндеу жұмыстарын жасады. Асүй мен қонақ бөлмесін біріктірді. Қонақ бөлмесі кеңейді.

Менің өзімнің жеке бөлмем бар. Бөлмемнің оң жағында үстел, компьютер, шкаф, сол жағында кереует, қабырғада кітаптарға арналған сөре ілулі тұр. Бөлмем кең, жарық.

Мен бөлмемде кітап оқығанды, компьютерде жұмыс жасағанды ұнатамын.

*А.Омарова*

**2.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құра.

1. Біз, бөлмелі, бес, тұрамыз, пәтерде.
2. Үйдің, жасады, жөндеу, ішіне, жұмыстарын.
3. Асүй, бөлмесін, мен, қонақ, біріктірді.
4. Бөлмемде, ұнатамын, оқығанды, кітап.

**3.** Жиһаздарды кестеде берілген бөлмелерге дұрыс орналастыр.

| Асүй | Жатын бөлме | Қонақ бөлме |
|---|---|---|
|  |  |  |
|  |  |  |

4. Сұрақтарға жауап беріп, жұбыңмен сөйлес.

– Сенің үйің (пәтерің) қандай?
– ...
– Сенің өз бөлмең бар ма?
– ...
– Бөлмең қандай?
– ...
– Бөлмеңде қандай заттар бар?
– ...

5. Сөздерді үлгі бойынша жаз.

*Үлгі:*

| Кеше | Бүгін (қазір) | Ертең |
|---|---|---|
| тыңдадым | тыңдап отырмын (тыңдап тұрмын, тыңдап жатырмын, тыңдап жүрмін) | тыңдаймын |

Тыңдау, қуану, жасау, сызу, жазу, бақылау.

6. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жаз.

Мен кеше бөлмемде кітап ... .
Мен қазір бөлмемде кітап ... .
Мен ертең бөлмемде кітап ... .

**Керекті сөздер:** *оқимын, оқып отырмын, оқыдым.*

7. Есепті оқып, жауабын тап.

Біздің үйде асүй, қонақ бөлмесі, 3 жатын бөлме және менің бөлмем бар. Біздің үйде барлығы қанша бөлме бар?

Арман-ПВ баспасы

# 42. Бәйтерек – бейбітшілік ұясы

**Бүгін үйренетініміз**

- «Бәйтерек» монументі туралы әңгімелесеміз;
- өз қалауымыз туралы айтып үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

«Бәйтерек» монументі, символ, «AiLand» отбасылық демалыс орталығы, елорда, аңыз, Самұрық құс

**Назар аудар!**

менің **барғым келеді**
сенің **барғың келеді**
сіздің **барғыңыз келеді**
оның **барғысы келеді**
біздің **барғымыз келеді**
сендердің **барғыларың келеді**
сіздердің **барғыларыңыз келеді**
олардың **барғысы келеді**

**1.** Тыңда. Қысқаша мазмұнын айтып бер.



Астана қаласының бас символы – «Бәйтерек» монументі. Ол Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Оның биіктігі – 97 метр.

«Бәйтерек» – өте әдемі ғимарат. Оның жоғарғы бөлігінде алтын түсті шар бар. Шардың ішінде «Аялы ала-

қан» орналасқан. Адамдар оған қолын қойып, тілектерін айтады.

«Бәйтерек» туристерге де ұнайды. Олар суретке түсіп, қаланы жоғарыдан тамашалайды.

*«Қазақстан» энциклопедиясынан*

**2.** Дұрысын тауып, оқы.

Есіл өзенінің сол жағалауында «Бәйтерек» монументі/ «AiLand» отбасылық демалыс орталығы орналасқан. Ең жоғарғы бөлігінде алтын/ күміс түсті шар бар. Туристер қаланы жоғарыдан/ төменнен тамашалайды.

**3.** Сұрақтарға жауап беріп, жұбыңмен сөйлес.

– «Бәйтерек» монументіне бардың ба?
– ...
– Саған ұнады ма? / Барғың келе ме?
– ...

**4.** Сәйкестендір. Үлгі бойынша жаз.

***Үлгі:*** *Менің көргім келеді.*

| | көргіміз келеді | көргісі келеді | көргілері келеді | көргілеріңіз келеді | көргім келеді | көргілерің келеді | көргің келеді | көргіңіз келеді |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| менің | | | | | + | | | |
| сенің | | | | | | | | |
| сіздің | | | | | | | | |
| оның | | | | | | | | |
| біздің | | | | | | | | |
| сендердің | | | | | | | | |
| сіздердің | | | | | | | | |
| олардың | | | | | | | | |

**5.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

-ғы | -гі | -қы | -кі

Астана қаласына бар...м келеді.
«Бәйтерек» монументін көр...м келеді.
Астанамыз туралы айт...м келеді.
Елордамыз туралы өлең оқы...м келеді.
Көпірден өт...м келеді.

**6.** Мәтінді оқы.

### Бәйтерек туралы аңыз

Бәйтерек – биік өсетін ағаш. Самұрық жылда **бәйтеректің** басындағы ұясына алтын **жұмыртқа** салады екен. Бірақ айдаһар-жылан үнемі оның жұмыртқасын жеп қояды.



Бір күні Ер Төстік **айдаһар-жыланды** өлтіріп, Самұрық **құстың** алтын жұмыртқасын **аман алып қалады**. Самұрық құс батырға алғыс айтады.

*el.kz*

**7.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Не? | Ненің? | Нені? | Не істейді?

**8.** Аңыздағы Самұрық құстың суретін сал.

АРМАН-ПВ баспасы

# 43. Бейбітшілік және келісім сарайы

**Бүгін үйренетініміз**

- Бейбітшілік және келісім сарайы туралы әңгімелесеміз;
- ғимарат туралы айта аламыз.

**Жаңа сөздер:**

бейбітшілік, келісім, төбе, әйнек, бірлік, ынтымақтастық, сырт, тас, достық

**Назар аудар!**

ғимараттың **іші**
ғимараттың **сырты**
ғимараттың **төбесі**
көшенің **бойы**
алаңның **шеті**
үстелдің **үсті**

**1.** Мәтінді тыңда. Қайталап оқы.

Бейбітшілік және келісім сарайы Қазақстан жеріндегі бірлік пен ынтымақтастықтың белгісі.

Жоба авторы – ағылшын архитекторы Норман Фостер.

Пирамиданың негізі – 62х62 метр, биіктігі – 62 метр. Ғимараттың сырты әйнек және тас плиталармен қапталған. Төбесінде елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерін суреттейтін 130 ақ көгершін бейнеленген. Сарай ішінде түрлі залдар мен орталықтар орналасқан.

*«Қазақстан» энциклопедиясынан*

**2.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



– Суретте не бейнеленген?
– Бұл ғимарат қай қалада орналасқан?

– Пішіні қандай?
– Сен бұл ғимаратта болдың ба?

**3.** Орны ауысқан сөздерді орнына қойып, сөйлемді жаз.

**Норман, авторы, архитектор, жоба – Фостер, ағылшын.**

**4.** Керекті сөзді пайдаланып, сөз тіркестерін құра.

***Үлгі:*** *ғимараттың жанында*

***Керекті сөздер:*** *жанында, сыртында, бойында, ішінде, шетінде, үстінде.*

**5.** Көп нүктенің орнына **ы**, ***і*** әріптерін дұрыс қойып, өлеңді мәнерлеп оқы.

**Ел бірлігі**

Кең-байтақ жер...м...з –
Татул...қ тұрағы.
Бау...рмал ел...м...з –
...нт...мақ ұран... .
Жаңғ...рт...п далан... ,
Ш...рқап ән салад... .
Хал...қтар дост...ғ... –
Б...рл...кт...ң қамал... .

*С.Әкірамұлы*

**6.** Буындарды бір-біріне жалғап, 4 сөз құра.

| | | | |
|---|---|---|---|
| бір | ын | та | ха |
| ту | лік | лық | ты |
| | лық | мақ | |

АРМАН-ПВ баспасы

**7.** Суреттер бойынша әңгімелесіңдер. Тақырып қойыңдар.





**Қызықты мәлімет**



Мысыр пирамидалары 5 мың жыл бұрын салынған.

Пирамиданың іші көптеген дәліздер мен бөлмелерден тұрады. Оның сыртын үлкен тас блоктармен қаптаған. Пирамиданың төбесі үшкір.

Хеопс пирамидасының биіктігі алғаш салынғанда шамамен, 146 метр болған.

Мысыр пирамидалары – әлемнің көне жеті кереметінің бірі.

*saryarka-samaly.kz*

**8.** Мақал-мәтел жаттайық!

- Бірлік болмай – тірлік болмас.
- Күш – бірлікте.

# 44. «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы

**Бүгін үйренетініміз**

- «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы туралы әңгімелесеміз;
- сандарды қолданып сөйлем құраймыз.

**Жаңа сөздер:**

шыны, сауда, ойын-сауық, жасанды, қаңқа, эко-ғимарат, аквапарк, жағажай

**Назар аудар!**

алтыншы шілде
екі мың оныншы жыл
жүз елу метр

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Пікіріңді айт.



«Хан Шатыр» – шыныдан жасалған сауда және ойын-сауық орталығы. Ғимарат 2010 жылы 6 шілдеде ашылған.

Жобасын жасаған – британдық сәулетші Норман Фостер.

Қаңқасы – 2300 тонна металл. Биіктігі 150 метрді құрайды. Ауданы – 127 мың шаршы метр.

«Хан Шатыр» әлемдегі он эко-ғимараттың қатарына енді.

Орталықта дүкендер, кинотеатр, жасанды жағажай мен аквапарк бар.

*«Қазақстан» энциклопедиясынан*

- «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы неден жасалған?
- Мәтіндегі сандарды қолданып, ғимаратты сипатта.
- Эко-ғимарат дегенді қалай түсінесің?

**2.** Сөйлемдерді жұбыңмен жалғастыр.

«Хан Шатыр» – шыныдан жасалған ...
Жобасын жасаған – британдық ...
«Хан Шатыр» әлемдегі он ...
Орталықта дүкендер ...

**3.** Мәтіннен сандарды тауып, сөзбен жаз.

**4.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. «Хан Шатыр», 2006 жылы, басталды, құрылысы.
2. Құрылыс, жоспарланған, жылға, екі.
3. Күн сәулесін, «Хан Шатыр», шыныдан, өткізетін, жасалды.
4. «Хан Шатыр», маған, орталығы, ойын-сауық, ұнады.

**5.** Сызба бойынша сандарды қолданып әңгімелесіңдер.




**6.** Өлеңді оқы. Жаттап ал.

Таңқалдырмай қоймайды
Сонша сәулет, сонша түр.
Қиялындай самғайды
Ертегі боп Хан Шатыр.

*Қ.Құнықиұлы*

АРМАН-ПВ баспасы

# 45. «Медеу» спорт кешені

**Бүгін үйренетініміз**

- «Медеу» мұзайдыны туралы әңгімелесеміз;
- сұрақтарға жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

көрікті жерлер, спорт кешені, мұзайдын, ортаңғы бөлік, салқындатқыш, құбыр

**Назар аудар!**

қысқы демалыста *(қашан?)* бардым
жасанды *(қандай?)* мұзайдын
коньки *(не?)* тебеді

**1.** Тыңда. Мәтінді оқы.



Мен әкеммен қысқы **демалыста** Алматыға бардым. **Ағам** Алматыда институтта оқиды. Ол Алматының көрікті жерлерімен таныстырды. Біз «Медеу» спорт кешеніне бардық.

«Медеу» спорт кешені – жасанды **мұзайдын**. Мұнда салқындатқыш темір құбырлар тартылған.

Мұзайдын таудың ортасында орналасқан. Жан-жағы – **жасыл** қарағай. Ортаңғы бөлігі хоккей ойынына және мәнерлеп сырғанауға арналған.

Мұзайдында спортшылар **жаттығады**. Қала тұрғындары мен қала қонақтары коньки тебуге келеді.

*А. Омарова*

**2.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің ішінен сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап.

| Кім? | Не? | Қашан? | Қандай? | Не істейді? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**3.** Дұрысын тауып оқы.

Қысқы/ жазғы демалыста Алматыға бардым.

Алматыда әпкем/ ағам/ інім институтта оқиды.

Біз/ сендер/ олар «Медеу» спорт кешеніне бардық.

Мұзайдынның сыртқы/ ортаңғы/ шеткі бөлігі хоккей ойынына және мәнерлеп сырғанауға арналған.

Мұзайдында спортшылар/ қала тұрғындары жаттығады.

Қала тұрғындары мен қонақтары коньки/ шаңғы/ шана тебуге келеді.

**4.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтыр.

1. Мен әкеммен қысқы демалыста … … .
2. Ағам … … оқиды.
3. Біз «…» спорт кешеніне бардық.
4. Мұнда … … … орнатылған.
5. Мұзайдында … жаттығады.

АРМАН-ПВ баспасы

**5.** Диалогті толықтырып, жұбыңмен сөйлес.

– Сен «Медеу» спорт кешені қайда орналасқанын білесің бе?

– Иә/ жоқ ...

– «Медеу» табиғи кешен бе?

– Жоқ, ...

– «Медеу» спорт кешеніне кімдер барады?

– «Медеу» спорт кешеніне ...

– Сен Медеуге бардың ба?

– Иә/ жоқ ...

– Ал сен бардың ба?

– Иә/ жоқ ...

**6.** Өлеңді мәнерлеп оқы.



Алатаудың әлемге аян айбыны,
Баурайында бар сырғанақ айдыны.
Қуанышпен қарсы алады күлімдеп,
Конькиіңмен барсаң дағы қай күні.

*Ә.Асылбек*

Арман-ПВ баспасы

# 46. Көктөбе

**Бүгін үйренетініміз**

- Көктөбе туралы әңгімелесеміз;
- *-лар/ лер, -дар/ дер, -тар/ тер* қосымшаларын дұрыс жалғаймыз;
- *дейін, кейін, шейін* сөздерін қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

аспалы жол, мұнара, демалыс аймағы, шың

**Назар аудар!**

Көктөбеге **дейін** жету
мұнарадан **кейін** тоқтау

**1.** Мәтінді тыңда.



**2.** Сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| Көктөбе | телевизиялық мұнара орналасқан |
| Көктөбеде | аспалы жол арқылы жетуге болады |
| Көктөбедегі | Алматы қаласының көрікті жері |
| Көктөбеге | мұнараның биіктігі – 372 метр |

Арман-ПВ баспасы

**3.** Жұбыңмен Көктөбе туралы әңгімелес.

– Көктөбеде нелер бар?
– Көктөбеде ...
– Көктөбеге немен көтеріледі?
– Көктөбеге ...
– Оның төбесінен нені көруге болады?
– Көктөбенің ...
– Сен Көктөбеге бардың ба?
– Иә/ жоқ, мен ...

**4.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап, дәптеріңе жаз.

-лар -лер -дар -дер -тар -тер

Көктөбеге қонақ... көп келеді. Мұнда хайуанат... бағы, түрлі аттракцион..., мейрамхана... және көркем алма бағы бар. Хайуанат... бағынан әртүрлі аң...ды, құс...ды көруге болады.

**5.** Қосымшаларды дұрыс жалғап жаз.

***Үлгі:*** *тауға дейін, демалыстан кейін.*



6. «Көктөбе» сөзін пайдаланып, өрбітіп сөйлем құра.

Мен … …
Мен … … …
Мен … … … …

7. Сурет бойынша әңгіме құраңдар.



8. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Мақтаны қазағымның – Көктөбесі,
Басқаның Көктөбедей жоқ төбесі.
Сыйдырған Алматыны аясына,
Жерімнің қасиетті көк белесі.

*Ә.Асылбек*

АРМАН-ПВ баспасы

# 47–48. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Жұбыңмен диалогті жалғастыр.

– Сәулет қандай өнер?
– ...
– Сәулет өнеріне нелер жатады?
– ...
– Құрылыс жобасын кім жасайды?
– ...
– Құрылыста кімдер еңбек етеді?
– ...
– Астана қаласының бас символы не?
– ...
– «Бәйтерек» монументінің биіктігі неше метр?
– ...
– «Бейбітшілік және келісім сарайы» ненің белгісі?
– ...
– «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы неден жасалған?
– ...
– «Медеу» спорт кешені қайда орналасқан?
– ...
– Қазақстанның басқа қандай сәулет туындыларын білесің?
– ...

**2.** Дұрыс жауабын тап.

1. **Сәулет – ... ... өнері.**
   A) құрылысты аяқтау
   B) құрылысты жобалау
   C) құрылысты соғу

АРМАН-ПВ баспасы

2. **Құрылысқа ..., ..., ... қажет.**
   А) кітап, қалам, дәптер
   В) күн, жел, су
   С) құм, цемент, кірпіш
3. **«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығының биіктігі қанша метр?**
   А) 150 метр
   В) 140 метр
   С) 160 метр

**3.** Сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| құрылысқа | ортасында |
| таудың | сыртында |
| мектептен | ішінде |
| ғимараттың | дейін |
| аланның | кейін |

**4.** Бос орындарға тиісті сөздерді жаз.

... (кімнің?) құралдары: қалақ, балға, балта, өлшеуіштер.

Сәулет – ... (нені?) жобалау өнері.

Атам мен әжем ... (қайдан?) Астана қаласына көшіп келді.

.... (қайда?) зәулім ғимараттар көп.

Мен ... (кіммен?) қысқы демалыста Алматыға бардым.

АРМАН-ПВ баспасы

**5.** Сөйлем құрап, оқы.

| | | | |
|---|---|---|---|
| сәулетші | мен | ғимараттар | жасайды |
| құрылысшылар | көпқабатты | құрылысшы | көп |
| отбасымда | құрылыстың | әжем | салады |
| атам | екі | үйлер | зейнеткер |
| қалада | биік | жобасын | бар |

**6.** Еліміздің көрікті жерлері мен сәулет ескерткіштері туралы әңгімелесіңдер.









**7.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

**Отан**

Отанды біз «атамекен»
Деп, аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

Отанды жас, кәріміз де
Туған жер деп, сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де
Туып, өмір сүреміз...

*Е.Өтетілеуов*

# Сөздік – словарь

## А

ай – луна, месяц
айнала – вокруг
аққала – снеговик
ақылды – умный
алабұға – окунь
алаң – площадь
алғашқы – первый (ая/ое)
аңыз – легенда
апта – неделя
ара – пчела
ардақтау – уважать
арналған – для
асық – асыки
аулау – ловить
ауыр – тяжёлый
аш – голодный
аяғы сынған – сломанная нога
аяз – мороз

## Ә

әйнек – стекло
әрқашан – всегда
әтеш – петух

## Б

байлау – связать
бал – мёд
балапан – цыплёнок
балық – рыба
балықтар – рыбы
балықшы – рыбак
бекіре – осётр
бет – лицо
бәйшешек – подснежник
бидай – пшеница
бірлік – единство
боран – метель
бота – верблюжонок
бөліс – делись
бұзау – телёнок
бұйрық – приказ

## Г

гүлдену – цвести

## Д

демалыс аймағы – зона отдыха
дәмді – вкусный
диқан – земледелец
достық – дружба

## Е

егін – урожай
егінші – полевод
елорда – столица
еңбек – труд
еңбек ету – трудиться
ереже – правило
есеп – пример, задача
ешкім – никто

Арман-ПВ баспасы

## Ж

жабайы құстар – дикие птицы
жаман емес – неплохо
жаман сөз айтпа – не говори плохого
жанды табиғат – живая природа
жансыз табиғат – неживая природа
жануарлар – животные
жаңбыр – дождь
жаңғақ – орех
жаралы – раненый
жарым – половина
жасанды – искусственный
жер жыртады – вспахивает
жерасты – подземный
жеті қазынаның бірі – один из семи сокровищ (каз.нар.)
жәндіктер – насекомые
жиі тамшы – частые капли
жоба – проект
жоғары – высокий
жөндеу жұмыстары – ремонтные работы
жүлделі орын – призовое место
жүн – шерсть
жыл – год
жыл құстары – перелётные птицы
жыл мезгілі – времена года
жылда – ежегодно
жылқы кісінейді – лошадь ржёт
жылы – тепло, теплый

## З

зейнеткер – пенсионер
зәулім – высокий

## Й

йод жағу – обработать йодом

## К

кейбіреулері – некоторые
көлік – транспорт
көрікті – красивый
көркем жерлер – живописные места
күз айлары – осенние месяцы
күн сайын – каждый день
күркетауық – индюк
күшік – щенок

## Қ

қажет – необходимо
қаз – гусь
қайырымды – добрый, милосердный
қалақ – совок
қамба – склад
қамқор болу – заботиться
қамыр – тесто
қаңқа – скелет
қаңылтыр – жесть

АРМАН-ПВ баспасы

қармақ – удочка
қате – ошибка
қауырсын – перо
қауыз – шелуха
қиын – трудно
қозы – ягнёнок
қой маңырайды – овца (баран) блеет
қоқысты тастама – не выбрасывай мусор
қолды жуу – мыть руки
қоңырау – звонок
қос өркешті – двугорбый
қуану – радоваться
құбыр – труба
құйрық – хвост
құлын – жеребенок
құмырсқа – муравей
құрметтеу – уважать
құрылыс – строительство
құс – птица
құстар – птицы
қызғалдақ – тюльпан
қыстап қалатын – зимующие (птицы)

**Л**

лақ – козлёнок

**М**

мағына береді – придает смысл
мақтау – хвалить
мал – скот
мезгіл – сезон
мейірімді – добрый
мекендеу – обитать
мінез – характер
мұнара – башня
мылқау – немой

**Н**

нанның уағы – кусочек хлеба
наурызкөже – напиток из семи злаков

**О**

ойын-сауық – развлечения
оң жағында – справа
орман – лес
ортаңғы бөлігі – средняя часть

**Ө**

өзгереді – меняется
өзі жинайды – сам собирает
өлшеуіш – измеритель
өнер – искусство
өрмек – паутина
өрмекші – паук
өседі – растёт
өсімдіктер – растения
өсу – расти

АРМАН-ПВ баспасы

## Р

ренжіту – обидеть

## С

сабаққа кешікпе – не опаздывай на занятия
сағат – часы
салқын – прохладный
салқындайды – остывает
салқындатқыш – кондиционер
Самұрық құс – птица Самрук
сарай – дворец
сары алтын – золотисто-жёлтый (цвет)
сауда – торговля
саяжай – дача
сәнді ғимарат – красивое здание
сәулет – архитектура
сәулет туындысы – архитектурное здание
сәулетші болғым келеді – хочу стать архитектором
соқыр – слепой
сол жағында – слева
спорт кешені – спортивный комплекс
су беру – дать воды, напоить
суық – холодный
сүйкімді – милый
сұлба – макет, чертёж
сыйлау – дарить
сыпайы – вежливый
сырғанау – кататься

## Т

табиғат – природа
тамыр жаю – пустить корни
тас қалаушы – каменщик
тауық – курица
тез шығару – быстро решить
тентек – непослушный
теңеледі – приравнивается
тері – кожа, шкура
тәртіпті – дисциплинированный
тәулік – сутки
тиін – белка
тілалғыш – послушный
төбе – холм, потолок
төл – детёныш
төлдеу – приносить приплод
төмен – низкий
төрт түлік – четыре вида скота
тура – прямой
түйе – верблюд
түсі – цвет
тұзақ – ловушка
тұқым – порода, семена
тырнақты алу – подстричь ногти
тыстайды – покрывать, обертывать

АРМАН-ПВ баспасы

## У

уақыт – время

## Ұ

ұзақ – длинный, долгий
ұқыпты – аккуратный
ұлттық ойындар – националь-ные игры
ұлы – великий
ұн – мука
ұшу – летать
ұя – гнездо
ұят – стыд

## Ү

үйрек – утка
үлгі алу – брать пример
үлгі-өнеге – образец

## Ш

шабақ – мальки
шашты тарау – расчёсывать волосы
шортан – щука
шөп – трава
шөп салу – ложить сено
шуақты – солнечный
шулама – не шуми
шығыстық үлгі – восточный стиль
шыны – стекло
шынығу – закаляться
шың – пик, вершина

## Ы

ынтымақтастық – сотрудни-чество, солидарность

АРМАН-ПВ баспасы

# Грамматикалық қосымшалар

*1-кесте. Сандар*

| Неше? – Сколько? | Нешінші? – Какой по счету? |
|---|---|
| 1 – бір | бір+інші |
| 2 – екі | екі+нші |
| 3 – үш | үш+інші |
| 4 – төрт | төрт+інші |
| 5 – бес | бес+інші |
| 6 – алты | алты+ншы |
| 7 – жеті | жеті+нші |
| 8 – сегіз | сегіз+інші |
| 9 – тоғыз | тоғыз+ыншы |
| 10 – он | он+ыншы |
| 20 – жиырма | жиырма+сыншы |
| 30 – отыз | отыз+ыншы |
| 40 – қырық | қырқ+ыншы (түбірі – қырық) |
| 50 – елу | елу+інші |
| 60 – алпыс | алпыс+ыншы |
| 70 – жетпіс | жетпіс+інші |
| 80 – сексен | сексен+інші |
| 90 – тоқсан | тоқсан+ыншы |
| 100 – жүз | жүз+інші |
| 1000 – мың | мың+ыншы |
| 11 – он бір<br>21 – жиырма бір | Суффиксы -ншы, -нші (после гласных)<br>-ыншы, -інші (после согласных) |
| бір үстел, екі бала | бірінші парта, бесінші күн |



АРМАН-ПВ баспасы

*2-кесте. Көптік жалғауы (окончание множественного числа)*

| | | |
|---|---|---|
| -лар / лер | после гласных, р, у, й | парта+лар, бор+лар, дәптер+лер |
| -дар / дер | после ж, з, л, м, н, ң | қағаз+дар, қалам+дар |
| -тар / тер | после глухих, б, в, г, д | күнделік+тер, Иванов+тар |

## Тәуелдік жалғауы (притяжательные окончания)

*3-кесте. Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| 1-жақ | Менің (мой, моя, мое) | -ым / ім / м | қалам+ым, дәптер+ім, ана+м |
| 2-жақ | Сенің (твой, твоя, твое) | -ың /ің / ң | қалам+ың, дәптер+ің, ана+ң |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздің (Ваш, Ваша, Ваше) | -ыңыз / іңіз, -ңыз / ңіз | қалам+ыңыз, дәптер+іңіз, ана+ңыз, әке+ңіз |
| 3-жақ | Оның (его, ее) | -сы / сі, -ы / і | қалам+ы, дәптер+і, ана+сы, әке+сі |

*4-кесте. Көпше түрі – множественное число*

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біздің (наш, наша, наше) | -мыз / міз, -ымыз / іміз | қалам+ымыз, дәптер+іміз, ана+мыз, әке+міз |
| 2-жақ | Сендердің (ваши) | көптік жалғау + ың / ің | қалам+дар+ың, дәптер+лер+ің |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздердің (ваши) | көптік жалғау + ыңыз / іңіз | қалам+дар+ыңыз, дәптер+лер+іңіз |
| 3-жақ | Олардың (их) | көптік жалғау + ы / і | қалам+дар+ы, дәптер+лер+і |

АЛМАТЫКІТАП баспасы

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| ***Ескерту – примечание**<br>Если слово оканчивается на глухую согласную, то п-б, қ-ғ, к-г (в ед. числе и в 1 лице мн.ч). Например: доп-добым, парақ – парағың, күнделік – күнделігіңіз, сөздік – сөздігі, кітап – кітабымыз. | | | |

***5-кесте.*** *Етістіктің болымсыз жұрнақтары*
*(отрицательные суффиксы глагола)*

| | | |
|---|---|---|
| -ма / ме | после гласных; р, у, й, л | оқы+ма, көшір+ме |
| -ба / бе | после ж, з, м, н, ң | жаз+ба, сен+бе |
| -па / пе | после глухих; б, в, г, д | аш+па, іш+пе |

## Етістіктің шақтары

## Келер шақ (будущее-настоящее время)

***6-кесте.*** *Жекеше түрі – единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | а, е, й, (и, я) | -мын / мін | жазамын – я напишу |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -сың / сің | жазасың – ты напишешь |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | -сыз / сіз | жазасыз – вы напишите |
| 3-жақ | Ол – он | | | -ды / ді | жазады – он (она) напишет |

АРМАН-ПВ баспасы

***7-кесте.*** *Көпше түрі – Множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | а, е, й, (й, я) | -мыз / міз | жазамыз – мы напишем |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | -сыңдар / сіңдер | жазасыңдар – вы напишете |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | -сыздар / сіздер | жазасыздар – вы напишете |
| 3-жақ | Олар – они | | | -ды / ді | жазады – они напишут |

## Өткен шақ (прошедшее время)

***8-кесте.*** *Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | -ды / ді, -ты / ті | -м | жаздым – я написал |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -ң | жаздың – ты написал |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | -ңыз / ңіз | жаздыңыз– Вы написали |
| 3-жақ | Ол – он | | | | Жазды – он (она) написал (а) |

АРМАНПВ баспасы

*9-**кесте**. Көпше түрі – Множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | -ды / ді, -ты / ті | -к / қ | жаздық – мы написали |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | -ңдар / ңдер | жаздыңдар – вы написали |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | -ңыздар / ңіздер | жаздыңыздар – вы написали |
| 3-жақ | Олар – они | | | | жазды – они написали |

## Нақ осы шақ (собственно-настоящее время)

*10-**кесте**. Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | -ып / іп / п | тұр, отыр, жүр, жатыр | -мын / мін | жазып отырмын – я пишу (в данный момент) |
| 2-жақ | Сен – ты | | | | -сың / сің | жазып отырсың – ты пишешь (в данный момент) |

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | | -сыз / сіз | жазып отырсыз – Вы пишите (в данный момент) |
| 3-жақ | Ол – он | | | | | жазып отыр – он пишет (в данный момент) |

*11-кесте. Көпше түрі – множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | -ып / іп / п | тұр, отыр, жүр, жатыр | -мыз / міз | жазып отырмыз– мы пишем (в данный момент) |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | | -сыңдар/ сіңдер | жазып отырсыңдар – вы пишите (в данный момент) |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | | -сыздар/ сіздер | жазып отырсыздар – вы пишите (в данный момент) |

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-жақ | Олар – они | | | | | жазып отыр – они пишут (в данный момент) |

## Есімдердің жіктік жалғаулары

(личные окончания именных частей речи (имя существительное, имя прилагательное, имя числительное, местоимение))

*12-кесте. Жекеше түрі – Единственное число*

| Жақ – Лицо | Мест-я | Соңғы дыбыс – Конечный звук | Жұрнақ – суффикс | Жалғау – окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | гласные, р, у, й, л, м, н, ң | | -мын / мін | оқушымын – я ученик |
| | | ж, з | | -бын / бін | аспазбын – я повар |
| | | глухие + б, в, г, д | | -пын / пін | студентпін – я студент |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -сың / сің | оқушысың – ты ученик |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | -сыз / сіз | оқушысыз – вы ученик |
| 3-жақ | Ол – он | | | | оқушы – он ученик |

*13-кесте. Көпше түрі – множественное число*

| Жақ – Лицо | Мест-я | Соңғы дыбыс – Конечный звук | Жұрнақ – суффикс | Жалғау – окончание | Мысалы – например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | гласные, р, у, й, л | | -мыз / міз | оқушымыз – мы ученики |
| | | м, н, ң ж, з | | -быз / біз | аспазбыз – мы повара<br>ұшқышпыз – мы летчики |
| | | глухие + б, в, г, д | | -пыз / піз | студентпіз – мы студенты |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | -сыңдар / сіңдер | оқушысыңдар – вы ученики (все) |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | -сыздар / сіздер | оқушысыздар – вы ученики (все) |
| 3-жақ | Олар – они | | | | оқушы – они ученики |

Отрицательная форма образуется путем прибавления частицы «емес», обозначающее отрицание + личное окончание
**Мысалы:**
Мен кезекші**мін** – я дежурный
Мен кезекші **емеспін** – я не дежурный
Сен кезекші**сің** – ты дежурный
Сен кезекші **емессің** – ты не дежурный

Сіз біріншi**сіз** – Вы первый
Сіз бірінші **емессіз** – Вы не первый
Ол студент – он студент
Ол студент **емес** – он не студент

АРМАН-ПВ баспасы

*14-кесте. Септік жалғау (падежные окончания)*

| Септіктер – Падежи | Сұрақтар – Вопросы | Жалғаулар (окончания) после | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | глас-ных | м, н, ң | ж, з | р, у, й, л | б, в, г, д; глухих |
| Атау септік Имени-тельный падеж | Кім? (кто?)<br>Не? (что?) | | | | | |
| Ілік септік Родительный падеж | Кімнің?<br>Ненің?<br>Чей? Чья? Чье? | -ның / нің | | -дың / дің | | -тың / тің |
| Барыс септік Дательно-направи-тельный падеж | Кімге? (кому?)<br>Неге? (чему?) почему?, за чем?<br>Қайда? (куда?) | -ға / ге<br>после 1, 2 лица -а / е<br>после 3 лица -на / не | | | | -қа / ке |
| Табыс септік Винитель-ный падеж | Кімді? (кого?)<br>Нені? (что?) | -ны / ні | -ды / ді<br>после 3 лица -н | | | -ты / ті |
| Жатыс септік Местный падеж | Кімде? (у кого?)<br>Неде? (у чего?)<br>Қайда? (где?)<br>Қашан? (ког-да?) | -да / де<br>после 3 лица -нда/нде | | | | -та / те |
| Шығыс септік Исходный падеж | Кімнен? (от кого?)<br>Неден? (от чего? из чего?)<br>Қайдан? (откуда?) | -дан / ден | -нан / нен после 3 лица | -дан / ден | | -тан / тен |

АРМАН-ПВ баспасы

| Септіктер – Падежи | Сұрақтар – Вопросы | Жалғаулар (окончания) после | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гласных | м, н, ң | ж, з | р, у, й, л | б, в, г, д; глухих |
| Көмектес септік Творительный падеж | Кіммен? (с кем?) Немен? (с чем? чем?) на чем? | -мен | | -бен | -мен | -пен |

*15-кесте. Жіктеу есімдіктердің септелуі (склонение личных местоимений)*

| Жекеше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Мен – Я** | **А.с. Сен – ты** | **А.с. Сіз – Вы** | **А.с. Ол – она/он** |
| І.с. менің – мой, моя, мое | І.с. сенің – твой, твоя, твое | І.с. сіздің – Ваш, Ваша | І.с. оның – его, ее |
| Б.с. маған – мне | Б.с. саған – тебе | Б.с. сізге – Вам | Б.с. оған – ему, ей |
| Т.с. мені – меня | Т.с. сені – тебя | Т.с. сізді – Вас | Т.с. оны – его, ее |
| Ж.с. менде – у меня | Ж.с. сенде – у тебя | Ж.с. сізде – у Вас | Ж.с. онда – у него, у нее |
| Ш.с. менен – от (из) меня | Ш.с. сенен – от (из) тебя | Ш.с. сізден – от (из) Вас | Ш.с. одан – от (из) него, нее |
| К.с. менімен – со мной | Кс. сенімен – с тобой | К.с. сізбен – с Вами | К.с. онымен – с ним, ней |

| Көпше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Біз – мы** | **А.с. Сендер – вы** | **А.с. Сіздер – вы** | **А.с. Олар – они** |
| І.с. біздің – наш, наша, наше | І.с. сендердің – ваш (всех) | І.с. сіздердің – ваш | І.с. олардың – их |

| Көпше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Біз – мы** | **А.с. Сендер – вы** | **А.с. Сіздер – вы** | **А.с. Олар – они** |
| Б.с. бізге – нам | Б.с. сендерге – вам | Б.с. сіздерге – вам | Б.с. оларға – им |
| Т.с. бізді – нас | Т.с. сендерді – вас | Т.с. сіздерді – вас | Т.с. оларды – их |
| Ж.с. бізде – у нас | Ж.с. сен-дерде – у вас | Ж.с. сіздерде – у вас | Ж.с. оларда – у них |
| Ш.с. бізден – от нас, из нас | Ш.с. сен-дерден – от вас, из вас | Ш.с. сіз-дерден – от вас, из вас | Ш.с. олардан – от них, из них |
| К.с. бізбен – с нами | К.с. сен-дермен – с вами | К.с. сіздермен – с вами | К.с. олармен – с ними |

***16-кесте.*** *Қалау рай (желательное наклонение)*

| Түбір + ғы / гі, қы / кі + тәуелдік жалғау+ келеді (келді) | | | |
|---|---|---|---|
| Менің | Бар+ғы+м келеді | Біздің | Бар+ғы+мыз келеді |
| Сенің | Бар+ғы+ң келеді | Сендердің | Бар+ғы+лар+ың келеді |
| Сіздің | Бар+ғы+ңыз келеді | Сіздердің | Бар+ғы+лар+ыңыз келеді |
| Оның | Бар+ғы+сы келеді | Олардың | Бар+ғы+лар+ы келеді |

## Тыңдалым мәтіндері

QR-код арқылы тыңдалым мәтіндерін оқуға және жүктеп алуға болады.

АРМАН-ПВ баспасы

# Пайдаланылған әдебиеттер


1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).
3. Ашықбаев Е. Наурыз тойын тойлаймыз // «Білім – шыңы» журналы, 2020.
4. Әлімбаев М. «Аспандағы әпке» өлеңдер жинағы. – 2001.
5. Әуезов М.Абай жолы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2004.
6. Бегалин С. Бала Шоқан. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 268 б.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2013.–456 б.
8. Дүйсенбиев А. Үйде жоқ апашым// Балдырған. – 2020.
9. Жаманбалинов М. Алма ағашы: өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар / М. Жаманбалинов. – Алматы: Раритет, 2011. –285.
10. Қазақ халқының жұмбақтар жинақтары. –Алматы, 2000.
11. Қастек Б. Қараторғай қырағы (2 томдық таңдамалы шығармалары), 2007.
12. Құрманалин М. Көп томды кітап. – Ақтөбе, 2013. – 320 б.
13. Мырза Әлі Қ. «Жыл маусымдары» өлеңдер жинағы. 2019.
14. Русско-казахский словарь. 1-том. – Алматы: Арыс, 2007.
15. Тұрманжанов Ө. «Төлді қалай шақырады?» өлеңдер жинағы. – 2015.
16. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы, «Зергер» өлеңі, 2015.
17. Хрестоматия. «Қарлығаш» жинағы. – Астана, 2012. – 304 бет.
18. Ысқабаев Ә. 777 жұмбақ. – Алматы: Ана тілі, 2002. –136 б.


## Электрондық дереккөздер


1. https://sozdikqor.kz/
2. https://library.mtdi.kz/main/ – Мемлекеттік тілді дамыту институты сайты. /жұмбақтар, мақалдар/
3. https://balalaralemi.kz/


АРМАН-ПВ баспасы

## Мазмұны

Алғы сөз ..... 4

1-БӨЛІМ. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ ..... 5
1. Күз келді, мектепке барайық! ..... 6
2. Жанды табиғат ..... 9
3. Төрт түліктің пайдасы ..... 11
4. Төлдер сондай сүйкімді! ..... 13
5. Ит – адамның досы ..... 15
6. Үй құстары төмен ұшады ..... 17
7. Құстардың түрлері көп ..... 20
8. Жәндіктер пайдалы ма? ..... 23
9. Балықтар жанды табиғатқа жата ма? ..... 26
10. Өсімдіктер гүлдейді ..... 29
11–12. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ..... 32

2-БӨЛІМ. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН ..... 35
13. Мектеп ережелерін сақтайық! ..... 36
14. Айзере – ұқыпты қыз ..... 39
15. Білімді балалар ..... 41
16. Менің досым тентек емес ..... 43
17. Айбек – мейірімді бала ..... 46
18. Қайырымды қыз ..... 49
19. Еңбек етуге әдеттен! ..... 51
20. Еңбектің наны тәтті ..... 54
21. Үлкенді сыйла, кішіге қамқор бол! ..... 56
22. Тазалық – саулық негізі ..... 59
23–24. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ..... 61

3-БӨЛІМ. УАҚЫТ ..... 63
25. Жыл мезгілдері ..... 64
26. Көктем ..... 67

Арман-ПВ баспасы

27. Көктем жаршысы ........ 69
28. Наурыз – Ұлыстың ұлы күні! ........ 72
29. Күз мезгілі тамаша ........ 75
30. Күзгі орман ........ 78
31. Қыс мезгілі қызықты ........ 81
32. Сырғанақта ........ 84
33. Уақыт ........ 86
34. Сағат түрлері ........ 89
35–36. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ........ 91

**4-БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ** ........ 95
37. Сәулет өнері ........ 96
38. Арманым – сәулетші болу ........ 99
39. Құрылысшы ........ 101
40. Құрылысшылар отбасы ........ 103
41. Менің үйім ........ 105
42. Бәйтерек – бейбітшілік ұясы ........ 108
43. Бейбітшілік және келісім сарайы ........ 111
44. «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы ........ 114
45. «Медеу» спорт кешені ........ 116
46. Көктөбе ........ 119
47–48. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ........ 122
Сөздік – словарь ........ 125
Грамматикалық қосымшалар ........ 130
Пайдаланылған әдебиеттер ........ 141

АРМАН-ПВ баспасы

*Оқулық басылым*

**Бахытгуль Касымбаевна Капасова**
**Бакиткуль Темирболатовна Шукоева**
**Маншук Мырзаевна Кабасова**
**Асимгуль Маратовна Омарова**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ
## 1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық
(оқыту қазақ тілінде емес)

**Мәтінді оқығандар** Г.Омарова, Э.Исабаева

**Бас редакторы** А.Бекболатова
**Редакторы** Т.Базарханова
**Техникалық редакторы** В.Бондарев
**Көркемдеуші редакторы** И.Кипчакбаева
**Бильд редакторы** А.Умбетқалиева
**Видеомейкер** А.Байдолданова
**Арт-директоры** О.Подопригора
**Суретшісі** Д.Туранская
**Беттегендер** Л.Костина, С.Сулейменова

**Біздің мекенжайларымыз:**
Астана қ., 4-ы/а, 2 үй, 55 пәтер.
Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.
Тел.: 8 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Теруге 14.02.22 берілді. Басуға 21.07.26 қол қойылды.
Пішімі 70 x100 1/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Mekteptik». Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 11,61. Таралымы 2500 дана.
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

**Артикул 803-008-001к-26**

АРМАН-ПВ баспасы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

**Б.К.Капасова**
**Б.Т.Шукоева**
**М.М.Кабасова**
**А.М.Омарова**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## 2-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

(оқыту қазақ тілінде емес)

# 3

baspasy
arman-pv

АРМАН-ПВ баспасы

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ17

Капасова Б.К. ж.б.
Қ17 **Қазақ тілі.** Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық (оқыту қазақ тілінде емес) 2-бөлім. / Б.К.Капасова, Б.Т.Шукоева, М.М.Кабасова, А.М.Омарова – Астана: «Arman-PV baspasy», 2026. – 144 бет.

ISBN 978-601-201-481-5
ISBN 978-601-201-479-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

© Капасова Б.К.,
Шукоева Б.Т.,
Кабасова М.М.,
Омарова А.М., 2026
© «Arman-PV baspasy», 2026

ISBN 978-601-201-481-5 (жалпы)
ISBN 978-601-201-479-2 (2-бөлім)

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АРМАН-ПВ баспасы

# Шартты белгілер

– тыңдалым

– айтылым

– оқылым

– жазылым

– топтық жұмыс

– жұптық жұмыс

– жасап көр!

– қосымша тапсырмалар

Тыңдалым мәтіндерінің толық нұсқаларын 138-беттегі QR-код арқылы оқуға болады.

АРМАН-ПВ баспасы

## Алғы сөз

Қымбатты дос!

Қазақ тілін тереңірек біле бастадың.

Бұл оқулық арқылы өз ойыңды анық жеткізесің. Сауатты жазып, тыңдағаныңды түсінесің.

Өнердің түрлі салаларын білесің. Мәдениет пен ғылымға үлес қосқан атақты тұлғалармен танысасың.

Еліміздің тарихи, мәдени мұраларын, салт-дәстүрін білесің.

Түрлі жанрдағы мәтіндерді түсінесің. Сұрақтар құрауды және оған жауап беруді үйренесің.

Сөздердің мағынасын ажыратасың. Сөйлемді дұрыс құрауды меңгересің.

Бұл оқулық – сенің тіл үйренудегі сенімді серігің. Әр бөлім жаңа білім мен қызықты тақырыптарға толы.

Ізденуден жалықпа! Өз ойыңды анық жеткізіп үйрен!

Саған сәттілік тілейміз!

*Ізгі тілекпен, авторлар*

АРМАН-ПВ баспасы

# 5-БӨЛІМ

# ӨНЕР



**Бұл бөлімде:**

- мәтінге сай өз пікірімізді дәлелдеуді;
- оқыған/ тыңдаған мәтін бойынша пікір айтуды;
- *немен? қайда? кімге? қандай?* сұрақтарына жауап беруді;
- мәтіннің жанрын анықтауды;
- сөйлем құрауды;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыруды;
- сөйлеп тұрған сәтте болып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөздерді қолдануды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 129, 130, 136-беттердегі 3–5, 14-кестелерге сүйен.*



# 49. Өнерлі отбасы – мерейлі отбасы

**Бүгін үйренетініміз**

- өнер түрлерін ажырата білеміз;
- мәтінге сай өз пікірімізді дәлелдейміз.

**Жаңа сөздер:**

сайыс, өнер, зергер,
күміс, бұйым,
қолөнер, үйірме

**Назар аудар!**

өнерлі отбасы
домбырамен күй тарту
үйірмеге қатысу

**Есте сақта**

Өнер:
- әдебиет
- қолөнер
- сурет өнері
- сәулет өнері
- музыка
- кино
- мүсін өнері
- би өнері
- театр

**1.** Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы.

Біздің мектепте «Мерейлі отбасы» сайысы өтті. Менің отбасым сайысқа қатысты. Отбасым өнерлі. Атам – зергер. Ол күмістен әдемі бұйымдар жасайды. Әкем – театр әртісі, анам – әнші. Қарындасым Ханшайым билейді. Ол би үйірмесіне қатысады. Ағам Мирас музыка мектебінде оқиды. Ол домбырамен күй тартады. Мен қолөнер үйірмесіне қатысамын, атам сияқты зергер болғым келеді.

*А.Омарова*

**2.** Жұбыңмен суреттер мен сөздерді сәйкестендіріп, әңгімелес.



| |
|---|
| қолөнер үйірмесі |
| театр әртісі |
| би үйірмесі |
| музыка мектебі |
| әнші |
| зергер |



**3.** Сұрақтарды пайдаланып, сұраулы сөйлем құра.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қайда? | қандай? | немен? | кім? | нелер? |

**4.** Қосымшаны дұрыс жалға, дәптеріңе жаз.

| | | |
|---|---|---|
| -мен | -бен | -пен |

Мирас..., зергер..., күміс..., қағаз..., бұйым..., әртіс..., қолөнер..., қарындасы...

**5.** Өнер түрлеріне кластер жасаңдар. Қандай өнер түрі ұнайды? Пікірлеріңді дәлелдеңдер.

**Өнер түрлері**

Маған ... ұнайды, себебі ... .

АРМАН-ПВ баспасы

# 50. Би сайысы

**Бүгін үйренетініміз**

- би өнері туралы білеміз;
- оқыған, тыңдаған мәтін бойынша өз пікірімізді айтамыз.

**Жаңа сөздер:**

би, қимыл, сахна, белгілі, ырғақ, жеңімпаз, мың бұралу

**Назар аудар!**

маған ұнайды
мың бұралып билеу
үйірмеге қатысу
би сайысы

**1.** Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап беріп, мәтін бойынша пікіріңді айт.

Менің атым – Карима. Мен үшінші сыныпта оқимын.

Мен бос уақытымда би үйірмесіне барамын. Жансая екеуміз «Алтынай» би тобында билейміз.

Бүгін біздің мектепте «Биле-биле» сайысы өтті. Үлкен сахнада Сәкен екеуіміз «Қаражорға» биін биледік. Бізге бидегі қимылдар қатты ұнайды. Осылай жеңімпаз атағына ие болдық. Мен өскенде белгілі биші болғым келеді.

*М.Кабасова*

- Мектепте қандай сайыс өтті?
- Бишілер сахнада қандай би биледі?
- Саған би ұнай ма?
- Саған қандай би қимылдары ұнайды?
- Бидің пайдасы бар ма? Неге?

## Қызықты мәлімет

Шара Жиенқұлова – қазақтың белгілі бишісі. Ол 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында туған.

Алғаш сахнада 13 жасында билеген.

Шара қазақтың ұлттық биі «Келіншекті» тұңғыш рет сахнаға алып шықты. Бұл қазақ хореографиясының бастамасы болды.



*https://madeniportal.kz*

**2.** Диалогті тыңдап, бос орындарды толықтыр.

– Сен билегенді ұнатасың ба?
– Иә, ... ... .
– Сен қазақ халқының билерін білесің бе?
– Әрине, ... ... ...: ..., ... .
– Сен концертке келесің бе?
– Әрине, ... .

**3.** Суреттер мен би атауларын сәйкестендір. «Мен ... биін үйренгім келеді, себебі...» сөйлемін қолданып, әңгімеле.

«Қаражорға» «Қамажай»





**4.** Мәтіннен берілген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, кестені толтыр.

| Кімдер? | Қандай? | Қашан? | Не істейді? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5.** Сөйлемдерді толықтырып, өзің және құрбың туралы айт.

1. Мен бос уақытымда ... .
2. Маған ... ұнайды.
3. Кейде ... барамын.
4. Мен ... айналысамын.
5. Мен ... жақсы көремін.
6. Жансаяға ... ұнайды.

**6.** Сызба бойынша әңгімелеңдер.




**7.** Өлеңді оқы. *«Білегім мың бұралып»* деген тіркесті түсіндір.

Билесін деп сұрайды ел,
Өнерімді көрмекке.
Камзол кием қынай бел,
Толған ою, өрнекке.

Білегім мың бұралып,
«Қамажайды» билеймін.

*О.Асқар*

АРМАН-ПВ баспасы

# 51. Музыкалық аспаптар әлемі

**Бүгін үйренетініміз**

- музыкалық аспаптар туралы әңгімелесеміз;
- *немен?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

күй, аспап, қобыз, жетіген, асатаяқ, сыбызғы, үн, үрлеу

**Назар аудар!**

күймен *(немен?)* жеткізу
жетігенмен *(немен?)* таныстыру
асатаяқпен *(немен?)* өнер көрсету
домбырамен *(немен?)* күй тарту

**1.** Мәтінді оқы.



Бүгін музыка сабағы болды.

Әлихан домбыра туралы айтты: «Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Халық қуанышты, бақытты домбыраның күйімен жеткізген».



Айзере қобыз туралы айтты: «Қобыз – халқымыздың әсем үнді, киелі музыкалық аспабы».

Айбек жетіген туралы айтты: «Жетіген – ең көне ішекті аспап. Ішектерінің саны – жеті».



Мұғалім балаларға риза болды.

*Б.Шукоева*

**2.** Балалардың сөздерін жалғастырып, музыкалық аспаптарды сипатта.

| Әлихан | Айзере | Айбек |
|---|---|---|
| Домбыра – ... | Қобыз – ... | Жетіген –... |

**3.** Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?



жетіген | асатаяқ | сыбызғы | домбыра | қобыз

**4.** Диалогті тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Бекжан сабақтан кейін қайда барады?
- Ол қандай музыкалық аспаппен күй тартады?
- Бекжан қандай күйді үйреніп жүр?

**5.** Тыңдаған диалогтен суреттерге сай сөйлемдерді айт.





**6.** Үлгі бойынша сөйлем құрастырып, дәптеріңе жаз.

немен? | -мен | -бен | -пен

*Үлгі: Мұғалім бүгін пианиномен таныстырды.*

Домбыра. Жетіген. Пианино. Асатаяқ. Қобыз. Сыбызғы.

**7.** Жұмбақты шеш.

Созылған үні,
Сүйкімді тілі.
Үрлесең ойнайтын –
Аспаптың бірі.

АРМАН-ПВ баспасы

# 52. Театрға саяхат

**Бүгін үйренетініміз**

- театр туралы әңгімелесеміз;
- *қайда? кімге?* сұрақтарына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

қойылым, қуыршақ, нағыз, ұжымдық, көлеңке

**Назар аудар!**

театр+**ға** (*қайда?*) бару
көрермен+**ге** (*кімге?*) ұнау
саяхат+**қа** (қайда?) шығу
әртіс+**ке** (*кімге?*) гүл беру

**1.** Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. Сөйлемдерді толықтыр.

**Театрдың бірнеше түрі бар. Олар: ..., ..., ..., ... .**
**Маған ... ... ұнайды.**




Көлеңке театры

Опера және балет театры

Драма театры

Қуыршақ театры




**2.** Мәтінді тыңда. Қысқаша мазмұнда.

**3.** Мәтін бойынша дұрыс/ бұрысын анықта.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| «Театр» – көне араб сөзі. | | |
| Театрда әртүрлі қойылымдар қойылады. | | |
| Театр – жеке өнер. | | |
| Театрда ойнайтын адамдарды «актёр» деп атайды. | | |

**Қызықты мәлімет**

Алматыдағы қуыршақ театры 1935 жылы ашылған. Бұл – Қазақстандағы ең көне қуыршақ театры. Алғашқы қойылымы – Шарль Перроның «Қызыл телпек» пьесасы. Қазіргі кезде ұлттық ертегілерді де (мысалы, «Алдар көсе», «Ер Төстік»), әлемдік шығармаларды да («Карлсон», «Аладдин» және басқалар) қояды.

*https://madeniportal.kz*

**4.** Театр ережелерімен танысыңдар. Топта талқылаңдар. Есте сақтаңдар!

1. Театрға әдемі киініп келу керек. Бұл да бір мереке.
2. Театрға кешігіп келуге болмайды.
3. Қойылым кезінде тыныштық сақтау керек.
4. Қойылым кезінде тұрып кетуге болмайды.
5. Қойылым соңында актёрлерге құрмет көрсетіп, шапалақ ұр.

**5.** Керекті сөздерді пайдаланып, «Менің сүйікті қойылымым» тақырыбына әңгіме құрастыр.

**Керекті сөздер:** *театр, билет алды, қойылымды тамашалады, әдемі киініп келді, қойылым ұнады, шапалақ ұрды.*

**6.** Қосымшаны дұрыс жалғап, сөйлемдерді дәптеріңе жаз. Сөздерге сұрақ қой.

| қайда? | кімге? | -ға | -ге | -қа | -ке |
|---|---|---|---|---|---|

Мен театр… бардым.
Сен мектеп… бардың.
Сіз әртіс… гүл сыйладыңыз.
Ол актёрлер… қарады.

# 53. Шешендік өнер

**Бүгін үйренетініміз**

- шешендік өнер туралы білеміз.

**Жаңа сөздер:**

шешен, би, мерген,
шебер, жұмсақ,
қатты, тәтті, жүрек

**Назар аудар!**

бидің шешімі
баланың жауабы
риза болу
бата беру

**1.** Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Жиренше шешен алдынан кездескен бір баладан:
– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.
Бала:
– Бал тәтті, – деген екен.
– Ал не жұмсақ?
– Мамық жұмсақ.
– Не қатты?
– Тас қатты.
Екінші бала: «Мен де жауап берейінші», – дейді.
– Ал, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.
– Ананың сүті, – деп жауап беріпті бала.
– Не жұмсақ?
– Ананың қолы.
– Ал енді не қатты? – деп сұрағанда:
– Атаның жүрегі, – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

*Ел аузынан*

- Жиренше шешен балаларға қандай сұрақтар қойды?
- Екінші бала бұл сұрақтарға қалай жауап берді?

- Неліктен Жиренше шешен оның жауабына риза болды?
- Сен қай баланың жауабымен келісесің?

**Есте сақта**

Шешендік өнердің ерекшеліктері

- Ауызша сақталған
- Авторы – халық
- Мәні терең
- Нақты айтылады
- Түсінікті, дәлелді сөздер
- Тыңдаушыны сендіреді



Қазыбек би



Төле би



Әйтеке би

Шешендік өнерді меңгерген жандар – билер. Олар адамдарды татуластырған. Дауларды әділ шешкен. Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би халықтың бірлігін сақтаған.

**2.** Төмендегі сөздерден сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

*Керекті сөздер: шешен, сөз, тыңдаушы, ойландыру.*

**3.** Шешеннің бойында қандай қасиеттер болуы керек? Дереккөздерді пайдаланып кластер құра.

**4.** Мақал-мәтел жаттайық!

**Шешеннің сөзі – мерген,**
**Шебердің көзі – мерген.**

# 54. Мектеп музейі

**Бүгін үйренетініміз**

- музей туралы әңгімелесеміз;
- *қайда?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

музей, көрме, тарихи, өлкетану, көне, жәдігер, тәж, сауыт

**Назар аудар!**

Қала+**да** музей көп.
Музей+**де** көрме өтеді.
Біздің мектеп+**те** музей бар.
Сабақ+**та** алтын адаммен таныстық.

**1.** **Диалогті тыңда. Бос орындарды қажетті сөздермен толықтырып оқы.**



– Сен қайда барасың?
– Мен өлкетану ... барамын.
– Музейде не бар?

– Музейде ... құжаттар, өлке табиғатының фотосуреттері және басқа да ... жәдігерлер бар.

– ... көрме өте ме?

– Иә, музейде түрлі тақырыпта көрмелер ұйымдастырылады.

**2.** Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтыр.

құжаттарды

фотосуреттерді

көрме

жәдігерлерді

музейге

Айбек ... барады.
Музейде ... өтеді.
Айбек ... , ... , ... көреді.

**Қызықты мәлімет**

18 мамыр – музей күні.

**3.** *Қайда?* сұрағын қойып, сөздерге тиісті қосымшаны жалға. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

-да  -де  -та  -те

Қазақстан... музейлер көп. Музей... жәдігерлер бар. Көрме... көне жәдігерлер жиналған. Музейдің үлкен залын... суреттер ілулі тұр.

**4.** Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Біздің  музей бар.

 көп жәдігер жиналған.

Біз  жиі барамыз.

**5.** Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

1. ... мектебінде музей бар?
2. Музейде ... бөлме бар?
3. ... көп жәдігерлер жиналған?
4. Біз сыныппен музейге жиі ... ...?
5. Мұғалім ... деді?

не істейміз?

не?

неше?

қайда?

кімнің?

**6.** Сызба бойынша өз мектебіңдегі (ауылыңдағы, қалаңдағы) музейлер туралы айт.

Музей

Музей қашан ашылды?

Музей қайда орналасқан?

Музейде не бар?

Музейге кімдер барады?

**7.** Жұмбақты шеш.

Басында тәж, үстінде алтын сауыт,
Айтшы, балам, кім бұл алып?



АРМАН-ПВ баспасы

# 55. Зергерлік бұйымдар көрмесі

**Бүгін үйренетініміз**

- зергерлік бұйымдар туралы әңгімелесеміз;
- бұйымдарды сипаттауды меңгереміз.

**Жаңа сөздер:**

алтын, күміс, алқа, сырға, моншақ, бойтұмар, сәнді, балқыту, сапыру

**Назар аудар!**

Зергерлік бұйымдар алтын+**нан**, мыс+**тан**, күміс+**тен**, қола+**дан**, темір+**ден** жасалады.

**1.** Өлеңді тыңда.
Ілесіп оқы.

Білесің бе бұл істі,
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын.

Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады.

*Ф.Оңғарсынова*



- Өлеңде қай мамандық туралы айтылған?
- Сақинаны, сырғаны кім жасайды?
- Сақина мен сырғаны неден жасайды?
- Зергер не істейді?

**Есте сақта**

Зергерлік бұйымдар:
- жүзік
- сырға
- алқа
- білезік
- моншақ

**2.** Сөйлемдерді толықтырып жаз.

-нан -нен -дан -ден -тан -тен


алтын... жасалады.


күміс... жасалады.


мыс... жасалады.


қола... жасалады.


тас... жасалады.

АРМАН-ПВ баспасы

**3.** Мәтінді оқы.

Жексенбі күні біз музейге бардық. Онда зергерлік бұйымдар көрмесі өтті. Көрмедегі алқа, бойтұмар, сырға, білезік, жүзік, сақина бұйымдары өте әдемі екен. Олар алтыннан, күмістен, тастан жасалған.

«Күміс – зергерлердің сүйікті материалы. Ол кір жинамайды. Денсаулыққа пайдалы», – деді бізге зергер.

Маған көрме өте ұнады.

**4.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін анықта.

| Сөйлем | Реті |
|---|---|
| Музейде зергерлік бұйымдар көрмесі өтті. | |
| «Күміс – зергерлердің сүйікті материалы. Ол кір жинамайды. Денсаулыққа пайдалы», – деді бізге зергер. | |
| Жексенбі күні біз музейге бардық. | |
| Көрмедегі алқа, бойтұмар, сырға, білезік, жүзік, сақина бұйымдары өте әдемі екен. | |

**5.** Сызба бойынша сұраулы сөйлем құра.




АРМАН-ПВ баспасы

# 56. Бейнелеу өнері

**Бүгін үйренетініміз**

- сурет өнері туралы әңгімелесеміз;
- мәтіннің жанрын анықтаймыз.

**Жаңа сөздер:**

қылқалам, бояу, мүсін, графика, қиял, ермексаз, қарағай, қисық, ақсақ

**Назар аудар!**

мен **әңгіме** оқыдым
сен **жұмбақ** шешесің
сіз **бата** бересіз
ол **мақал-мәтел** жаттайды

**Есте сақта**



сәулет



сурет

Бейнелеу өнері

мүсін

графика





**1.** Тыңда, қайтала.



– Мен қылқаламмен түсті бояулармен сурет саламын.



– Мен ермексаздан мысықтың мүсінін жасаймын.



– Мен қағазға қарындашпен иттің суретін саламын.

**2.** Үлгі бойынша сөйлем құрап айт.

*Үлгі: Олег қарындашпен иттің суретін салады. Бұл – графика өнері.*

| | | | |
|---|---|---|---|
| Олег | қарындаш | иттің суреті | графика |
| Айбек | ермексаз | мысықтың мүсіні | мүсін |
| Айзере | қылқаламмен түсті бояу | сурет | сурет өнері |

**3.** Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен 2–3-сыныптан бастап сурет сала бастадым. Қисық қарағайлар, ақсақ аюлар деген секілді.

Мұғалиміміз Кәрім Ақтаев мені мақтап қояды.

АРМАН-ПВ баспасы

Енді сыныптағы қыздардың суретін сала бастадым. Осылай сыныптың, тіпті мектептің суретшісі болып алдым.

– Өскенде, кім боласың? – дегендерге бірден жауап беремін:

– Суретші боламын. Әбілхан Қастеев сияқты.

– Бәрекелді! – дейді олар.

*М.Қабанбай*

- Сен сурет салуды ұнатасың ба?
- Сен өскенде кім болғың келеді?

**4.** Мәтіннің жанрын анықтап, сөйлемді толықтыр. Дәлелде.

мақал-мәтел | бата | әңгіме | жұмбақ

Бұл мәтіннің жанры – ... .

**5.** Жұбыңмен мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды дұрыс орналастырып, әңгімелес.

1. ... сыныптан бастап сурет сала бастады?
2. ... қарағайлардың, ... аюлардың суретін салды?
3. ... оны мақтап қояды?

Қандай?

Кім?

Нешінші?

**6.** Жұмбақты шеш. Бұл кім?

Қылқаламды қолға алып,
Қиялында ой салып.
Түс береді әлемге,
Сурет салып әдемі.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# 57. Сәулет өнері

**Бүгін үйренетініміз**

- сәулет өнері туралы әңгімелесеміз;
- *қандай?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

жоба, ғимарат, түрлі, таңғалдыру, жүректің қалауы

**Назар аудар!**

**әдемі** (*қандай?*) ғимарат
**ерекше** (*қандай?*) жоба
**сәулет** (*қандай?*) өнері

**1.** Өлеңді тыңда. Ілесіп оқы.

Мен сәулетші боламын,
Жүйрік менің қаламым.
Жоба жасап сан түрлі,
Ғимараттар саламын.

Сәулетші болған ұнайды,
Таңғалдырсам талайды.
Сәулетшілік өнерді
Жүрегім менің қалайды.

*«Балдырған» журналынан*



**2.** Өлең бойынша сөйлемдерді толықтырып айт.

Сәулетші ... жасайды. Сәулетші сан түрлі ... салады. Маған сәулетші болған ... . Мен ... таңғалдырамын.

**3.** Мәтінді оқы. *Қандай?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Әкем екеуіміз «AiLand» отбасылық демалыс орталығына келдік.

– «AiLand» – Астана қаласындағы әдемі сәулет өнерінің бірі. Бұл ғимарат ерекше жобамен салынған, бас сәулетшісі – Айдар Жәнібек, – деді әкем.

– Әке, оның ерекшелігі қандай?

– Оның ішінде суасты әлемінде жүргендей сезінесің. Қане, жүр, бәрін өз көзімізбен көрейік!

*А.Омарова*

**4.** Сөйлемдерді толықтыр.

1. Біз «...» демалыс орталығына бардық.
2. Бұл ғимарат ... жобамен салынған.
3. Оның ішінде ... ... жүргендей сезінесің.

**5.** Ғаламтордан сұрақтарға жауап беретін ақпараттар іздеңдер. Постер жасап, сынып алдында қорғаңдар.

Бұл не? | Сәулетшісі кім? | Қандай?






# 58. Қолданбалы өнер

**Бүгін үйренетініміз**

- қолданбалы өнер туралы әңгімелесеміз;
- сөйлем құрауды меңгереміз.

**Жаңа сөздер:**

кілем, ою-өрнек, сандық, тері, құрақ, көрпе, қолданбалы

**Назар аудар!**

кілем тоқу
сандық жасау
көрпе тігу

**1.** Мәтінді тыңда. Сөйлемдердегі бос орындарды қажетті сөздермен толтыр.

Біз кілемді ою-өрнекпен .... . Біздің тобымыз сандық ... . Біз ... ... жасаймыз. ... ... әдемі болады екен.



**2.** Кестені толтыр. Сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

*Үлгі: Айзеренің тобы кілемді ою-өрнекпен безендіреді.*

| Кімдер? | Не? | Не істейді? |
|---|---|---|
| Айзеренің тобы | | |
| Динараның тобы | | |
| Айбектің тобы | | |

**Есте сақта**




Сәнді-қолданбалы өнер – күнделікті пайдаланатын заттарды әдемілеп безендіріп жасау өнері. Мұндай бұйымдар әрі әсем, әрі пайдалы.

**3.** Сұрақтарға «өйткені», «себебі» сөздерін қолданып, жауап бер.

1. Сен көркем еңбек сабағында ою-өрнек құрастырдың ба?
2. Еңбек сабағында не жасайсың?

**4.** Сөйлемдерді толықтырып, оқы.

Ұста – темірден  жасайтын адам.

Зергер –  жасайтын адам.

Шебер – ағаштан  жасайтын адам.

Ісмер –  тігетін адам.

**5.** Суретке қарап жұбыңмен диалогті толықтыр.



– Бұл үйдің қалай аталатынын білесің бе?

– Әрине, білемін. Бұл – … … .

– Оны қайдан көрдің?

– Мен киіз үйді … … көрдім.

– Оның ішінде не бар?

– Киіз үйдің ішінде … , … , … бар.

– Олар қалай сәнделген?

– …

– Саған киіз үй ұнай ма?

– … … … .

**6.** Мақал-мәтел жаттайық!

- Шебердің қолы ортақ.
- Зергер, ісмер жезге үйір.
- Шеберді шеге қағысынан таны.
- Шеберді саусағы асырайды.

АРМАН-ПВ баспасы

# 59. Ою-өрнек құрастырамыз

**Бүгін үйренетініміз**

- ою-өрнектер туралы әңгімелесеміз;
- сөйлеп тұрған сәтте болып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөздерді қолдана аламыз.

**Жаңа сөздер:**

өсімдік, мүйіз, молшылық, ирек, шеңбер, киіз, қошқар

**Назар аудар!**

мен **құрастырып жатырмын**
сен **құрастырып жатырсың**
сіз **құрастырып жатырсыз**
ол **құрастырып жатыр**

**1.** Мәтінді оқы.

Бүгін көркем еңбек сабағы болды. Әсем Сапарқызы ою-өрнек туралы айтты.

– Әр ою-өрнектің мағынасы бар. «Қошқар мүйіз» оюы – молшылық. «Ағаш» оюы бірлікті білдіреді. «Ирек» оюы – адамның өмір жолы немесе судың белгісі. «Шеңбер» оюы жарық өмірді білдіреді, – деді мұғалім.

Біз түрлі ою-өрнектер құрастырдық. Маған сабақ өте ұнады.

*Б.Шукоева*

**Есте сақта**

Ою-өрнек төрт топқа бөлінеді:

1) өсімдік тектес
2) зооморфтық
3) космогондық
4) геометриялық

**2.** Семантикалық кестені толтыр.

| Ою түрлері | Бірлік | Жарық өмір | Адамның өмір жолы | Молшылық |
|---|---|---|---|---|
| «Қошқар мүйіз» оюы | | | | + |
| «Ағаш» оюы | | | | |
| «Ирек» оюы | | | | |
| «Шеңбер» оюы | | | | |

**3.** Тыңда, қайтала. *Неден?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Өнерді таудың бұлағынан,
Қойдың құлағынан,
Апамның киізінен,
Қошқардың мүйізінен үйрендім.

*Ә.Қастеев*

**4.** Сөздерді суреттерімен сәйкестендір.

| таудың бұлағынан | қойдың құлағынан | апамның киізінен | қошқардың мүйізінен |
|---|---|---|---|






**5.** «Үйрену» сөзін пайдаланып, сөйлем құра.

*Үлгі: Мен өнерді табиғаттан үйреніп жатырмын.*

Мен … … … … .  Сіз … … … … .
Сен … … … … .  Ол … … … … .

АРМАН-ПВ баспасы

# 60. Әжемнің кілемі әдемі

**Бүгін үйренетініміз**

- кілем тоқу туралы әңгімелесеміз;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырамыз.

**Жаңа сөздер:**

кілем, қыл, өрнек, ою, тоқу, ілу, түсіру

**Назар аудар!**

Мен жіп сатып алдым. Кесте тіктім.
Мен жіп сатып алып, кесте тіктім.

**1.** Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы.

Шебер қолдар ұстай алар
Көктен түскен күннің нұрын,
Күн нұрынан ою салар
Құлпыртатын кілем түрін.
Шебер қолдар ептілікпен
Тоқи білсе, жетсе жігер,
Қылдан нәзік алтын жіптен
Жер бетіне кесте тігер.

*Ә.Тәжібаев*

**2.** Сөз тіркестері мен суреттерді сәйкестендіріп, әңгімеле.







кесте тігу | ою салу | тоқи білу

**3.** Сөздер тізбегі арқылы сөйлем құра.

*Үлгі: Айша тоқиды. Айша қолғап тоқиды.*

... тоқиды. ... ... ... тоқиды.
... ... тоқиды. ... ... ... ... тоқиды.

**4.** Мәтінді оқы.

Атам мен әжемнің үйінде әдемі кілем ілулі тұр. Бұл кілемді әжем тоқыды. Кілем бетіне ою салу үшін оны ақ қағазға түсірді. Қанша жіп кететінін есептеді. Әжем қыс бойы жіп дайындады. Жазғы демалыста біз әжеме кілем тоқуға көмектестік. Кілем тоқу – үлкен өнер.

*А.Омарова*

**5.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін анықта.

| Сөйлемдер | Реті |
|---|---|
| Әжем қыс бойы жіп дайындады. | |
| Кілем бетіне ою салу үшін оны ақ қағазға түсірді. | |
| Жазғы демалыста біз әжеме көмектестік, кілем тоқыдық. | |
| Атам мен әжемнің үйінде әдемі кілем ілулі тұр. | |

**6.** Үлгіге қарап, сөйлемдерді өзгертіп, дәптеріңе жаз.

*Үлгі: Әжем жіп дайындады. Кілем тоқыды. – Әжем жіп дайындап, кілем тоқыды.*

Жазғы демалыста мен ауылға бардым. Әжеме кілем тоқуға көмектестім. Әжем қағаз бетіне оюдың суретін салды. Оны кілемге түсірді.

**7.** Артық сөзді тап.

1) кілем, алаша, кітап. 2) тоқу, тігу, ілу. 3) ою, сырға, өрнек. 4) ине, қалам, жіп, мата.

Арман-ПВ баспасы

# 61–62. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ қолөнерінің көне түрі – ою-өрнек өнері. Сандық, алаша, киіз, құрақ көрпе, зергерлік бұйымдарға ою-өрнек салынады.

Ою-өрнек түстерінің белгілі бір мағынасы бар. Көк түс – аспанның белгісі. Қызыл түс – отты, Күнді білдіреді. Қоңыр түс – Жердің белгісі. Сары түс – ақылдың, жасыл түс – жастықтың белгісі.

**2.** Дұрыс жауабын тап.

1. Мәтін не туралы?
   A) төрт түлік мал
   B) ою-өрнек
   C) сахна өнері
2. Қазақ қолөнерінің көне түрі – ... өнері.
   A) театр   B) сәулет   C) ою-өрнек
3. Қызыл түсті ою-өрнек нені білдіреді?
   A) отты, Күнді
   B) ақылды
   C) жастықты

**3.** Суреттердің бірін таңдап, әңгіме құрандар.





АРНА-ПВ баспасы

## 4. Сұрақтарға жауап беріп, сәйкес суретті көрсет.

Ісмер деген кім?

Ұста деген кім?

Зергер деген кім?

Шебер деген кім?









## 5. Қажетті әріпті тауып, сөздерді толықтыр.

| | | | |
|---|---|---|---|
| ә | санды… | …ойылым | …лкетану |
| ө | …нер | же…імпаз | …имыл |
| і | с…нд… | …ылқалам | …рнек |
| ү | к…лем | к…й | …имарат |
| ұ | б…йым | кей…пкер | ше…бер |
| ғ | тер… | ал…а | белг…л… |
| қ | …обыз | …ол…нер | к…м… с |

## 6. Жасанды интеллект көмегімен ерекше ою-өрнек құрастыр.

# 6-БӨЛІМ



# АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР

**Бұл бөлімде:**

- *п, к, қ* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жалғауды;
- мәтін мазмұны бойынша пікір айтуды;
- *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз, -ды/ ді* қосымшаларын дұрыс қолдануды;
- мәтіннің жанрын анықтауды;
- сөздерге сұрақ қоюды;
- қосымшалардың түрлерін дұрыс қолдануды;
- берілген сөздерді қолданып, мәтінді мазмұндауды;
- сұрақтарға жауап беруді;
- сипаттама жасауды;
- ойды өрбітіп сөйлем құрауды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 129–133-беттердегі (3–11) және 134,136-беттердегі 12–14-кестелерге сүйен.*



# 63. Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ұстаз

**Бүгін үйренетініміз**

- Ыбырай Алтынсарин туралы білеміз;
- *п, к, қ* дыбыстарына аяқталған сөздерді өзгертіп қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

ақын, жазушы, тілмаш

**Назар аудар!**

менің мектебім
сенің күнделігің
оның оқулығы

**1.** Мәтінді оқы.



Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысында туған. Әкесі ерте қайтыс болған. Кішкентай Ыбырайды атасы Балғожа тәрбиеледі. Ол жеті жылдық мектепті өте жақсы аяқтады. Алдымен тілмаш, кейін мектепте мұғалім болды. Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін мектептер ашты. Ол оқушыларға арнап «Қазақ хрестоматиясы» кітабын жазды.

*el.kz*

**2.** Орны ауысқан сөздер мен тіркестерден сөйлем құра.

1. Балғожа, тәрбиеледі, Ыбырайды, атасы, кішкентай.
2. Ыбырай, аяқтады, өте жақсы, жеті жылдық мектепті.
3. «Қазақ хрестоматиясы» кітабын жазды, ол, оқушыларға арнап.

**3.** Диалогті тыңда.



**4.** Диалог бойынша сөйлемдерді толықтыр.

... Ыбырай Алтынсарин атында.
Ыбырай Алтынсарин ..., ..., ... болған.
Мектепте ... ... музейі бар.

**5.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, жұбыңмен сөйлес.

– Ыбырай Алтынсарин қай жылы және қай жерде туған?

– ... .

– Мектеп бітірген соң кім болып жұмыс жасады?

– ... .

– Ол қазақ балалары үшін не істеді?

– ... .

**6.** Үлгі бойынша толықтырып, дәптеріңе жаз.

п-б | к-г | қ-ғ

*Үлгі: Мектеп. Менің мектебім үлкен, әдемі.*

Моншақ. Менің ... .
Өрнек. Сенің ... .
Кітап. Оның ... .

АРМАН-ПВ баспасы

# 64. «Бақша ағаштары» әңгімесі

**Бүгін үйренетініміз**

- Ыбырай Алтынсариннің әңгімесін оқимыз;
- мәтін бойынша өз пікірімізді айтамыз.

**Жаңа сөздер:**

әңгіме, бақша, тіп-тік, бағу, ықылас, шам, шырақ, жағу, іздеу, тілеу

**Назар аудар!**

бақшаға бару
қисық ағаш
түзу ағаш
пайдалы іс

**1.** Сызба бойынша сөйлем құра.




**2.** Ы.Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесін тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.

**3.** Әңгіме бойынша сұрақтарға жауап бер. Өз пікіріңді айт.

1. Төре баласымен қайда барды?
2. Олар бақшада қандай ағаштарды көрді?
3. Бір ағаш неге тіп-тік, екіншісі неге қисық болып өсті?
4. Бала нені түсінді?
5. Саған әңгіме ұнады ма?

**4.** Қарама-қарсы мағыналы сөздерді сәйкестендір. Үлгі бойынша жаз.

*Үлгі: Ақ қалам – қара қалам*

| | |
|---|---|
| тіп-тік | жаман |
| жақсы | қисық |
| қате | бағусыз |
| бағумен | дұрыс |

**5.** Суреттерге қарап, сөйлем құраңдар. «Мен ... деп ойлаймын» сөйлемін қолданып, пікірлеріңді айтыңдар.





**6.** Өлеңді жаттап ал.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

*Ы.Алтынсарин*

# 65. Абай – дара, Абай – дана

**Бүгін үйренетініміз**

- Абай Құнанбайұлы туралы білеміз;
- сұрақтарға жауап береміз;
- *-мын/ мін, -сың/ сің, -сыз/ сіз, -ды/ ді* қосымшаларын дұрыс қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

тұлға, дара, ұлы,
ұғымтал, зерек,
әсемпаз, өнерпаз,
кетік, қалану

**Назар аудар!**

мен ақын бола**мын**
сен ақын бола**сың**
сіз ақын бола**сыз**
ол ақын бола**ды**

**1.** Мәтінді оқы.

Абай Құнанбайұлы Абай облысында туған. Шын аты – Ибраһим. Әжесі Зере еркелетіп, «Абай» деп атап кеткен.

Абай өте зерек болып өсті. Әжесі мен анасы Ұлжанның аңыздарын тыңдаған. Абай өлең шығаруды бала кезінен бастаған.



*abaialemi.kz*

**2.** Сөйлемдерді сұрақтармен толықтырып, жұбыңмен сөйлес.

| Қайда? | Қандай? | Не істеді? | Кім? | Не? |
|---|---|---|---|---|

Абай Құнанбайұлы ... туған?
Абайдың шын аты ...?
Оны ... «Абай» деп атап кеткен?

Абай ... болып өсті?
Абай ... шығаруды бала кезінен бастаған?
Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның аңыздарын ...?

**3.** Дұрысын таңда.

1. Абай Құнанбайұлы Қостанай/ Абай облысында туған.
2. Оның шын аты – Сұлтанмұрат/ Ибраһим.
3. Әжесі Ұлжан/ Зере «Абай» деп атап кеткен.
4. Әжесі Ұлжан/ Зере мен анасы Ұлжанның/ Зеренің аңыздарын тыңдаған.
5. Абай өлең/ ән шығаруды бала кезінен бастаған.

**4.** Қосымшаны дұрыс жалғап, дәптеріңе жаз.

-сың | -мын | -ды | -сыз

Мен өлең шығара...
Сен тақпақ жаттай...
Сіз кітап жаза...
Ол аңыз тыңдай...

**Қызықты мәлімет**

Абай бар болғаны 3 жыл медреседе, 3 ай орысша оқыған. Дегенмен ол түрік, орыс, парсы, араб, шағатай тілдерін білген.

**5.** Өлеңді жаттап ал.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

*Абай*

АРМАН-ПВ баспасы

# 66. Абай – аудармашы

**Бүгін үйренетініміз**

- Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқимыз;
- *мен, сен, ол* сөздерін өзгертіп қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

шығарма, аудару,
мысал, төре,
мақтауға есіру

**Назар аудар!**

**мені** мақтады
**сенен** көрді
**оған** ұнады

**1.** Тыңда. Мысалды мәнерлеп оқы.
Сұрақтарға жауап бер.

### Қарға мен түлкі
*(Мысал)*

Бір қарға жүр еді.
Бір жатқан ірімшік
Көзіне түседі.
Ірімшікті көрінген
Тістеп ап ұшады.

Бір ағашқа қонды да,
Асықпай жемек болды да.
Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына.

«Есен-сау жүрсіз бе,
Ақынның төресі?
Әніңе бір салшы,
Асық боп келіп ем».

Мақтауға есіріп,
Барынша көсіліп,
Ырғалып, қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.

*А.Құнанбайұлы*
*И.А.Крыловтан аударған*

- Қарға не тауып алды?
- Ірімшікті қарға жеді ме?

**2.** Суреттердің дұрыс ретін тауып, үлгі бойынша әңгімеле.

***Үлгі:*** *Бір күні қарға жерде жатқан ірімшікті көрді.*



**3.** Ғаламтордан ақын туралы ақпарат тауып, сөйлесіңдер.

***Үлгі:*** *Абай Құнанбайұлы – аудармашы. Ол И.А.Крыловтың шығармаларын аударды.*

Абай кім?

- ақын
- композитор
- аудармашы
- дана, ойшыл

**4.** Көп нүктенің орнына 1-топ *мен*, 2-топ *сен*, 3-топ *ол* сөздерін өзгертіп, дәптеріңе жаз.

... өлеңді аударды. ... шығармаларын сүйіп оқимыз. ... бүкіл әлем біледі. Мұғалім ... жақсы баға қойды. ... Абайдың аудармалары бар. Біз ... үлгі аламыз.

***Керекті сөздер:*** *ол, оған, онда, оны, оның, одан; мен, маған, менде, мені, менің, менен; сен, саған, сенде, сені, сенің, сенен.*

# 67. Мұхтар Әуезов «Бала Абай»

**Бүгін үйренетініміз**

- Мұхтар Әуезовтің шығармасын оқимыз;
- мәтіннің жанрын анықтаймыз.

**Жаңа сөздер:**

жыршы, жалықпау, шырағым, ержету, шырқап кету

**Назар аудар!**

мен **әңгіме** оқыдым
сен **жұмбақ** шештің
сіз **бата** бердіңіз
ол **мақал-мәтел** жаттады

**Есте сақта**

шын – правда
шың – вершина



**1.** Мәтінді түсініп оқы.

**Бала Абай**

...Бір күні үйге екі қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Ол – Байкөкше деген жыршы.

Ұлжан Абайға қарап:

– Ал, балам, әңгіме-жырдың дүкені жаңа келді. Мына кісі – Барлас деген ақын! – деді...

– Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас, – деді Барлас.

...Барлас жай ғана тақпақтап:

Шырағым, ержетерсің,
Ержетсең, сірә, не етерсің?

Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің! –
деп, Абайға домбырасын ұсынды да:
– Міне, балам, осы менің батам болсын, – деді.

*М.Әуезов*

- Абайдың үйіне қандай қонақтар келді?
- Барлас ақын Абайға қандай бата берді?

**Қызықты мәлімет**

**Бата**

Қазақтың дастарқан басында, тойларда, адам өміріндегі басқа да оқиғаларда қол жайып айтатын тілегі «бата» деп аталады. Бата түрлері: ас батасы, сапар батасы, балаларға арналған бата.



**2.** Мәтіннің жанрын анықтап, сөйлемді толықтыр. Дәлелде.

мақал-мәтел | бата | әңгіме | жұмбақ

Дастарқаның бай болсын,
Қазан-ошағың май болсын.
Төрт түлігің сай болсын,
Көңілің жай болсын.
Әумин!

Бұл мәтіннің жанры – ... .

**3.** QR-кодтағы мәтінді тыңдап, батаны жаттап ал.

АРМАН-ПВ баспасы

# 68. Ахмет Байтұрсынұлы

**Бүгін үйренетініміз**

- Ахмет Байтұрсынұлы туралы білеміз;
- сөйлем құрауды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері, құрдас, білімді, ұнату, шапшаң, жылтырау

**Назар аудар!**

Мен барамын.
Мен оқуға барамын.
Мен ертең оқуға барамын.
Мен ертең қалаға оқуға барамын.

**1.** Өлеңді тыңда, қайтала, мәнерлеп оқы.

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киіндер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

*А.Байтұрсынұлы*



**2.** Өлеңнен суреттерге сай жолдарды тауып оқы.



**3.** Ғаламтордан ақын туралы ақпарат тауып, сөйлесіңдер.

*Үлгі: Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы.*




**4.** Мәтінді оқы.

### Мен қалай оқуға бардым?

Менің Әбіш деген құрдасым бар еді. Әкесі оны оқуға берді.

Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен. «Оқу үйренсем, мен де сондай оқыр едім», – деп, ойға қалдым.

Үйге қайтып келдім. «Оқуға барамын!» – дедім. Әкем мен апам ойымды ұнатты.

Ертеңіне әкем мені оқуға апарды.

*А.Байтұрсынұлы*

**5.** Сұрақтарды дұрыс орналастырып, жұбыңмен сөйлес.

1. Әбіш деген ...?
2. Әбіш ... ... ...?
3. Кітапта ... көп екен?
4. Ахмет әкесіне ... деді?
5. Әкесі ... оқуға апарды?

- не істеп отыр?
- кім?
- кімді?
- нелер?
- не?

**6.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

Ахметтің, бар, құрдасы, Әбіш, деген.
Әбішті, берді, оқуға, әкесі.
Әбіш, оқып отырды, кітап, үйінде.
Кітапта, көп екен, жұмбақ, мақал, өлеңдер.
Ертеңіне, апарды, оқуға, Ахметті, әкесі.

АРМАН-ПВ баспасы

# 69. Шоқан мен өнерлі бала Мысық

**Бүгін үйренетініміз**

- Шоқан Уәлиханов туралы білеміз;
- қосымшаларды дұрыс қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

балшық, ұста

**Назар аудар!**

ұста+**ның** құрал+**ы**
түйе+**нің** мүсін+**і**
ертең келе+**мін**
құс жасай+**мын**

**1.** Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

...Арықтау сары баланың екі түрлі ермегі бар. Бірі – бұзау бағу. Екіншісі – балшықтан ойыншық жасау.

Оның досы – Шоқан. Сол сағына күткен досы атымен жетіп келді.

Мысық балшықтан жасаған ойыншықтарын жия қойды.

– Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықты кім істеді? – деп, Шоқан күлімдей қарады.

– Өзім істедім, – деді Мысық.

– Өзің ұстасың ғой. Маған ана атыңды берші.

– Не бересің? Бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?

– Біздің үйге жүр, апамнан көп қант, бауырсақ әперемін... Мысық түйе ғып жасаған бір ойыншығын алып, Шоқанға берді.



– Ей, кәдімгі түйе! Өзің қандай шеберсің!..

– Ертең тағы келемін, маған түйе істеп қой!
– Жоқ, мен құс істеймін, – деді Мысық.
– Иә, иә, тіпті жақсы, – деді Шоқан.

*С.Бегалин*

- Мысық қандай мүсіндер жасады?
- Мысық мүсінді неден жасайды?
- Сен мүсін жасай аласың ба?

**2.** Диалогті тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Шоқан Уәлиханов кім болған?
2. Оның шын аты кім? Оған «Шоқан» деп ат қойған кім?
3. Шоқан қандай ғылымдарды жақсы білген?



**3.** Суреттердің бірін таңдап, жұбыңмен диалог құр. Балалар не туралы сөйлесуі мүмкін?





**4.** Қосымшалардың дұрыс нұсқасын таңдап, дәптеріңе жаз.

Мысық... (-дың/ тың) екі түрлі ермег... (-і/ ы) бар. Мысық балшық... (-тан/ тен) ойыншық... (-дар/ тар) жасайды. Оның балшық түйе... (-сі/ сы) әдемі. Өзің ұста... (-сің/ сың) ғой. Апам саған бауырсақ, қант бере... (-ді/ ды). Мен ертең келе... (-мын/ мін). Мүсін... (-дер/ дар) шебер қолмен жасалған.

# 70. Дара тұлға – Әбу Насыр әл-Фараби

**Бүгін үйренетініміз**

- Әбу Насыр әл-Фараби туралы білеміз;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырамыз.

**Жаңа сөздер:**

ірі, танымал, білім, құмар, астрономия, зерттеу, медицина, айналысу

**Назар аудар!**

Ол Отырарда туды. Бағдатта білім алды.
Ол Отырарда туып, Бағдатта білім алды.

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Әл-Фарабидің ғылымға, білімге қызығуына не әсер етті?
2. Ол қандай ғылымдарды зерттеумен айналысқан?
3. Сен астрономия, медицина ғылымдары нені зерттейді деп ойлайсың?

**3.** Үлгіге қарап, сөйлемдерді өзгертіп, дәптеріңе жаз.

*Үлгі:*

| Жай сөйлем | Құрмалас сөйлем |
|---|---|
| *Әл-Фараби Бағдат қаласына барды. Онда ғылыммен айналысты.* | *Әл-Фараби Бағдат қаласына барып, онда ғылыммен айналысты.* |

1. Әл-Фараби математика, музыка, логика, медицина, география, астрономия ғылымдарын зерттеді. Мол мұра қалдырды.
2. Әбу Насыр әл-Фараби ірі ғалым, ғұлама болды. Біз ұлы бабамызды мақтан тұтамыз.

**Қызықты мәлімет**

Әл-Фарабидің толық аты – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби.

**4.** Сөйлемді толықтыр. Ойыңды дәлелде.

Әл-Фарабиді дарынды жан дейміз, себебі ... .

**5.** Суреттердегі ғылымдардың атауларын тауып жаз.







**6.** Жұбыңмен әл-Фараби туралы түсініктеріңді суретпен бейнелеп, постер жаса.

# 71. Қазақтың Қанышы

**Бүгін үйренетініміз**

- Қаныш Сәтбаев туралы білеміз;
- берілген сөздерді қолданып, мәтін мазмұнын жазамыз.

**Жаңа сөздер:**

тұңғыш, тума дарын, ұзақ, болашақ, ынта, жаратылысы бөлек, тауысу, обал

**Назар аудар!**

мен ғалым боламын
сен ғалым боласың
сіз ғалым боласыз
ол ғалым болады

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Сұрақтарды жұбыңмен талқылып, диалог құр.

Қаныш неге қалада оқуы керек?
Қаныш қай қалаға оқуға барады?
Кереку қаласы қазір қалай аталады?

**3.** Сөйлемдерді аяқтап, дәптеріңе жаз.

Қаныш мектепте жақсы оқыды, себебі ...
Қаныш Сәтбаев атақты ғалым болды, себебі ...

**Қызықты мәлімет**

Қаныш Сәтбаев – қазақтан шыққан тұңғыш геолог ғалым. Ол бала күнінен таудың тасын жинайтын. Етігінің қонышындағы балғамен тастарды сындырып көретін. Оны тастардың әртүрлілігі қызықтыратын. Ол кейін минералдарды көп зерттеді.

*М.Сәрсеке*



**4.** Сөйлемдерді толықтырып, ғалым туралы шағын әңгіме жаз.

Ғалым ... оқиды. Ғалым ... жинайды. Ғалым ... ашады. ... – атақты ғалым.

***Керекті сөздер:*** *деректер, көп кітап, жаңалық, Қаныш Сәтбаев*

**5.** Қосымша дереккөздерге сүйеніп, суреттер мен сөздерді сәйкестендір.

| минерал | алтын | көмір | күміс |
|---|---|---|---|






# 72. Құрманғазы – күй атасы

**Бүгін үйренетініміз**

- Құрманғазы Сағырбайұлы туралы білеміз;
- сөздерге сұрақ қоямыз.

**Жаңа сөздер:**

сәби, арман, сазгер, кең байтақ, төгілу, сылдырау, желпіну

**Назар аудар!**

Құрманғазы+**ның** *(кімнің?)* күйлері
халық+**тың** *(кімнің?)* арманы
домбыра+**ның** *(ненің?)* үні

**1.** Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы.

Тарт күйіңді, домбыра!
Төгіл, төгіл, тәтті күй,
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін, жел соқтыр!

*І.Жансүгіров*

**2.** Мәтінді оқы.



Құрманғазы Сағырбайұлы – қазақтың ұлы күйшісі, сазгер, домбырашы.

Ол Батыс Қазақстан облысында туған. Әкесі Сағырбай сәбиді қолына алып: «Сенің атың Құрманғазы болсын» – деп, атын қойыпты.

Құрманғазы алты жастан домбырамен әндерді, күйлерді тартады.

Құрманғазының «Кішкентай», «Сарыарқа» күйлерінде халықтың арманы, туған жер, кең байтақ дала суреттеледі.

**3.** QR-код арқылы Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңда. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Құрманғазы көп **күй** шығарған. Ол домбырамен күйді **шебер** тартқан. Оның күйлерін өнерпаздар **сахнада** орындап жүр.

**4.** Дұрысын таңдап жаз.

-ның | -нің | -дың | -дің | -тың | -тің | -ы | -і | -сы | -сі

Қазақ... күйші...
Құрманғазы... әке...
Бала... домбыра...

**5.** Кел, ойнайық! Жұбыңа сұрақ қой.

| | | |
|---|---|---|
| | домбыра | ма? ме? |
| | ән | |
| | арман | |
| Бұл | аспап | ба? бе? |
| | дала | |
| | күй | па? пе? |

АРМАН-ПВ баспасы

# 73. Домбырашы қыз – Дина

**Бүгін үйренетініміз**

- Дина Нұрпейісова туралы білеміз;
- сұрақтарға жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

шәкірт, мұра, ұрпақ, серік, байқау, дарынды, жүлде

**Назар аудар!**

Дина қандай күйші?
Кім Динаға бата берді?
Күйші қызға не сыйлады?

**1.** Өлеңді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Құрманғазы Динаға не сыйлады?
Құрманғазы Динаға қандай бата берді?
Құрманғазы неге Динаға домбыра сыйлады?

**2.** Мәтінді оқы.

Құрманғазының шәкірті – Дина Нұрпейісова. Ол тоғыз жасынан күй тартады. Дина ел ішінде «домбырашы қыз» атанады.

Құрманғазы дарынды қызға домбырасын сыйлап, бата береді. Дина Құрманғазының күйлерін шеберлікпен орындайды. Кейін өзі де күй шығарады.

*el.kz*

**3.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды дұрыс орналастырып, жұбыңмен сөйлес.

| Не істейді? | Қайда? | Қандай? | Неше? | Кім? |
|---|---|---|---|---|

1. Құрманғазының таңдаулы шәкірті ...?
2. Ол ... жасынан күй тартады?
3. Дина ... «домбырашы қыз» атанады?
4. Құрманғазы Динаға домбырасын ... ...?
5. Дина қазақтың ... күйшісі?

**Қызықты мәлімет**

Дина Нұрпейісова 75 жасында Мәскеуде өткен халық аспаптарын тартатын өнерпаздар байқауында, 83 жасында Орта Азия өнерпаздары қатысқан байқауда жүлделі орындарды жеңіп алады.

*el.kz*



**4.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін анықта.

| Сөйлем | Реті |
|---|---|
| Дина Нұрпейісова – қазақтың атақты күйшісі. | |
| Құрманғазының таңдаулы шәкірті – Дина Нұрпейісова. | |
| Құрманғазы дарынды қызға домбыра сыйлап, бата береді. | |
| Ол тоғыз жасынан күй тартады. | |

**5.** Ойды өрбітіп, сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

... үйренеді.
... ... үйренеді.
... ... ... үйренеді.
... ... ... ... үйренеді.

**6.** Кел, ойнайық! Ребусты шеш.



# 74. Қазақтың бұлбұлы – Бибігүл Төлегенова

**Бүгін үйренетініміз**

- Бибігүл Төлегенова туралы білеміз;
- әншіге сипаттама жасаймыз.

**Жаңа сөздер:**

әдемі, атақты, көркемөнерпаз, бұлбұл, келбет, бозторғай

**Назар аудар!**

атақты әнші
халық әртісі
халықтың мақтанышы
қазақтың бұлбұлы

**1.** Тыңда, интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Мәтінді оқы.

Бибігүл Төлегенова Семей қаласында туған.

Бибігүл – қазақтың атақты әншісі, халық әртісі. Ол Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірді. Ән айтуды көркемөнерпаздар үйірмесінен бастады.

Бибігүлді «қазақтың бұлбұлы» деп атайды. Ол көп елде болып, ән шырқап, өнер көрсеткен.

Бибігүл Төлегенова – халықтың мақтанышы.

*kazgazeta.kz*

**3.** Қателерді тауып, түзет. Дұрыс нұсқасын айт.

Ән айтуды театрдан бастады.

Бибігүл Төлегенова Алматы қаласында дүниеге келген.

Бибігүлді «қазақтың бозторғайы» деп атайды.

Б.Төлегенова көп елде болып, би билеп, өнер көрсеткен.

**4.** Үлгі бойынша сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

| мен | сен | сіз | ол |
|---|---|---|---|

*Үлгі: Мен музыка мектебіне барамын.*

Музыка мектебіне бару. Вокал сабағына қатысу. Ән шырқау.

**5.** Сұрақтарға жауап беріп, өзің білетін немесе ұнататын әншіні сипатта.

Оның аты кім? Ол қандай ән айтады?
Оның дауысы қандай?
Ол саған несімен ұнайды?

АРМАН-ПВ баспасы

# 75. Қажымұқан

**Бүгін үйренетініміз**

- Қажымұқан Мұңайтпасов туралы білеміз;
- берілген сөздерден сөйлем құраймыз.

**Жаңа сөздер:**

батыр, балуан, күш, тобық, әлем, күрес, кәсіби, қайратты, алып, жығу

**Назар аудар!**

мен чемпион бола**мын**
сен чемпион бола**сың**
сіз чемпион бола**сыз**
ол чемпион бола**ды**
біз чемпион бола**мыз**
сендер чемпион бола**сыңдар**
сіздер чемпион бола**сыздар**
олар чемпион бола**ды**

**Есте сақта**

дәу – алып – батыр
палуан – балуан
тұңғыш – бірінші – алғашқы

**1.** Қадыр Мырза Әлінің өлеңін тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

**Күрес**

Ғайса екеуміз күресіп,
Жүріп алдық тіресіп.
Дуылдайды балалар,
Шуылдайды балалар.
– Бәсе, бәсе!

– О, мықтым!
– Қақ тұсынан тобықтың!
– Ішінен шал!
– Ішінен!
– Не істейді құр күшімен?
– Көтеріп соқ!
– Болмаса!..
– Күрес пе осы!
– Далбаса!
Шіркін ауыз мықты ғой,
Бәрін сөзбен жықты ғой!
Жұрт айтқанға тойдық біз,
Жығыса алмай қойдық біз!



- Кім күресуге шықты?
- Балалар не деп шулады?
- Кім жеңді?
- Күрескен оңай ма?
- Күрес ненің бір түрі?

**2.** Мәтінді түсініп оқы.

Қажымұқан Мұңайтпасов – қазақтың тұңғыш кәсіби балуаны. Ол – күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған алғашқы қазақ.

Қажымұқан бала кезінен қайратты, алып болып өседі.

Ол 54 мемлекетте күресіп, 48 алтын, күміс, қола жүлделер жеңіп алды.

Қажымұқанға «Қазақ даласының батыры» атағы берілді.

*el.kz*

АРМАН-ПВ баспасы

**3.** Сызбаны толықтырып, сынып алдында сөйлеңдер.




**4.** Берілген сөздерден сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| Қажымұқан | әлем | болып өседі |
| Бала кезінен | кәсіби | берілді |
| Ол | қайратты, алып | жеңіп алды |
| Қажымұқан | «Қазақ даласының батыры» атағы | чемпионы |
| Қажымұқанға | алтын, күміс, қола жүлделер | балуан |

**5.** Сөйлем құрап жаз.

*Үлгі: Мен күресемін.*

Сен ... . Сіз ... . Ол ... . Біз ... . Сендер ... . Сіздер ... . Олар ... .

**6.** Кел, жарысайық! «Кім көп сөз біледі?» ойыны.

Серік, күрес, сабақ, ...

АРМАН-ПВ баспасы

# 76. Әлем таныған балуан

**Бүгін үйренетініміз**

- Жақсылық Үшкемпіров туралы білеміз;
- ойды өрбітіп, сөйлем құраймыз.

**Жаңа сөздер:**

жарыс, жүлдегер, қарсылас, жеті дүркін, шұғылдану, марапатталу

**Назар аудар!**

Сен білесің бе?
Сен чемпиондарды білесің бе?
Сен олимпиада чемпиондарын білесің бе?

**1.** Тыңда, интерактивті тапсырманы орында.

**2.** Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.



Жақсылық Үшкемпіров – грек-рим күресінің балуаны, спорт шебері. Ол бала күнінен спортпен шұғылданды.

Жақсылық Мәскеу Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алды. Күрес кезінде қарсыласын дәл бағалай білді. Ол әлемге танымал болды.

Ж.Үшкемпіров – Қазақстан чемпионатының жеті дүркін жүлдегері.

Осындай спорттағы жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

*el.kz*

- Жақсылық Үшкемпіров кім?
- Ол бала күнінен немен шұғылданды?

**3.** Мәтін бойынша дұрыс/ бұрысын анықта.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Жақсылық Үшкемпіров – қазақша күрестің балуаны, спорт шебері. | | |
| Ол Мәскеу Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алды. | | |
| Жақсылық Үшкемпіров – Қазақстан чемпионатының алты дүркін жүлдегері. | | |
| Осындай спорттағы жетістіктері үшін «Халық қаһарманы» орденімен марапатталды. | | |

**4.** Сөздердің қай сұраққа жауап беретінін анықтап, кестенің тиісті бағанына жаз.

Күрес, балуан, жеті, шебер, шұғылданды, алтын, жеңіп алды, тұңғыш, алты, қайратты, қарсылас, жарыс, танымал болды, он, жеңімпаз.

| Не? | Кім? | Неше? | Қандай? | Не істеді? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**5.** Сөз тізбегі арқылы өрбітіп, сөйлем құра.

1. Шұғылданамын.
2. ... шұғылданамын.
3. ... ... шұғылданамын.
4. ... ... ... шұғылданамын.
5. ... ... ... ... шұғылданамын.

**6.** Мақал-мәтел жаттайық!

Балуанға оң-солы бірдей.

Балуан күшімен танылады.

АРМАН-ПВ баспасы

# 77–78. Қайталау. Нәтиже сабақ

**1.** Мәтінді оқы.

### Әке мен бала

Бір адам баласымен келе жатты. Ол жолда ескі тағаны көріп, баласына:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деді.

Бала:

– Ескі тағаны не қылайын, – деді.

Әкесі тағаны өзі алып, жүре берді.

Қаланың шетіндегі ұсталарға тағаны үш тиынға сатты.

Базардан сол ақшаға шие сатып алды.

Біраздан соң әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала жерге түскен шиені аузына салды. Сонымен, осылай әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет еңкейіп, алып жеді.

Ең соңында әкесі баласына шиенің бәрін беріп тұрып, айтты:

– Көрдің бе, тағаны жерден бір көтеріп алуға ерініңдің. Шиенің жерге түскенін аламын деп, он рет еңкейдің. Есіңде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың, – деді.

*Ы. Алтынсарин*

**2.** Суреттерді ретімен қойып, әңгімеле.






**3.** Дұрыс жауабын тап.

1. Әкесі мен баласы жолда нені көрді?
   A) тасты
   B) тағаны
   C) гүлді
2. Әкесі ұсталарға тағаны неше тиынға сатты?
   A) бес
   B) жеті
   C) үш
3. Әкесі баласына не деп айтты?
   A) Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың.
   B) Тағаны алма!
   C) Ескі тағаны алып не қылайын.

**4.** Мәтіннен кестеде берілген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап.

| Кім? | Не? | Қандай? | Қайда? | Неше? | Не істейді? |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**5.** Қажетті әріпті тауып, сөздерді толықтырыңдар.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ә | ж...лдегер | шы...арма | ...стаз | а...ын |
| ө | қ...рдас | қ...мар | ...лы | ...нг...ме |
| і | болаша... | ...нату | ...алай | б...л...мд... |
| ү | ке... | же...імпаз | т...ң...ыш | ж...мыс |
| ұ | ...за... | ...дем... | т...л...а | жа...алы... |
| ғ | н...ресте | ата...ты | ...лем | ...р... |
| қ | м...ра | сер...к | ...м...р | ...арсы |
| ң | б...лб...л | ...айратты | к...рес | к...йш... |

# 7-БӨЛІМ

# СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



**Бұл бөлімде:**

- *қанша?* сұрағына жауап беруді;
- сөйлемді дұрыс құрауды;
- *қандай? не істеп жатыр? қашан?* сұрақтарына жауап беруді;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемдерге айналдыруды;
- болып кеткен/ болып жатқан/ болатын іс-әрекеттер туралы айтуды;
- *мен, сен, сіз, ол* сөздерін өзгертуді;
- *не істейді? не істемейді?* сұрақтарын қолдануды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 128–133-беттердегі 1–11-кестелерге сүйен.*



# 79. Жаңбырдың пайдасы

**Бүгін үйренетініміз**

- жаңбырдың пайдасы туралы ақпарат аламыз;
- *қанша?* сұрағына жауап бере аламыз.

**Жаңа сөздер:**

ғаламшар, тіршілік, өрт, иіс, дәм, кемпірқосақ, терең

**Назар аудар!**

бес *(қанша?)* метрден аса
сексен *(қанша?)* пайыз су

**1.** Тыңда. Қайтала. Берілген сұрақтарға жауап бер.

Су – ғаламшарымыздағы ең қарапайым зат. **Судың** өз құпиясы бар. Таза су – түссіз, иіссіз, **дәмсіз** сұйықтық. Судың тереңдігі 5 метрден асқанда, көгілдір болып көрінеді.

Ересек адамдардың денесі 60 % –70 % судан тұрады. Ал балаларда – 80 % .

Біз **суды** күнде пайдаланамыз. Сумен жуынамыз. Ыдыстарды, киімдерді жуамыз.

Су адамдарды **ыстықтан** сақтап, **егін** өсіруге көмектеседі. Сусыз өсімдіктер де, жануарлар да тіршілік ете алмайды.

*bilim-all.kz*

- Су қандай қасиеттерге ие?
- Ересектер мен балалардың денесіндегі судың мөлшері қандай?
- Су адамдар мен табиғат үшін неге маңызды?

**2.** Мәтінде қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қойып, сөйлем құра.

| Не? | Нені? | Қандай? | Неден? | Ненің? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**3.** Сұрақтарға жауап жаз.

1. Су қанша метрден асқанда көгілдір болады?
2. Ересек адамдардың денесі қанша пайыз судан тұрады?
3. Балалардың денесі қанша пайыз судан тұрады?

60 %–70 %

80 %

5 метр

**4.** Сөйлемдерді суреттермен сәйкестендір.





Терең су көгілдір болып көрінеді.

Сумен өсімдіктерді суарамыз.



Сумен киімдерді жуамыз.



Сумен жуынамыз.



Сумен ыдыстарды жуамыз.

**5.** Мәтінді оқы. *Қанша?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

### Жаңбырдың пайдасы

Табиғатқа жаңбырдың тигізер пайдасы көп:

- 1 сағаттық жаңбыр ауадағы шаң-тозаң мен зиянды заттардың 90 %-ын жуып кетеді;
- егін қолдан суарғанға қарағанда 10–15 %-ға жоғары өнім береді;
- орманда өрт болмайды;
- дүниежүзіндегі тұщы су көздерінің 80 %-дан астамы жауын-шашын есебінен толығады.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

**6.** Жаңбырдың пайдасы туралы кластер жасаңдар.




**7.** Көп нүктенің орнына «ү», «ұ» дыбыстарының бірін қойып, өлеңді мәнерлеп оқы.

### Жаңбыр

Аспанда б…лт т…йілді,
Жерде ойнатты қ…йынды
Табиғат отпен қол қойып,
Ақырып б…лтқа б…йырды:

«Жу егінді, бақшаны!
Көшедегі бас шаңды!»
Бұлт б…йрықтан аспады,
Жаңбыр жауа бастады.

*М.Жаманбалинов*

# 80. Көл

**Бүгін үйренетініміз**

- көл туралы ақпарат аламыз;
- табиғатты сипаттауды үйренеміз;
- сөйлемді дұрыс құрамыз.

**Жаңа сөздер:**

көл, шұңқыр, бөлік, ащы, тұщы, мұхит, қатынаспау

**Назар аудар!**

табиғи шұңқыр
мұхитпен қатынаспайды
суы ащы
суы тұщы

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.

**2.** Мәтіннен *қандай?* сұрағына жауап беретін сөздерді тауып, оқы.

**3.** Мәліметтің дұрыс/ бұрысын тап.



| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Көл – сумен толған табиғи шұңқыр. | | |
| Көлдер мұхиттармен байланысып жатыр. | | |
| Картада тұщы көлдер қызыл түспен белгіленген. | | |
| Балқаш көлінің батыс бөлігі көк түспен, ал шығыс бөлігі күлгін түспен боялған. | | |

**4.** *Иә / жоқ* сөздерін қолданып жұбыңмен диалогті толықтыр.

– Көлдер мұхиттармен байланыса ма?
– … .
– Көлдердің суы тек ащы бола ма?
– … .
– Картада көлді қандай түспен белгілейді?
– … .
– Сен көлді көрдің бе?
– … .

**5.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Марқакөл – Шығыс Қазақстан облысында орналасқан әдемі … .
Марқакөлдің … таза және жұмсақ.
… биік таулар мен әсем шыршалар қоршаған.

| көлді | көл | суы |
|---|---|---|

**6.** Берілген сөздермен сөйлемдер құра.

**Керекті сөздер:** *көл, көлдің, жұмсақ, кейбір, табиғи, суы ащы, көлдер, суы, шұңқыр, Марқакөлдің, таулар, қатынаспайды, Марқакөлді, мұхиттармен, қоршаған*

**7.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

**Көл**

Көлдер көктен керемет,
Қарасаң бір айнала.
Жерге қойған шегелеп
Ұқсайды алып айнаға.

*Ә.Асылбек*

АРМАН-ПВ баспасы

# 81. Алакөл – табиғаттың құпиясы

**Бүгін үйренетініміз**

- Алакөл туралы ақпарат аламыз;
- *қандай?* сұрағына жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

өзен, құпия, шағала, қызу, табан, кеуде

**Назар аудар!**

Алакөл *қандай* көл?
Алакөл – **үлкен, әдемі** көл.
Көлдің суы *қандай?*
Көлдің суы **тұзды, шипалы.**

**1.** Мәтінді тыңда.



**2.** Мәтін бойынша *қандай?* сұрағына жауап бер.

| Түсі | Суы | Белгісі |
|---|---|---|
| | | |

**3.** Диалогті толықтырып, жұбыңмен сөйлес.

– Қазақстанда қандай көлдер, өзендер бар?
– ... .

Арман басылымы

– Алакөл қандай көл?
– ... .
– Көлдің түсі қандай?
– ... .
– Алакөлдің суы қандай?
– ... .
– Сен Алакөлге бардың ба?
– ... .
– Алакөлдің белгісін білесің бе?
– ... .
– Сенің туған жеріңде өзен, көл бар ма?
– ... .

**4.** Сөйлемдерді толықтырып, дәптеріңе жаз.

... отбасыммен Алакөлде демалдым. ... былтыр Алакөлде демалдың ба? ... Алакөлде жақсы демалды. ... жазда Алакөлде демалдық.

**5.** Адасқан әріптерді дұрыс қойып, суретімен сәйкестендір.

лөк



құлаб



зөне



**6.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Қызады құмға – табан, күнге – жағаң,
Суыңа жүзген адам мың жасаған.
Алакөл – мәңгі мөлдір махаббатым,
Кеудемнің кең әлемін гүл жасаған.

*Ш.Қожахмет*

АРМАН-ПВ баспасы

# 82. Өзен

**Бүгін үйренетініміз**

- өзен туралы ақпарат аламыз;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырамыз.

**Жаңа сөздер:**

ағын, арық,
диқан, қуат

**Назар аудар!**

Өзеннен арық тарттық. Егінді суардық.
Өзеннен арық тартып, егінді суардық.

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Буындарды жалғап, мәтіндегі өзендердің атауын оқы. Қанша өзенді таптың?

| | | | |
|---|---|---|---|
| ЕР | ДА | ЛЕ | У |
| Е | Ш | РИ | Я |
| СЫР | ТО | ТІС | БЫЛ |
| І | ЖА | СІЛ | ЙЫҚ |

**3.** Үлгіге қарап, сөйлемдерді өзгертіп, дәптеріңе жаз.

**Үлгі:** *Өзен – ағынды су. Өзен суы таза болады. Өзен – ағынды су, сол себепті өзен суы таза болады.*

Жазда балалар Ертіс өзеніне барды. Суға шомылды.
Бүгін әкем екеуміз өзенге бардық. Балық ауладық.
Өзеннің суы тұщы болады. Оны шаруашылыққа пайдаланады.

**4.** Дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстарды дұрыс ретімен қойып, сөз құрап оқы.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ЗНДР | ТУЛРДН | ПЙДЛ | ГНДР | ТҢЗДР |
| ӨЕЕ | ААА | ААЫ | ЕІЕ | ЕІЕ |

**5.** Өздерің тұратын жердегі өзен туралы кластер құрыңдар.

Өзен

**6.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, мәнерлеп оқы.

-ға/ ге　　　-да/ де

**Өзендер**

Өзендер... қарасаң,
Ағып жатқан бұраңдай,
Ен дала... орасан
Жылжып жүрген жыландай.

*Ә.Асылбек*

АРМАН-ПВ баспасы

# 83. Бұлақ

**Бүгін үйренетініміз**

- бұлақ туралы әңгімелесеміз;
- *не істеп жатыр?* сұрағына жауап беруді үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

бұлақ, таудың етегі, жадырау, тебіну, атқылау

**Назар аудар!**

мен бұлақты **тазалап отырмын**
сен бұлақты **тазалап отырсың**
сіз бұлақты **тазалап жатырсыз**
ол бұлақты **тазалап жатыр**

**Есте сақта**

Бұлақ – жер бетіне шығып жатқан табиғи жерасты су көзі. Ол таулы, қыратты аймақтарда, өзендер мен көлдердің жағасында жиі кездеседі.

*bilim-all.kz*

**1.** Мәтінді тыңда.



- Суретте қыздар не істеп жатыр?
- Ұлдар не істеп тұр?

**2.** Мәтінде берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдыр.

*Үлгі: Біздің ауыл қайда орналасқан?*

**3.** Мәтін бойынша сөздерді сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| ауыл | сұп-суық |
| табиғат | орналасқан |
| бұлақты | әдемі |
| бұлақ суы | жасайды |
| қайық | ластамаймыз |

**4.** Мәтіндегі *мен, сен, сіз, ол* сөздеріне *жаса, жу, ойна, тазала* сөздерін қос. Сөз тіркесін жаса.

**5.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

*Үлгі: Мен бұлақтан су алып жатырмын.*

Мен, алып жатырмын, су, бұлақтан. Суы, суық, бұлақтың, мөлдір. Әжем, қойып жатыр, шай. Біз, ішіп жатырмыз, атам, үшеуміз, шай.

**6.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Мазмұны бойынша сурет сал.

**Жаңа туған жас бұлақ**

Жаңа туған жас бұлақ
Жадырап, жазды қарсы алды.
Тебініп, тасты атқылап,
«Жолымды аш!» деп жар салды.

*Ө.Тұрманжанов*

АРМАН-ПВ баспасы

# 84. Ауылда

**Бүгін үйренетініміз**

- бұлақ туралы әңгімелесеміз;
- болып кеткен/ болып жатқан/ болатын іс-әрекет туралы айтамыз.

**Жаңа сөздер:**

нәр, мөлдір, шөп
шабу, ағу, қайнау

**Назар аудар!**

Ол кеше шөп **шапты.**
Ол бүгін шөп **шауып жатыр.**
Ол ертең шөп **шабады.**

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Сөздерді үлгі бойынша жаз.

*Үлгі:*

| Кеше | Бүгін (қазір) | Ертең |
|---|---|---|
| демалды | демалып жатыр<br>(... тұр, ... отыр, ... жүр) | демалады |

Демалу, бару, шақыру, тазалау, жуыну, қарау, бастау, қайнату.

**3.** Жұбыңмен сәйкестендіріп оқы.

| | |
|---|---|
| түске дейін | мөлдір |
| бұлақтың суы | демалды |
| көлеңкеде | жайқалып тұр |
| дастарқанға | шөп шапты |
| гүлдер | шақырды |

**4.** Әлидің кешегі, бүгінгі, ертеңгі іс-әрекетін жаз.

1. Әли кеше бұлақтан ... ... .
2. Әли бүгін бұлақтан ... ... ... .
3. Әли ертең бұлақтан ... ... .

**5.** Жасырылған сөздерді тап.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Б | Ү | Л | А | Қ | Н |
| Ш | А | П | Т | Ы | Ә |
| А | К | Ш | А | Й | Р |
| Ж | А | Ғ | А | С | Ы |
| Ә | Ш | Ө | П | Ө | І |
| М | Ө | Л | Д | І | Р |

**6.** Мақал-мәтел жаттайық!

Бұлақ көрсең, көзін аш.

Тау бұлағымен сүйкімді,
Бұлақ құрағымен сүйкімді.

АРМАН-ПВ баспасы

# 85. Өзенге қоқыс тастауға болмайды!

**Бүгін үйренетініміз**

- табиғат туралы әңгімелесеміз;
- *қандай?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

тазалық, лас, сақтау, кешірім сұрау

**Назар аудар!**

**таза** *(қандай?)* су
**мөлдір** *(қандай?)* су
**биік** *(қандай?)* тау

**1.** Мәтінді тыңда. Берілген сұрақтарға жауап бер.

- Балалар қайда барды?
- Дамир не істеді?
- Жансая Дамирге не деді?
- Мұғалім не деді?
- Дамир дұрыс істеді ме?



**Есте сақта**

Өзенді ластауға болмайды! Өзеннен адамдар мен жануарлар су ішеді. Өзен суымен бау-бақшаны суарады.

Демалыс орындарында тазалық сақтау керек!



*bilim-all.kz*

**2.** Сәйкестендір.

биік | мөлдір | жасыл | ашық | қызыл

    

**3.** Үлгі бойынша сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

*Үлгі:*

| | |
|---|---|
| *Көл.* | Өзен. |
| *Үлкен көл.* | ... ... . |
| *Үлкен көл көрдім.* | ... ... ... . |
| *Мен үлкен көл көрдім.* | ... ... ... ... . |

**4.** Кластер жасаңдар.

Табиғатты ластамау үшін не істеу керек?

**5.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

*Ы.Алтынсарин*

АРМАН-ПВ баспасы

# 86. Гүлге су құйық!

**Бүгін үйренетініміз**

- табиғат туралы әңгімелесеміз;
- *мен, сен, сіз, ол* сөздерін өзгертеміз.

**Жаңа сөздер:**

ақпарат, гүлдесте, жас шыбық, кең, жарық, үлкен, күту, суару, аялау, сындыру

**Назар аудар!**

**менің** бөлмем
**саған** ұнайды
**сізден** сұрайды
**онда** бар

**1.** Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша дұрыс нұсқаны таңда.

Мынау – маған/ менің/ менде бөлмем.

Мен/ Маған/ Мені гүлдерге су құямын, күтемін.

Гүлдерге су құйған менің/ маған/ менде ұнайды.

Ғаламтордан гүлдерді күту туралы ақпараттарды көп оқисыз/ оқимын/ оқиды.

**2.** Мәтін мазмұны бойынша артық суретті ата.







**3.** Мәтін бойынша дұрыс/ бұрысын айт.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Бөлмем кең және жарық. | | |
| Бөлме терезелері кішкентай. | | |
| Мен гүлдерге су құямын. | | |
| Маған гүлдерге су құйған ұнайды. | | |
| Кітаптан гүлдер туралы көп оқимын. | | |

**4.** *Иә / жоқ* сөздерін қолданып, жұбыңмен сұхбаттас.

– ... бөлмеңде гүл бар ма?
– ..., ... ... ... ... .
– ... бөлмесінде қандай гүлдер бар?
– ... ... ... .
– ... гүлге су құя ма?
– ..., ... ... ... ... .
– ... гүл ұнай ма?
– ..., ... ... ... .

**5.** Керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

... ауылда тұрады. ... ауласы үлкен. Анаң ... гүлдесте жасауды үйретті. Көршілер 1 қыркүйекте ... гүлдесте алады. Әкесі ... шақырып, бақшаны суаруды тапсырды. ... гүлдерге күтім жасаған ұнайды.

**Керекті сөздер:** *саған, оның, маған, ол, оны, менен.*

**6.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Таза болсын даламыз,
Таза тұрсын қаламыз.
Аялайық бәріміз,
Жер де біздің анамыз.

Айналаңды ластама,
Жерге қоқыс тастама.
Жас шыбықты сындырма,
Үлгі бол сен басқаға!

*Қ.Адис*

АРМАН-ПВ баспасы

# 87. Суды үнемдеу

**Бүгін үйренетініміз**

- суды үнемдеу керектігін білеміз;
- *қашан?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

құдық, дәке, ескерту, су есептегіш, мұз, төгу, үнемдеу, тайып құлау

**Назар аудар!**

түсте *(қашан?)* келді
кешке *(қашан?)* суарды
бүгін *(қашан?)* айтты
ертең *(қашан?)* барамыз

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.



- Балалар жазғы демалыста қайда келді?
- Олар кімдерге көмектесті?
- Әли нені суарды?
- Әжесі не істеді?
- Атасы кімге ескерту айтты?

**2.** Мәтіннен *қашан?* сұрағына жауап беретін сөздерді тауып ата.

**3.** Сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| қарындасымен | су тасыды |
| Әли мен Жадыра | үнемдеу керек |
| таңертең | су шашып ойнады |
| Жадыра | ауылға барды |
| суды | атасы мен әжесіне көмектесті |

**4.** Дұрысын жаз.

Кеше/ ертең атам судың қадірін білуді үйретті. Бүгін/ ертең мен суды үнемдеп пайдаланып жатырмын. Ертең/ кеше осы әдетімді жалғастырамын. Су бар жерде өмір бар. Суды көп төкпеңдер!

**Есте сақта**

Су – табиғаттың баға жетпес байлығы. Конституцияның 37-бабында барлығымыздың табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті екеніміз айтылған.

**5.** Суреттерге қарап *кеше, бүгін, ертең* сөздерін қолданып жұбыңмен сұхбаттас.







# 88. Табиғаттағы су айналымы

**Бүгін үйренетініміз**

- су айналымы туралы ақпарат аламыз;
- *не істейді? не істемейді?* сұрақтарын қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

бу, бұлт, ылғал, айналым, бұршақ, жауын-шашын

**Назар аудар!**

*Не істейді?* буға айналады, үздіксіз қозғалады
*Не істемейді?* буға айналмайды, үздіксіз қозғалмайды

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Мәтін бойынша сызбаны толықтыр.



**3.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын тап.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Математика сабағында «Су айналымы» туралы ақпарат алдық. | | |
| Күн суығанда, буға айналады. | | |
| Бу бұлтқа айналады. | | |
| Бұлт жауынға айналады. | | |
| Жауын-шашын жерге қар түрінде түседі. | | |
| Өсімдіктер ылғалды бойына сіңіріп, қайта буландырады. | | |

**4.** Сөздер тізбегі бойынша сөйлем құрап жаз.

1. Үнемде.
2. ... үнемде.
3. ... ... үнемде.
4. ... ... ...үнемде.
5. ... ... ... ... үнемде.

**5.** *Не істейді? не істемейді?* сұрақтарына жауап бер. Сөйлем құра.

Пісіреді, барады, отырады, айналады, айтады, түсіндіреді.

**6.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

... қызған, қатқан кезде көлемін ұлғайтады.
Мұздың салмағы ... жеңіл.
... түсі, иісі, дәмі жоқ.
Жазда балалар ... шомылады.

*суға* | *судан* | *су* | *судың*

АРМАН-ПВ баспасы

# 89–90. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Мәтінді оқы.

Біз сусыз өмір сүре алмаймыз. Суды тұрмыста барлық жерде қолданамыз.

Судың зияны да бар. Қар ерігенде, тасқын судан сақтану керек. Тасқын су елді мекендердегі үйлерге, мал қораларға кіріп, халыққа зиянын тигізеді.

*М.Кабасова*

**2.** Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін суретті тап.






**3.** Кесте бойынша сұхбаттасыңдар.

| Судың пайдасы | Судың зияны |
|---|---|
| | |

**4.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Бұлақ – ... су көзі.

Ауыл маңында сылдырап ... ағып жатыр.

Бұлақтың суы ... және салқын болады. ... ішсең, шөлің қанады.

Бұлақтар бір-біріне құйылып, ... айналады.

| өзенге | бұлақ | мөлдір | табиғи | суын |
|---|---|---|---|---|

**5.** Дұрыс жауабын тап.

1. Су қандай?
   A) түссіз
   B) дәмді
   C) тәтті
2. Жаңбыр жауса, не өседі?
   A) өсімдік
   B) кемпірқосақ
   C) қар
3. Кемпірқосақ қашан көрінеді?
   A) жаңбырға дейін
   B) қар жауғанда
   C) жаңбырдан кейін
4. Карталарда тұщы көлдер қандай түспен боялған?
   A) қызыл
   B) күлгін
   C) көк
5. Бұлақтың суы ...
   A) салқын, мөлдір
   B) ыстық, мөлдір
   C) суық, ыстық

АРМАН-ПВ баспасы

# 8-БӨЛІМ

# ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР



**Бұл бөлімде:**

- *нені? қайда? неден?* сұрақтарына жауап беруді;
- тыныс белгілерін дұрыс қоюды;
- *дейін, шейін, кейін* сөздерін пайдалануды;
- сөйлем құрап, тыныс белгілерін қоюды;
- *-мын/ мін, -пын/ пін, -бын/ бін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшаларын дұрыс пайдалануды;
- сөздер тізбегінен сөйлем құрауды;
- сұрақтар арқылы қосымшаларды қолдануды;
- өз қалауымызды айтып, сөйлем құрауды;
- сурет бойынша сөйлем құрауды үйренеміз.

**Ескерту:**

*Осы бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін 129–133-беттердегі (3–11) және 136–138-беттегі 14–16-кестелерге сүйен.*



# 91. Демалыс мәдениеті

**Бүгін үйренетініміз**

- тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеміз;
- *нені? қайда?* сұрақтарына жауап бере аламыз.

**Жаңа сөздер:**

туынды, қоғамдық орын, мәлімет, көңілді, өткізу, тәртіп сақтау, тамашалау, танысу

**Назар аудар!**

кинотеатрға *(қайда?)* барамыз
киноны *(нені?)* көреміз
көрмеге *(қайда?)* барамыз
туындыны *(нені?)* тамашалаймыз

**1.** Мәтінді тыңда. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

- Демалыс күндері қайда барасың?
- Қоғамдық орында не істеуге болмайды?
- Кино мен қойылымды қайдан көресің?
- Музейде нелермен танысасың?
- Көрмеде кімнің туындыларын тамашалайсың?

**2.** Кестені толтыр.

| | сурет | қойылым | фильм | көне заттар |
|---|---|---|---|---|
| театр | | + | | |
| кинотеатр | | | | |
| музей | | | | |
| көрме | | | | |

**3.** Берілген сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңдер. «Мен ... деп ойлаймын, себебі ...» сөйлемін қолданыңдар.

Сен қоғамдық орында тәртіп сақтайсың ба?

***Керекті сөздер:*** *шулау/ шуламау, қоқыс тастау/ тастамау, қатты сөйлеу/ сөйлемеу.*

**4.** *Қайда? нені?* сұрақтарына жауап жазып, сөйлемдерді толықтыр.

*Үлгі: Мен кинотеатр+ға барамын.*

1. Айзере ... (қайда?) барды.
2. Біз ... (нені?) көрдік.
3. Сендер ... (қайда?) бардыңдар.
4. Олар ... (нені?) тамашалады.

**5.** Суреттердің бірін таңдап, сөйлемдерді толықтырып әңгімелесіңдер.

**Мен ... болдым. ... көрдім. ... алдым. ... болмайды. Маған ... ұнады.**



Алматыдағы
қуыршақ театры



«Нұр Әлем» болашақ
энергиясы музейі

**6.** Жасырылған сөздерді тап.

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| т | а | е | к | и | о | н | р | м | у | з | й | ө |

1 3 2 1 8 – ...
4 5 7 6 1 3 2 1 8 – ...
9 10 11 3 12 – ...
4 13 8 9 3 – ...

АРМАН-ПВ баспасы

# 92. Демал да еңбектен!

**Бүгін үйренетініміз**

- ауылдағы еңбек пен демалыс туралы әңгімелесеміз;
- тыныс белгілерін дұрыс қоюды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

бос, еңбектену,
жылқыға міну,
шомылу, күнге күю

**Назар аудар!**

Ауылда жақсы демалдым.
Ауылдың табиғаты тамаша!

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Дұрыс жауабын белгіле.

| | демалды | еңбектенді |
|---|---|---|
| Айбек үй құстарына жем, су берді. | | |
| Айбек көлге шомылды, күнге күйді. | | |
| Айбек бақшаны суарды. | | |

| | демалды | еңбектенді |
|---|---|---|
| Айбек кітапханада кітап, газет-журнал оқыды. | | |
| Айбек атқа мінді. | | |

**Есте сақта**

Әр адамның денсаулығын сақтауға, демалуға және қауіпсіз өмір сүруге еркі бар.

**3.** Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтыр.

Мен құстарға жем ... . Сен көлде ... . Сіз бақшаны ... . Ол кітап, газет-журнал ... .

***Керекті сөздер:*** *оқу, шомылу, суару, беру.*

**4.** Жұбыңмен сәйкестендіріп, сөйлем құраңдар. Тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар.

| | |
|---|---|
| атам мен әжем | көлдің жағасында |
| үй | ауылда |
| жемістер | кітапханада |
| кітап | үйдің жанында |
| көл | бақшада |

**5.** Сөйлемдердің тыныс белгісін қойып, толықтырып жаз.

1. Ауылда ... (кімдер?) тұрады
2. Үй құстарына ..., ... (не істедім?)
3. Айбек ауылда ... (нелерді?) көрді ме
4. Ауылдың ... (несі?) қандай тамаша

# 93. Біз саяжайда демаламыз

**Бүгін үйренетініміз**

- саяжай туралы әңгімелесеміз;
- сөйлем құрап, тыныс белгілерін дұрыс қоямыз.

**Жаңа сөздер:**

күтім, көшет, саяжай, арамшөп, отырғызу, жұлу

**Назар аудар!**

Мен қызанақ, қияр, бұрыш көшетін отырғыздым.
Мен көгөністерді суарамын, арамшөбін жұламын.

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Саяжай деген не?
2. Көгөністердің көшеттерін қай мезгілде отырғызады?
3. Көгөністерге қандай күтім жасау керек?
4. Оларды қай уақытта жинап алу керек?
5. Саяжайда қандай ағаштар бар?
6. Балалар бос уақытын қалай өткізеді?

**2.** Мәтінге сүйеніп, жұбыңмен бос орындарды толтырып оқы.

Менің ... мен ... қалада тұрады. Олардың ... бар. Көктемде ..., ..., ... көшетін отырғызады.

Көгөністерге ... күтім керек. Мен ... суарамын.

Саяжайда ..., ..., ... ағаштары өседі. Мен ... мен ... көмектесемін. ... жұламын. Күзде ... . Қысқа ... .

Бос уақытымызда ... . ... шомыламыз. Қармақпен ... аулаймыз.

Саяжайда уақытымызды ... өткіземіз.

**3.** Суреттерге қарап «Саяжайда» тақырыбына шағын әңгіме құра.








**4.** Сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| атам мен әжемнің | көшетін | отырғызамыз |
| көгөністерге | арамшөп | керек |
| қызанақтың | уақытымда | бар |
| бос | саяжайы | жұламын |
| мен | күтім | демаламын |

**5.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді ажыратып жаз.

Саяжайда алма алмұрт алхоры ағаштары өседі Жазда олар піседі мен атам мен әжеме көмектесемін

АРМАН-ПВ

жеміс ағаштарын көгөністерді суарамын арам шөбін жұламын күзде жинаймыз қысқа сақтаймыз

**6.** Қосымшаларды дұрыс жалғап, сөйлемдерді аяқта.

Мен көшет отырғыз... . Сен арамшөп жұл... . Сіз жеміс жина... . Ол жазда піс... . Біз әжемізге көмектес... . Сендер балық аула... . Сіздер өзенге шомыл... . Олар саяжайда демал... .

**7.** Суреттердің бірін таңдап, жұбыңмен әңгімелес.





**8.** Кім жылдам? Әріптерден сөз құра.

| | |
|---|---|
| жасяйа | |
| сежім | |
| рикя | |
| ршыбү | |
| тешкө | |
| тларұм | |
| нөгіскө | |

АРМАН-ПВ баспасы

# 94. Көктем мерекелері

**Бүгін үйренетініміз**

- көктем мерекелері туралы әңгімелесеміз;
- *дейін, шейін, кейін* сөздерін пайдаланамыз.

**Жаңа сөздер:**

мереке, бірлік, алаң, жеңіс, Отан қорғаушылар, құттықтау

**Назар аудар!**

алаң+**ға** *дейін* бару
көктем+**ге** *шейін* оқу
мектеп+**тен** *кейін* құттықтау
қыс+**тан** кейін демалу

**Есте сақта**

**Көктем мерекелері**



Халықаралық әйелдер күні



Наурыз мейрамы



Конституция күні



Қазақстан халқының бірлігі күні




Отан қорғаушылар күні



Жеңіс күні

**1.** Мәтінді тыңда. Оқы.

Көктем – менің **сүйікті** мезгілім. Көктемде **мерекелер** көп.

Халықаралық әйелдер күні біз **анамызды,** әжемізді, сіңлі-қарындастарымызды құттықтаймыз.

Наурыз мейрамы – Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл.

Бірлік пен достық мерекесі – **1 мамырда.**

Отан қорғаушылар күні әкемізді, аға-інілерімізді **құттықтаймыз.**

9 мамыр – Жеңіс күні.

Көктем мерекелері қандай тамаша!

*А.Омарова*

**2.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

| Нелер? | Қандай? | Кімді? | Қашан? | Не істейміз? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**3.** Диалогті жұбыңмен толықтыр.

– Бекжан, саған қандай мереке ұнайды?

– Маған 1 мамыр мерекесі ұнайды. Айзере, саған ше?

– Маған да Қазақстан халқының бірлігі күні ұнайды.

– Бұл күні аланда концерт өте ме?

– Иә, өтеді.

– Сен концертке ... ба?

– Иә, біз аланда ... билейміз.

– Өте ...!

– Бұл – менің ... рет қатысуым.

АРМАН-ПВ баспасы

**4.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Бекжанға қандай мереке ұнайды? Айзереге ше?
2. Саған қай мереке ұнайды?
3. Не себепті саған ол мереке ұнайды?

**5.** Сәйкестендіріп жаз. Дәлелде.

| | |
|---|---|
| автобустан | |
| мейрамға | |
| наурызға | шейін |
| екі күннен | дейін |
| музейден | кейін |
| саяжайға | |
| демалысқа | |

**6.** Тиісті қосымшаны жалғап, көшіріп жаз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| -ға | -ге | -қа | -ке | -нан |
| -нен | -дан | -ден | -тан | -тен |

1 мамыр... дейін 10 күн қалды. Алаң... шейін автобуспен бардық.

Концерт... дейін биге дайындалдық. Оқушылар би... кейін ән айтты.

Мереке... кейін үйге бардық.

АРМАН-ПВ баспасы

# 95. Ең әдемі мереке

**Бүгін үйренетініміз**

- Наурыз мерекесі туралы әңгімелесеміз;
- *неден?* сұрағына жауап береміз.

**Жаңа сөздер:**

ұлттық киім, ұлттық тағам, ұлттық ойын, төр, шашу, дастарқан жаю

**Назар аудар!**

ұннан *(неден?)* жасайды
қатықтан *(неден?)* жасайды
бидайдан *(неден?)* жасайды

**1.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Наурыз қандай мереке?
2. Атасы мерекеге қандай ұлттық киім киді?
3. Наурыз мерекесіне арнайы дайындалатын тағам қалай аталатынын білесің бе?
4. Сен қандай ұлттық ойын түрлерін білесің?

**2.** Мәтін бойынша суреттерді ретімен қой.





**3.** Сөйлем құрап жаз.

| | | |
|---|---|---|
| біздің | дастарқан | отыр |
| атам | киім | мереке |
| анам | шапаны | жайды |
| ұлттық | үйде | киген |
| атамның | төрде | әдемі |

**4.** Түсініп оқы.



Біздің үйде де мереке. Ауылдан атам мен әжем келді. Әжем бауырсақ, наурызкөже пісірді. Мен оған көмектестім. Әжемнің бауырсағы дәмді.

Әжем ауылдан құрт әкелді. Құртты қатықтан жасайды. Біз құрт, бауырсақ жедік, наурызкөже іштік.

Мен атам мен әжемді жақсы көремін.

*Б.Шукоева*

**5.** Диалогті жұбыңмен толықтыр.

– Сенің әжең бауырсақ пісіре ме?

– ...

АРМАН-ПВ баспасы

– Сенің әжең бауырсақты неден жасайды?
– ...
– Әжең құртты неден жасайды?
– ...

**6.** Суреттегі заттарды ата. Топтастыр.

| Ұлттық тағамдар | Ұлттық киім | Ұлттық ойындар |
|---|---|---|



**7.** Суреттерге қарап, сұраққа жауап беріңдер. Қосымшаларды пайдаланыңдар.

-нан -нен -дан -ден -тан -тен

Неден жасайды?



АРМАН-ПВ баспасы

# 96. Бір шаңырақ астында

**Бүгін үйренетініміз**

- 1 мамыр мерекесі туралы әңгімелесеміз;
- *-мын/ мін, -пын/ пін, -бын/ бін, -сың/ сің, -сыз/ сіз* қосымшаларын дұрыс пайдаланамыз.

**Жаңа сөздер:**

ұлт, шаңырақ, тату, тілек айту, өмір сүру, сайран құру

**Назар аудар!**

*сенің ұлтың кім?*
мен қазақ+**пын**
сен қазақ+**сың**
сіз қазақ+**сыз**
ол **қазақ**

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.



**2.** Сәйкестендіріп, сұраулы сөйлем құра.

1. **Қазақстанда** көп ұлт тұрады.
2. Біз бәріміз бір шаңырақтың астында **тату** тұрамыз.
3. **Бұл күні** әр ұлт өз ұлттық киімдерін киеді.
4. Мерекеде **би билейді, ән айтады.**
5. Бір-бірімізге **жақсы** тілек айтамыз.

қалай?
қашан?
қандай?
қайда?
не істейді?

**3.** Артық сөзді тап.

1. Татулық, достық, бірлік, шаңырақ.
2. Ұлт, халық, тілек, ел.
3. Қазақ, орыс, кәріс, киім, неміс.
4. Құттықтау, өмір сүру, билеу, мереке, тыңдау.

**4.** Сөздерге тиісті қосымшаны жалғап жаз.

-мын -мін -бын -бін -пын пін

мен қазақ...
мен орыс...
мен неміс...

мен қырғыз...
мен татар...
мен украин...

**Есте сақта**

Біздің күшіміз – бірлікте.

*Қасым-Жомарт Тоқаев*
*Қазақстан Республикасының Президенті*

**5.** Ребусты шеш.



**6.** Өлеңді оқы. Жаттап ал.

Бір шаңырақ астында
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.

Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік – асыл мұрамыз!

*Н.Айтұлы*

# 97. Отан қорғаушылар күні

**Бүгін үйренетініміз**

- 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні туралы әңгімелесеміз;
- сөздер тізбегінен сөйлем құраймыз.

**Жаңа сөздер:**

қорғаушы, қорғау, құрылу, әскери киім, мақтан тұту

**Назар аудар!**

Мен қорғаймын.
Мен Отанды қорғаймын.
Мен өскенде Отанды қорғаймын.

**1.** Мәтінді тыңда.



**Есте сақта**

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.

*ҚР Конституциясының 39-бабы*

**2.** Сұрақтарға жауап бер.

1. 7 мамыр қандай мереке?
2. Бұл күні не құрылды?
3. Бұл күні кімдерді құттықтаймыз?

**3.** Сөздерден сөйлем құра.

| | | |
|---|---|---|
| мен | Отанымызды | тұтамын |
| қарулы | ағам | құрылды |
| олар | күштер | қорғайды |
| менің | мақтан | күшті |

**4.** Сөздер тізбегінен сөйлем құра.

1. Қорғаймын.
2. ... қорғаймын.
3. ... ... қорғаймын.
4. ... ... ... қорғаймын.
5. ... ... ... ... қорғаймын.

**5.** Сөздерді сұрақтар бойынша топтастырып, дәптеріңе жаз.

Қорғаушылар, демаламыз, ағамызды, бізді, ертең, әскери, күшті, оқымаймыз, ұлдар, 7 мамырда.

| Кімдер? | Кімді? | Қандай? | Қашан? | Не істейміз? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**6.** Сыныптағы ұлдарды Отан қорғаушылар күнімен құттықтаңдар. Оларға ашықхат жасаңдар.

**7.** Әріптерден сөз құра.

| | | |
|---|---|---|
| урошақығ | сәреки | кітүш |

АРМАН-ПВ баспасы

# 98. 9 мамыр – Жеңіс күні

**Бүгін үйренетініміз**

- Жеңіс күні туралы әңгімелесеміз;
- сұрақтар арқылы қосымшаларды қолданамыз.

**Жаңа сөздер:**

соғыс ардагері, Ұлы Отан соғысы, шеру, қатысу, жауынгер, ерлік көрсету

**Назар аудар!**

алаң+**да** *(қайда?)* өткізу
алаң+**ға** *(қайда?)* бару
алаң+**нан** *(қайдан?)* келу
қонақ+**қа** *(кімге?)* ән айту

**1.** Мәтінді тыңда. Интерактивті тапсырманы орында.

**2.** Мәліметтің дұрыс/ бұрысын белгіле.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Менің атам – Ұлы Отан соғысының ардагері. | | |
| Ұлы Отан соғысы 1941 жылы аяқталды. | | |
| Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан. | | |
| Математика сабағында біз батырлармен таныстық. | | |
| Біз оларды мақтан тұтамыз. | | |

**3.** Диалогті жұбыңмен жалғастыр.

– Соғыста ерлік көрсеткен жауынгерлерді білесің бе?

– Иә, білемін. Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы...

– Олар кім болған?
– ...



Т.Бигелдинов – ұшқыш



М.Мәметова – пулемётші



Ә.Молдағұлова – мерген



Б.Момышұлы – әскери қолбасшы



Қызықты мәлімет

Рақымжан Қошқарбаев – Халық Қаһарманы. Ол – 1945 жылы 30 сәуірде Берлин қаласындағы Рейхстаг ғимаратына қызыл жалау тіккендердің бірі. Бұл соғыс аяқталғандығының, жеңістің белгісі еді. Оның ерлігі ел есінде мәңгі сақталады.



*el.kz*

**4.** Сұрақтарға сүйеніп, сөздерге қосымша жалға.

Біздің сынып... (қайда?) тәрбие сағаты өтті.

Біз сынып сағаты... (қайда?) соғыс ардагерін шақырдық.

Ол біз... (кімге?) қызық әңгімелер айтып берді.

Біз қонақ... (кімге?) өлең оқыдық, ән айтып бердік.

Соғыс ардагері оқушылар... (кімдерге?) алғыс айтты.

**5.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап, дәптеріңе жаз.

1. Атам –, соғыс, менің, ардагері.
2. Ұлы, қатысқан, ол, Отан, соғысына.
3. Сағатында, таныстық, сынып, біз, батырлармен.
4. Ерлік, қазақ жауынгері, көптеген, соғыста, көрсетті.
5. Өтеді, бұл, шеру, күні, аланда.

**6.** Сурет бойынша жұбыңмен әңгімелес.

Мен атамды мақтан тұтамын, себебі ...



**7.** Мақал-мәтел жаттайық!

Батыр жауда сыналады.

# 99. Жазғы демалыс

**Бүгін үйренетініміз**

- жазғы демалыс туралы әңгімелесеміз;
- өз қалауымызды айтып, сөйлем құраймыз.

**Жаңа сөздер:**

жазғы демалыс, серуендеу, арба, лагерь

**Назар аудар!**

менің серуендегім келеді
сенің серуендегің келеді
сіздің серуендегіңіз келеді
оның серуендегісі келеді

**1.** Тыңда. Ілесіп оқы.



– Жазғы демалыс басталды. Мен достарыммен лагерьге барамын. Біз көлге шомыламыз, күнге күйеміз, серуендейміз.

– Мен отбасыммен Түркістан қаласына барамын. Біз ұшақпен ұшамыз.





– Мен демалыста ауылға барамын. Атамның арбасы бар. Арбамен шөп тасимыз. Ауылда менің мысығым мен күшігім бар. Олар өте сүйкімді.

**2.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Бекжанның қайда серуендегісі келеді?
2. Айзеренің қайда ұшқысы келеді?
3. Сенің қайда барғың келеді?

**3.** Мәтін бойынша сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| ит пен мысық | шөп тасиды |
| ұшақпен | демалыс |
| көлге | сүйкімді |
| арбамен | шомылады |
| жазғы | ұшады |

**4.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, дәптеріңе жаз.

-қы -кі -ғы -гі

Менің ауылға бар...м келеді.
Сенің теңізді көр...ң келеді.
Сіздің ұшақпен ұш...ныз келеді.
Оның көлге түс...сі келеді.

**5.** *Иә / жоқ* сөздерін пайдаланып, жұбыңмен диалогті толықтыр.

– Сенің жазғы демалыста лагерьге барғың келе ме?
– ... .
– Ал менің жазғы демалыста үлкен қалаларға барғым келеді.
– ... .
– Сен жазғы демалыста көлге шомыласың ба?
– ... .
– Сен жазғы демалыста бақшаны суарасың ба?
– ... .
– Сенің жазғы демалыста кітап оқығың келе ме?
– ... .

АРМАН-ПВ баспасы

**6.** Сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгісін қойып, жаз.

| | |
|---|---|
| Алақай, маусымда Түркістанға барамыз<br>Сен шілдеде қайда барасың<br>Тамызда көгөністер піседі |  |

**7.** Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтырып, дәптеріңе жаз.

*Үлгі: Менің лагерьге барғым келеді. Біздің жағажайда ойнағымыз келеді.*



Менің ... ... ... .



Сенің ... ... ... .



Сіздің ... ... ... .



Оның ... ... ... .



Біздің ... ... ... .

**8.** Ребусты шеш.



# 100. Қызықты жаз

**Бүгін үйренетініміз**

- демалысты жоспарлаймыз;
- сурет бойынша сөйлем құрауды үйренеміз.

**Жаңа сөздер:**

жоспар, әлем қалалары, жоспарлау, балық аулау, қайықпен жүзу

**Назар аудар!**

Мен кітапханада қызықты кітап оқыдым.
Маған саяхаттау ұнайды.
Біз балық ауладық.
Досым екеуміз асық ойнадық.

**1.** Мәтінді тыңда. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен жаз мезгілін жақсы көремін. Өйткені жазда демаламыз.

Мен демалысымды жоспарладым. Маусым айында ауылда боламын. Ауылда атам мен әжем тұрады. Атам екеуміз балық аулаймыз, қайықпен жүземіз.

Шілде айында лагерьде демаламын.

Тамыз айында отбасымызбен әлем қалаларына саяхат жасаймыз.

Жазда бос уақыт көп. Кітапханаға барып, кітап оқимын. Жазғы демалысымды қызық әрі пайдалы өткіземін деп ойлаймын.

*М.Кабасова*

- Сен қай мезгілді жақсы көресің?
- Демалысыңды қалай жоспарладың?

**2.** Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр. Әңгімеле.



**3.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс жауабын белгіле.

| | маусым | шілде | тамыз |
|---|---|---|---|
| Біз әлем қалаларына саяхат жасаймыз. | | | |
| Атам екеуміз қайықпен жүземіз. | | | |
| Мен лагерьде демаламын. | | | |

**4.** Диалогті оқып, сөздермен толықтыр.

– Сәлем, Карима!
– Сәлем, Бекжан!
– Карима, саған ... жыл мезгілі ұнайды?
– Маған ... ұнайды. Өйткені жазда ... .
– Бекжан, саған жаз мезгілі ұнай ма?

– Әрине, ұнайды. Жаз мезгілі тамаша ғой!

– Карима, саған ... мезгілі ұнай ма?

– Әрине, ұнайды. Өйткені жемістер мен көгөністер ... .

күз | жаз | піседі | қандай? | демаламыз

**5.** Сызба бойынша сөйлем құра.

Маусым – ... ... → жаздың → бірінші ... ... → айы.

**6.** «Әлем қалалары» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Қала атаулары көбірек білетін топ жеңімпаз атанады.

Париж, Нью-Йорк, ...

**7.** Жазғы демалысыңның жоспарын құрастыр. Сынып алдында қорға.

*Үлгі:* *Шілде айында менің ауылға барғым келеді.*

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз |
| | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# 101–102. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

**1.** Мәтінді түсініп оқы.

Мен саяхаттауды ұнатамын. Әр жексенбіде отбасымызбен саябақта демаламыз. Тауға шығамыз.

Биыл Түркістан, Алматы қалаларына барғымыз келеді. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар. Кесенеде үлкен тайқазан бар.

Тамыз айында ауылға бардық. Атамның жылқылары көп. Атам маған жылқыға мінуді үйретті. Менің бәйгеге қатысқым келеді.

*М.Кабасова*

**2.** Мәтін бойынша дұрыс жауабын тап.

1. Қай қалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар?
   A) Алматы C) Астана
   B) Түркістан
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде не бар?
   A) әдемі тайқазан C) жаңа тайқазан
   B) үлкен тайқазан
3. Қай күндері саябақта демалады?
   A) сенбі C) жексенбі
   B) сәрсенбі
4. Қашан ауылға барды?
   A) маусым айында C) тамыз айында
   B) шілде айында
5. Атасының қандай жануарлары көп?
   A) сиырлары C) жылқылары
   B) қойлары

АРМАН-ПВ баспасы

**3.** Сұрақтар бойынша сөйлем құра.

1. Мен.
2. ... ... .
3. ... ... ... .
4. ... ... ... ... .

кім?

не істедім?

қайда?

немен?

**4.** Қажетті әріпті тауып, сөздерді толықтыр.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ә | м...нара | ...лт | ...лдар | қ...рт |
| ө | ерл...к | т...лек | ки...м | б...рлік |
| і | ...мір | к...шет | к...рме | ш...п |
| ү | ...лем | ...скери | с...уір | ...демі |
| ұ | жаз...ы | та...ам | со...ыс | қор...ау |
| ғ | ...айық | қаза... | ұша... | жыл...ы |
| қ | же...іс | ала... | е...бек | ша...ырақ |

**5.** Суреттердің бірін таңдап, жұбыңмен әңгімелес.











# Сөздік – словарь

## А

ағын – поток
айналым – оборот
айналысу – заниматься
айту – сказать
ақпарат – информация
ақсақ – хромой (-ое, -ая)
ақын – поэт
алаң – площадь
аласа – низкий (-ое, -ая)
алғашқы – первый (-ое, -ая)
алқа – ожерелье
алтын – золото
арамшөп – сорняк
арба – тележка
арман – мечта
аспап – музыкальный инструмент
атақты – знаменитый (-ое, -ая)
атқылау – хлынуть
аудару – переводить
ащы – горький (-ое, -ая)
аялау – беречь

## Ә

әдемі – красивый
әлем – мир
әлем қалалары – города мира
әңгіме – рассказ
әскери киім – военная форма

## Б

бағу – пасти
бақша – сад
балқыту – плавить
балуан – борец
балшық – глина
балық аулаймыз – ловим рыбу
байқау – конкурс
бата берді – благословил
батыр – герой
белгілі – известный
би – танец
білім – образование
бірлік – единство
бойтұмар – амулет, талисман
болашақ – будущее
бос уақыт – свободное время
бояу – краска
бөлік – часть
бу – пар
бұйым – изделие
бұлақ – родник
бұлбұл – соловей
бұршақ – горох

## Г

гүлдесте – букет

АРМАН-ПВ баспасы

## Ғ

ғаламтор – интернет
ғаламшар – планета
ғалым – учёный
ғимарат – здание

## Д

дара – уникальный
дарынды – одарённый
дастарқан жайды – накрыли на стол
дау – спор
дәке – марля
диқан – хлебороб

## Е

егіндік – урожай
еңбектену – трудиться
ересек адамдар – взрослые люди
ержету – стать взрослым
ерлік көрсету – показать героизм
ермексаз – пластилин
ескерткіш – памятник
ескертті – предупредил

## Ж

жадырап – оживлённо
жазғы демалыс – летние каникулы
жазушы – писатель
жалықпау – не скучать, не уставать
жаратылысы бөлек – уникальный, не такой, как все
жарыс – соревнование
жас шыбық – молодой побег
жауынгер – воин
жауын-шашын – осадки
желпіну – освежиться, развеяться
жем-шөп – корм
жеңімпаз – победитель
Жеңіс күні – День Победы
жеті дүркін – семикратный
жоспарлау – планирование
жоба – проект
жүлдегер – призёр
жүлде – приз
жүрегім қалайды – хочу всем сердцем
жұлу – рвать
жұмсақ – мягкий
жұмыс – работа
жылқыға міну – садиться на лощадь

## З

зергер – ювелир
зерек – способный

АРМАН-ПВ баспасы

## И

ирек ою – зигзагообразный узор

## К

кәсіби – профессиональный
келбет – внешний вид
кең байтақ – необъятный
кеуде – грудь
кешірім сұрау – просить извинения
кілем – ковёр
кемпірқосақ – радуга
киелі – священный
көкірегінде көзі бар – проницательный
көл – озеро
көлеңке – тень
көне – старинный
көне заттар – старинные предметы
көңілді өткізу – проводить весело
көркемөнерпаз үйірмесі – кружок художественной самодеятельности
көрме – выставка
көрпе – одеяло
көшет – саженец
күй – кюй (мелодия без слов)
күміс – серебро
күнге күю – загорать
күрес – борьба
күтім – уход
күту – ухаживать, заботиться

## Қ

қайықпен жүземіз – плывем на лодке
қалай? – как?
қарағай – сосна
қарапайым – простой
қарсылас – противник, соперник
қатысу – участие
қатынаспау – не принимать участие
қимыл – движение, действие
қисық – кривой
қобыз – кобыз
қоғам қайраткері – общественный деятель
қоғамдық орын – общественное место
қойылым – спектакль
қолөнер – ремесло
қорғайды – защищает
қорғаушы – защитник
қызу – нагреваться
қу – хитрый
қуат – мощность
қурау – засохнуть
қуыршақ – кукла

Арман-ПВ баспасы

құз – утёс
құлау – падать
құмар – страсть, сильное желание
құпия – секрет
құрақ – лоскут
құрдас – ровесник
құрылды – создан
құттықтау – поздравить
қылқалам – кисть
қиял – волшебство

## Л

лагерь – лагерь
ластау – грязь, грязный

## М

мақтан тұтамын – горжусь
марапатталды – награждён
мереке – праздник
молшылық – изобилие
мөлдір – прозрачный
мүйіз – рог
мүсін – скульптура
мұзбалақ – птенец сокола
мұра – наследие
мың бұралу – тысяча поворотов (при танцах)
мың жасау – прожить тысячу лет
мысал – басня

## Н

нағыз – настоящий
нәр – пища
нәресте – младенец

## О

обал – жаль
ойнақтау – резвиться
Отан қорғаушылар – защитники Отечества
отырғызу – посадить
ою – узор

## Ө

өлке – край
өлкетану – краеведение
өмір – жизнь
өмір сүру – жить
өнер – искусство
өрнек – узор, орнамент
өрт – пожар
өсімдік – растение
өсу – рост

## С

сазгер – композитор
сапыру – взбалтывать
сайран құру – веселиться
сахна – сцена
саябақ – парк
саяжай – дача

АРМАН-ПВ баспасы

сәулет – архитектура
серік – спутник, друг
серуендеу – прогулка
сәнді – модно, модный
соғыс ардагері – ветеран войны
созылған – протяжный (звук)
су есептегіш – счетчик воды
суару – поливать
сылдырау – журчать, звенеть
сындырмау – не ломать

## Т

табан – ступня
табиғат – природа
тайып құлау – подскользнуться
тамашалау – любоваться
танымал – популярный
танысу – знакомиться
таңғалдыру – удивлять, изумлять
тарихи – исторический
тас – камень
тату – дружный
таудың етегінде – у подножия горы
тауысу – кончать, исперпывать
тері – кожа, шкура
тәж – корона
тәкаппар – высокомерный (-ое, -ая)
тәртіп сақтау – поддерживать порядок
тебіну – топать, бить копытами
тілек айту – пожелать
тіп-тік – ровный-преровный
тіршілік – жизнь
тоқу – вязать
төгіл – литься
төр – почётное место
тума дарын – врождённый талант
туынды – произведение
түрлі – различный
тұлға – личность
тұңғыш – первый
тұщы – пресный
тыңдау – слушать

## Ү

үйірме – кружок
үн – звук
үнемдеу – экономить
үрлеу – дуть

## Ұ

ұғымтал – понятливый
ұжымдық – коллективный
ұзақ – долгий
ұлт – нация
ұлттық киім – национальная одежда
ұлттық ойын – национальная игра

АРМАН-ПВ баспасы

ұлттық тағам – национальная еда
ұлы – великий
Ұлы Отан соғысы – Великая Отечественная война
ұнату – нравиться
ұста – кузнец
ұстаз – учитель

## Ш

шағала – чайка
шам – свет
шақ – время
шаңырақ – шанырак (купол юрты)
шатыр – крыша
шапшаң – быстро
шашу – шашу, осыпания конфетами, сладостями
шебер – мастер
шеңбер – круг
шешен – мастер слова
шипалы – лечебный
шомылу – купаться
шөп шабу – косить траву
шұғылдану – заниматься
шұңқыр – яма
шығарма – произведение
шырағым – милый (ласковое обращение к младшим)
шырақ – свеча, лучина
шырқап кету – запеть

## Ы

ықылас – внимание
ылғал – влага
ынта – старание
ырғақ – ритм

## І

іздеу – искать
ілу – вешать
ірі – крупный
ішекті аспап – струнный инструмент

АРМАН-ПВ баспасы

# Грамматикалық қосымшалар

*1-кесте. Сандар*

| Неше? – Сколько? | Нешінші? – Какой по счету? |
|---|---|
| 1 – бір | бір+інші |
| 2 – екі | екі+нші |
| 3 – үш | үш+інші |
| 4 – төрт | төрт+інші |
| 5 – бес | бес+інші |
| 6 – алты | алты+ншы |
| 7 – жеті | жеті+нші |
| 8 – сегіз | сегіз+інші |
| 9 – тоғыз | тоғыз+ыншы |
| 10 – он | он+ыншы |
| 20 – жиырма | жиырма+сыншы |
| 30 – отыз | отыз+ыншы |
| 40 – қырық | қырқ+ыншы (түбірі – қырық) |
| 50 – елу | елу+інші |
| 60 – алпыс | алпыс+ыншы |
| 70 – жетпіс | жетпіс+інші |
| 80 – сексен | сексен+інші |
| 90 – тоқсан | тоқсан+ыншы |
| 100 – жүз | жүз+інші |
| 1000 – мың | мың+ыншы |
| 11 – он бір<br>21 – жиырма бір | Суффиксы -ншы, -нші (после гласных)<br>-ыншы, -інші (после согласных) |
| бір үстел, екі бала | бірінші парта, бесінші күн |

АРМАН-ПВ баспасы

*2-кесте. Көптік жалғауы (окончание множественного числа)*

| | | |
|---|---|---|
| -лар / лер | после гласных, р, у, й | парта+лар, бор+лар, дәптер+лер |
| -дар / дер | после ж, з, л, м, н, ң | қағаз+дар, қалам+дар |
| -тар / тер | после глухих, б, в, г, д | күнделік+тер, Иванов+тар |

## Тәуелдік жалғауы (притяжательные окончания)

*3-кесте. Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| 1-жақ | Менің (мой, моя, мое) | -ым / ім / м | қалам+ым, дәптер+ім, ана+м |
| 2-жақ | Сенің (твой, твоя, твое) | -ың /ің / ң | қалам+ың, дәптер+ің, ана+ң |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздің (Ваш, Ваша, Ваше) | -ыңыз / іңіз, -ңыз / ңіз | қалам+ыңыз, дәптер+іңіз, ана+ңыз, әке+ңіз |
| 3-жақ | Оның (его, ее) | -сы / сі, -ы / і | қалам+ы, дәптер+і, ана+сы, әке+сі |

*4-кесте. Көпше түрі – множественное число*

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біздің (наш, наша, наше) | -мыз / міз, -ымыз / іміз | қалам+ымыз, дәптер+іміз, ана+мыз, әке+міз |
| 2-жақ | Сендердің (ваши) | көптік жалғау + ың / ің | қалам+дар+ың, дәптер+лер+ің |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздердің (ваши) | көптік жалғау + ыңыз / іңіз | қалам+дар+ыңыз, дәптер+лер+іңіз |
| 3-жақ | Олардың (их) | көптік жалғау + ы / і | қалам+дар+ы, дәптер+лер+і |

АЛМАТЫКІТАП баспасы

| Лицо | Мест-я | Жалғау – Окончание | Мысалы – Пример |
|---|---|---|---|
| ***Ескерту – примечание**<br>Если слово оканчивается на глухую согласную, то п-б, қ-ғ, к-г (в ед. числе и в 1 лице мн.ч). Например: доп-добым, парақ – парағың, күнделік – күнделігіңіз, сөздік – сөздігі, кітап – кітабымыз. | | | |

***5-кесте.*** *Етістіктің болымсыз жұрнақтары (отрицательные суффиксы глагола)*

| | | |
|---|---|---|
| -ма / ме | после гласных; р, у, й, л | оқы+ма, көшір+ме |
| -ба / бе | после ж, з, м, н, ң | жаз+ба, сен+бе |
| -па / пе | после глухих; б, в, г, д | аш+па, іш+пе |

## Етістіктің шақтары

## Келер шақ (будущее-настоящее время)

***6-кесте.*** *Жекеше түрі – единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | а, е, й, (и, я) | -мын / мін | жазамын – я напишу |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -сың / сің | жазасың – ты напишешь |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | -сыз / сіз | жазасыз – Вы напишите |
| 3-жақ | Ол – он | | | -ды / ді | жазады – он (она) напишет |

АРМАН-ПВ баспасы

*7-**кесте.** Көпше түрі – Множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Оконча-ние | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | а, е, й, (й, я) | -мыз / міз | жазамыз – мы напи-шем |
| 2-жақ | Сен-дер – вы | | | -сыңдар / сіңдер | жаза-сыңдар – вы напи-шете |
| 2-жақ (сы-пайы түрі) | Сіздер – вы | | | -сыздар / сіздер | жаза-сыздар – вы напи-шете |
| 3-жақ | Олар – они | | | -ды / ді | жазады – они напишут |

## Өткен шақ (прошедшее время)

*8-**кесте.** Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | -ды / ді, -ты / ті | -м | жаздым – я написал |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -ң | жаздың – ты напи-сал |
| 2-жақ (сы-пайы түрі) | Сіз – Вы | | | -ңыз / ңіз | жаздыңыз– Вы напи-сали |
| 3-жақ | Ол – он | | | | Жазды – он (она) написал (а) |

АРМАН-ПВ баспасы

*9-кесте. Көпше түрі – Множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | -ды / ді, -ты / ті | -к / қ | жаздық – мы написали |
| 2-жақ | Сендер – Вы | | | -ңдар / ңдер | жаздың-дар – вы написали |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – Вы | | | -ңыздар / ңіздер | жаздыңыз-дар – вы написали |
| 3-жақ | Олар – они | | | | жазды – они написали |

## Нақ осы шақ (собственно-настоящее время)

*10-кесте. Жекеше түрі – Единственное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | | -ып / іп / п | тұр, отыр, жүр, жатыр | -мын / мін | жазып отырмын – я пишу (в данный момент) |
| 2-жақ | Сен – ты | | | | -сың / сің | жазып отырсың – ты пишешь (в данный момент) |



АРМАН-ПВ баспасы

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | | -сыз / сіз | жазып отырсыз – Вы пишите (в данный момент) |
| 3-жақ | Ол – он | | | | | жазып отыр – он пишет (в данный момент) |

***11-кесте.** Көпше түрі – множественное число*

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | | -ып / іп / п | тұр, отыр, жүр, жатыр | -мыз / міз | жазып отырмыз– мы пишем (в данный момент) |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | | -сың-дар/ сіңдер | жазып отыр-сыңдар – вы пишите (в данный момент) |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | | -сыз-дар/ сіздер | жазып отыр-сыздар – вы пишите (в данный момент) |

АРМАН-ПВ баспасы

| Лицо | Мест-я | Түбір – Корень | Жұрнақ – Суффикс | Қалып етістік | Жалғау – Окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-жақ | Олар – они | | | | | жазып отыр – они пишут (в данный момент) |

## Есімдердің жіктік жалғаулары
(личные окончания именных частей речи (имя существительное, имя прилагательное, имя числительное, местоимение))

*12-кесте. Жекеше түрі – Единственное число*

| Жақ – Лицо | Мест-я | Соңғы дыбыс – Конечный звук | Жұрнақ – суффикс | Жалғау – окончание | Мысалы – Например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Мен – я | гласные, р, у, й, л, м, н, ң | | -мын / мін | оқушымын – я ученик |
| | | ж, з | | -бын / бін | аспазбын – я повар |
| | | глухие + б, в, г, д | | -пын / пін | |
| 2-жақ | Сен – ты | | | -сың / сің | оқушысың – ты ученик |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіз – Вы | | | -сыз / сіз | оқушысыз – Вы ученик |
| 3-жақ | Ол – он | | | | оқушы – он ученик |



АРМАН-ПВ баспасы

*13-кесте. Көпше түрі – множественное число*

| Жақ – Лицо | Мест-я | Соңғы дыбыс – Конечный звук | Жұрнақ – суффикс | Жалғау – окончание | Мысалы – например |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-жақ | Біз – мы | гласные, р, у, й, л | | -мыз / міз | оқушымыз – мы ученики |
| | | м, н, ң ж, з | | -быз / біз | аспазбыз – мы повара<br>ұшқышпыз – мы летчики |
| | | глухие + б, в, г, д | | -пыз / піз | студентпіз – мы студенты |
| 2-жақ | Сендер – вы | | | -сыңдар / сіңдер | оқушысыңдар – вы ученики (все) |
| 2-жақ (сыпайы түрі) | Сіздер – вы | | | сыздар / сіздер | оқушысыздар – вы ученики (все) |
| 3-жақ | Олар – они | | | | оқушы – они ученики |

Отрицательная форма образуется путем прибавления частицы «емес», обозначающее отрицание + личное окончание

**Мысалы:**

Мен кезекші**мін** – я дежурный

Мен кезекші **емеспін** – я не дежурный

Сен кезекші**сің** – ты дежурный

Сен кезекші **емессің** – ты не дежурный

Сіз біріншісіз – Вы первый

Сіз бірінші емессіз – Вы не первый

Ол студент – он студент

Ол студент емес – он не студент

АРМАН-ПВ баспасы

*14-кесте. Септік жалғау (падежные окончания)*

| Септіктер – Падежи | Сұрақтар – Вопросы | Жалғаулар (окончания) после | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | глас-ных | м, н, ң | ж, з | р, у, й, л | б, в, г, д; глухих |
| Атау септік Именительный падеж | Кім? (кто?) Не? (что?) | | | | | |
| Ілік септік Родительный падеж | Кімнің? Ненің? Чей? Чья? Чье? | -ның / нің | | -дың / дің | | -тың / тің |
| Барыс септік Дательно-направительный падеж | Кімге? (кому?) Неге? (чему?) почему?, за чем? Қайда? (куда?) | -ға / ге после 1,2 лица -а / е после 3 лица -на / не | | | | -қа / ке |
| Табыс септік Винительный падеж | Кімді? (кого?) Нені? (что?) | -ны / ні | -ды / ді после 3 лица -н | | | -ты / ті |
| Жатыс септік Местный падеж | Кімде? (у кого?) Неде? (у чего?) Қайда? (где?) Қашан? (когда?) | -да / де после 3 лица -нда / нде | | | | -та / те |
| Шығыс септік Исходный падеж | Кімнен? (от кого?) Неден? (от чего? из чего?) Қайдан? (откуда?) | -дан / ден | -нан / нен после 3 лица | -дан / ден | | -тан / тен |

АРМАН-ПВ баспасы

| Септіктер – Падежи | Сұрақтар – Вопросы | Жалғаулар (окончания) после | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гласных | м, н, ң | ж, з | р, у, й, л | б, в, г, д; глухих |
| Көмектес септік Творительный падеж | Кіммен? (с кем?) Немен? (с чем? чем?) на чем? | -мен | | -бен | -мен | -пен |

*15-кесте. Жіктеу есімдіктердің септелуі (склонение личных местоимений)*

| Жекеше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Мен – Я** | **А.с. Сен – ты** | **А.с. Сіз – Вы** | **А.с. Ол – она/он** |
| І.с. менің – мой, моя, мое | І.с. сенің – твой, твоя, твое | І.с. сіздің – Ваш, Ваша | І.с. оның – его, ее |
| Б.с. маған – мне | Б.с. саған – тебе | Б.с. сізге – Вам | Б.с. оған – ему, ей |
| Т.с. мені – меня | Т.с. сені – тебя | Т.с. сізді – Вас | Т.с. оны – его, ее |
| Ж.с. менде – у меня | Ж.с. сенде – у тебя | Ж.с. сізде – у Вас | Ж.с. онда – у него, у нее |
| Ш.с. менен – от (из) меня | Ш.с. сенен – от (из) тебя | Ш.с. сізден – от (из) Вас | Ш.с. одан – от (из) него, нее |
| К.с. менімен – со мной | Кс. сенімен – с тобой | К.с. сізбен – с Вами | К.с. онымен – с ним, ней |

| Көпше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Біз – мы** | **А.с. Сендер – вы** | **А.с. Сіздер – вы** | **А.с. Олар – они** |
| І.с. біздің – наш, наша, наше | І.с. сен-дердің – ваш (всех) | І.с. сіздердің – ваш | І.с. олардың – их |

| Көпше түрі | | | |
|---|---|---|---|
| **А.с. Біз – мы** | **А.с. Сендер – вы** | **А.с. Сіздер – вы** | **А.с. Олар – они** |
| Б.с. бізге – нам | Б.с. сендерге – вам | Б.с. сіздерге – вам | Б.с. оларға – им |
| Т.с. бізді – нас | Т.с. сендерді – вас | Т.с. сіздерді – вас | Т.с. оларды – их |
| Ж.с. бізде – у нас | Ж.с. сендерде – у вас | Ж.с. сіздерде – у вас | Ж.с. оларда – у них |
| Ш.с. бізден – от нас, из нас | Ш.с. сендерден – от вас, из вас | Ш.с. сіздерден – от вас, из вас | Ш.с. олардан – от них, из них |
| К.с. бізбен – с нами | К.с. сендермен – с вами | К.с. сіздермен – с вами | К.с. олармен – с ними |

***16-кесте.** Қалау рай (желательное наклонение)*

| Түбір + ғы / гі, қы / кі + тәуелдік жалғау+ келеді (келді) | | | |
|---|---|---|---|
| Менің | Бар+ғы+м келеді | Біздің | Бар+ғы+мыз келеді |
| Сенің | Бар+ғы+ң келеді | Сендердің | Бар+ғы+лар+ың келеді |
| Сіздің | Бар+ғы+ңыз келеді | Сіздердің | Бар+ғы+лар+ыңыз келеді |
| Оның | Бар+ғы+сы келеді | Олардың | Бар+ғы+лар+ы келеді |

## Тыңдалым мәтіндері

QR-код арқылы тыңдалым мәтіндерін оқуға және жүктеп алуға болады.

# Пайдаланылған әдебиеттер


1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).
3. Адамбаев Б. Шешендік өнер / Б.Адамбаев. – Алматы, 2019. – 214 б.
4. Ауыз әдебиетінің шағын түрлері (санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер). Бастауыш сынып оқушыларына (6–11 жас) арналған кітап. / Құраст.: Г.А.Кулдыбаева. – Астана, 2023. – 44 б.
5. Ашықбаев Е. Наурыз тойын тойлаймыз // «Білім – шыңы» журналы, 2020.
6. Әбдіқадыров Қ. Қажымұқан. / Қ. Әбдіқадыров. – Астана: Фолиант, 2022. – 288 б.
7. Әлімбаев М. «Аспандағы әпке» өлеңдер жинағы. – 2001.
8. Әуезов М. Абай жолы. 1-том – Алматы: Жазушы, 2004.
9. Байтұрсынұлы А. Оқуға шақыру. Балалар кітапханасы. / Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана, 2023. – 16 б.
10. Бегалин С. Бала Шоқан. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 268 б.
11. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2013.– 456 б.
12. Досжан С. Жақсылық Үшкемпіров кім? / С. Досжан. – Алматы: 2024.– 108 б.
13. Дүйсенбиев А. Үйде жоқ апашым// Балдырған. – 2020.
14. Жаманбалинов М. Алма ағашы: өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар / М. Жаманбалинов – Алматы: Раритет, 2011. – 285 б.
15. Кел, балалар, оқылық! Ы.Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелері. Бастауыш сынып оқушыларына (6–11 жас) арналған кітап. / Құраст.: Э.Н.Исабаева – Астана, 2023. – 52 б.
16. Кенжебаева М.Д. және т.б. Жер. Бәрін білгісі келетін балаларға арналған энциклопедия. / М.Д.Кенжебаева, Б.А.Касенова. – Астана, 2023. – 48 б.
17. Қазақ халқының жұмбақтар жинақтары. – Алматы: Қаз. мем. көркем әдеб. бас. 2000.

18. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.
19. Қастек Б. Қараторғай қырағы (2 томдық таңдамалы шығармалары). – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.
20. Құрманалин М. «Көңіл күнделігі» өлеңдер жинағы, – Алматы: Жазушы, 1987.
21. Мырза Әлі Қ. «Жыл маусымдары» өлеңдер жинағы. 2019.
22. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы, «Зергер» өлеңі, – Алматы: Сардар, 2015.
23. Зайкенова Р. ж.б. Абай. Әдеби-танымдық энциклопедия. Зайкенова Р., Қараева Қ. – Астана, 2022. – 192 б.
24. Русско-казахский словарь. 1-том. – Алматы: Арыс, 2007.
25. Сарсеке М. Феномен. – Астана: Фолиант, 2018. 960 б.
26. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. Алматыкітап, 2009.
27. Тәжібаев Ә. Тәрбиеші: әңгіме/ Ә.Тәжібаев / Алтын бесік. – Алматы: Жазушы, 2003. – 13–14-б.
28. Тұрманжанов Ө. «Төлді қалай шақырады?» өлеңдер жинағы. – 2015.
29. Хрестоматия. «Қарлығаш» оқу-әдістемелік кешені. – Астана, 2012. – 304 б.
30. Ысқабаев Ә. 777 жұмбақ. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 136 б.

## Электрондық дереккөздер

1. https://sozdikqor.kz
2. https://library.mtdi.kz – Мемлекеттік тілді дамыту институты сайты.
3. https://balalaralemi.kz
4. https://baldyrgan.kazgazeta.kz
5. https://el.kz
6. https://abaialemi.kz
7. https://madeniportal.kz
8. https://bilim-all.kz

Арман ПВ баспасы

# Мазмұны

Алғы сөз ... 4

5-БӨЛІМ. ӨНЕР ... 5
49. Өнерлі отбасы – мерейлі отбасы ... 6
50. Би сайысы ... 8
51. Музыкалық аспаптар әлемі ... 11
52. Театрға саяхат ... 13
53. Шешендік өнер ... 15
54. Мектеп музейі ... 17
55. Зергерлік бұйымдар көрмесі ... 20
56. Бейнелеу өнері ... 23
57. Сәулет өнері ... 26
58. Қолданбалы өнер ... 28
59. Ою-өрнек құрастырамыз ... 31
60. Әжемнің кілемі әдемі ... 33
61–62. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ... 35

6-БӨЛІМ. АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР ... 37
63. Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ұстаз ... 38
64. «Бақша ағаштары» әңгімесі ... 40
65. Абай – дара, Абай – дана ... 42
66. Абай – аудармашы ... 44
67. Мұхтар Әуезов «Бала Абай» ... 46
68. Ахмет Байтұрсынұлы ... 48
69. Шоқан мен өнерлі бала Мысық ... 50
70. Дара тұлға – Әбу Насыр әл-Фараби ... 52
71. Қазақтың Қанышы ... 54
72. Құрманғазы – күй атасы ... 56
73. Домбырашы қыз – Дина ... 58
74. Қазақтың бұлбұлы – Бибігүл Төлегенова ... 60

Арман-ПВ баспасы

75. Қажымұқан ........ 62
76. Әлем таныған балуан ........ 65
77–78. Қайталау. Нәтиже сабақ ........ 67

7-БӨЛІМ. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ ........ 69
79. Жаңбырдың пайдасы ........ 70
80. Көл ........ 73
81. Алакөл – табиғаттың құпиясы ........ 75
82. Өзен ........ 77
83. Бұлақ ........ 79
84. Ауылда ........ 81
85. Өзенге қоқыс тастауға болмайды! ........ 83
86. Гүлге су құййық! ........ 85
87. Суды үнемдеу ........ 87
88. Табиғаттағы су айналымы ........ 89
89–90. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ........ 91

8-БӨЛІМ. ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР ........ 93
91. Демалыс мәдениеті ........ 94
92. Демал да еңбектен! ........ 96
93. Біз саяжайда демаламыз ........ 98
94. Көктем мерекелері ........ 101
95. Ең әдемі мереке ........ 104
96. Бір шаңырақ астында ........ 107
97. Отан қорғаушылар күні ........ 109
98. 9 мамыр – Жеңіс күні ........ 111
99. Жазғы демалыс ........ 114
100. Қызықты жаз ........ 117
101–102. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ........ 120
Сөздік – словарь ........ 122
Грамматикалық қосымшалар ........ 128
Пайдаланылған әдебиеттер ........ 139

Арман-ПВ баспасы

*Оқулық басылым*

**Бахытгуль Касымбаевна Капасова**
**Бакиткуль Темирболатовна Шукоева**
**Маншук Мырзаевна Кабасова**
**Асимгуль Маратовна Омарова**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ
## 2-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық
(оқыту қазақ тілінде емес)

**Күйді орындаған** Д.Нұртазин
**Мәтінді оқығандар** Г.Омарова, Э.Исабаева, А.Лепесбаев

**Бас редакторы** А.Бекболатова
**Редакторы** Т.Базарханова
**Техникалық редакторы** В.Бондарев
**Көркемдеуші редакторы** И.Кипчакбаева
**Бильд редакторы** А.Умбетқалиева
**Видеомейкер** А.Байдолданова
**Арт-директоры** О.Подопригора
**Суретшісі** Д.Туранская
**Беттегендер** Г.Илишева, Л.Костина, С.Сулейменова

АРМАН-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

**Біздің мекенжайларымыз:**
Астана қ., 4-ы/а, 2 үй, 55 пәтер.
Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.
Тел.: 8 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Теруге 22.10.25 берілді. Басуға 21.07.26 қол қойылды.
Пішімі 70 x100 $^1/_{16}$ . Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Mekteptik». Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 11,61. Таралымы 2500 дана.
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

**Артикул 803-008-002к-26**